

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**НҰРМҰХАМЕТОВА Р.Ә.
БАЯРЫСТАНОВА Э.Т.**

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА

Ақтау, 2010

УДК 371 (072)
ББК 74.6
Н 86

Пікір жазғандар:

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Сағындықова Э.Ө.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Стамғалиева Н.К.

Нұрмұхаметова Р.Ө., Баярыстанова Э.Т.

Н 86 Әлеуметтік педагогика: Оқу құралы. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010. – 79 бет.

ISBN 978-601-7276-24-9

Оқу құралында әлеуметтік педагогиканың ғылым ретінде пайда болуы мен дамуы, оның дамуына үлес қосқан педагогтар, шет елдердегі әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру жолдары, әр жас кезеңіндегі әлеуметтендіру жұмысы, девиацияға ұшыраған балалар, оларға көмектесу жолдары қарастырылған.

Оқу құралы орта арнаулы және жоғары оқу орындарының педагогтары мен студенттеріне арналған.

ББК 74.6

УДК 371 (072)

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БЖҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған.

Хаттама №12, 08.12.2010 ж.

ISBN 978-601-7276-24-9

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

Мазмұны

Кіріспе	4
Әлеуметтік педагогика пәні	6
Тұлғаны әлеуметтік қалыптастыру	16
Адамды әлеуметтендіруге ықпал жасаушы факторлар	23
Әлеуметтік педагогиканың ғылым ретіндегі принциптері	39
Әлеуметтік ауытқулар, олардың себептері	42
Әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудағы шетелдік тәжірибелер	47
Отбасы – тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың әлеуметтік мәдени ортасы	50
Жас ұрпаққа әлеуметтік тәрбие берудегі отбасының орны	60
Ауытқулар мен нормалар	64
Өзін-өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары	66
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	67
Қосымша	68

Кіріспе

Оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге бейімделе отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған қоғамда танымдық қызығушылығы, біліктілігі жоғары, белсенді азамат тәрбиелеу талабы бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктеуде.

Жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты тәрбиелік процестің тұтастығын тұрақтандыруға назар аударады. Осыған орай, тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің ортақ мақсатқа жетуге бағытталған өзара тиімді әрекеті, яғни ынтымақтастығы деуге болады.

Тәрбиенің мақсаты – қоғамды ізгілендіру мен демократияландыру үрдістеріне, нарықтық қатынастарға, жалпыадамзаттық құндылықтарға және тәрбиенің осы заманғы теориясына сүйенумен, Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін есепке алумен, өзінің ішкі мүмкіндігін өздігінен толық пайдалануға даяр, белсенді, іскер, қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін мойындайтын, белсенді, сонымен бірге қайырымды және тапқыр, қоғамдық талаптарға икем, жеке басының мүдделерін қоғамдық мүддемен ұштастыруға қабілетті, жеке басының құнын бағалай білуші, жоғары ойлы, адал, ұлттық санасы ояңған, басқа да ізгі қасиеттері жетілген, мәдениетті азамат тәрбиелеу. Осыған орай Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогика пәні оқу бағдарламасына енгізілген және ол базалық пән болып табылады. Ол «педагогика және психология» мамандығы бойынша бакалаврлардың жалпы кәсіби даярлығының елеулі бөлігі. Себебі, әлеуметтік-педагогикалық элемент болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекеті элементтерінің бірі.

Бұл пәнді оқыту – студенттердің өзінің кәсіби іс-әрекетінің әлеуметтік-педагогикалық құрамасын жүзеге асыру үшін қоғамның әлеуметтік проблемаларының педагогикалық аспектілерін игеру мақсатын көздейді.

Әлеуметтік педагогика пәнін оқып үйрену барысында студент төмендегі біліктер мен дағдыларды меңгеруі керек:

- әлеуметтік – педагогикалық тәжірибенің теориялық қолданбалы проблемаларын ұғыну және аналитикалық баға беру;
- ағымдағы басылымдардың және бастаулардың материалдарын өз-бетімен талдауды жүзеге асыруды;
- әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің міндеттерін семья, әр жастағы балалар сияқты түрлі категориялармен жүзеге асырудың тиімді жолдарын негіздеуі;
- сәйкес технологияны таңдап алу үшін семьяны, мектепті, қиын балаларды, жас өспірімдерді, формальді емес бірлестіктерін әлеуметтік педагогикалық зерттеудің әдістемесін жасауды және қолдануды;
- өзінің тәрбиелік, диагностикалық, алдын алу, ұйымдастыру, коммуникативтік дағдыларымен біліктерін жетілдіру үшін игерілген теориялық білімдерді тәжірибеде пайдалануы.

«Әлеуметтік педагогикадан» бұрын «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Педагогика» пәндері оқытылады. Бұл пәндер студенттер бойында түрлі

жастағы балаларды дамытудың, тәрбиелеудің, оқытудың теориялық әдіснамалық негіздерін қалайды, студенттерде кәсіби бағытталған және дағдыларын жетілдіруге қажеттігін қалыптастырады.

«Этнопедагогика» және «Педагогика тарихы» іргелес пәндер болып табылады. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетте оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны әлеуметтендірудің ұлттық ерекшеліктерін есепке алу қажет. Бұл білімдерді студенттер «Этнопедагогика» пәнін оқу барысында игереді.

Нақты қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік жағдайларын есепке ала отырып түрлі кезеңдерде педагогиканың, соның ішінде әлеуметтік педагогиканың ғылым және тәрбие ретінде шығуы мен дамуының тарихын студенттер «Педагогика тарихы» курсына оқиды.

Студенттердің негізгі тәрбиелік тәжірибе біліктері мен дағдылары «Тәрбие жұмысының әдістемесі » курсына меңгеру процесінде қалыптасады. Студенттердің ұйымдастырушылық, коммуникативтік, аналитикалық, рефлексивтік, перцептивтік білімдері мен дағдылары «Педагогикалық шеберлік» курсына өтуде бекиді.

1 – дәрісбаян

Тақырыбы: Әлеуметтік педагогика пәні

1. Әлеуметтік педагогика пәні, ғылым ретінде пайда болуы мен дамуы
2. Әлеуметтік педагогика пәнінің міндеті, негізгі түсініктері
3. Әлеуметтік педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы, құрамдас бөліктері

1. Әлеуметтік педагогика пәні, ғылым ретінде пайда болуы мен дамуы

Әлеуметтік педагогика пәні - әлеуметтік қажеттілікке, емдеуге, әлеуметтендіруге байланысты біріккен жеке адамды, топты оқыту мен тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесі. «Әлеуметтік педагогика» терминін ХІХ ғасырдың ортасында неміс педагогы Карл Магер енгізді, бірақ бұл термин ХХ ғасырдың басында ғана жаппай қолданыла бастады. Педагогика оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәрбие теориясы мен әдістемесі ретінде пайда болып, дамыды. ХVІІІ ғасырдың аяғында жеке тұлғаның дамуының бір кезеңі ретінде ерте жеткіншектік шақ бөлініп қарастырылып, жеткіншек ұл балалар мен қыздар педагогиканың зерттеу объектісіне айналды. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қоғамдық тәрбие жүйесі мен педагогиканың мазмұндық ауқымы кеңейе түсті.

- біріншіден жастар мен ересек жастағы адамдардың тәрбиесі;
- екіншіден әр түрлі жастағы (барлық жас қамтылған) адамдарды қайта тәрбиелеу және бейімдеу;

Бұл тапсырыс Европа мен Америкадағы социомәдениет үрдісіне байланысты болды. Осы кезеңде жаңадан пайда болған вакуумды толтыру қажеттігі туындап, кейбір педагогтар әлеуметтік педагогика сұрақтарымен айналысыпты.

Бұл жерде неліктен педагогика ғылымының жаңа бөлімі қажет болды? деген сұрақ туындауы мүмкін. Енді бұл сұраққа жауап беріп көрейік: біріншіден үлкендер педагогикасы – андрогогика әлі күнге дейін үлкендерге білім беру мәселесімен айналысады. Кейінгі онжылдықтары андрогогикадан қарттарға білім беру мәселесінің түрлерімен айналысатын герогогика (қарттар педагогикасы) бөлініп шықты.

Екіншіден қиын балалар мен үлкендердің мәселесімен айналысқан, ХІХ ғасырдың аяғында балаларды және жас жеткіншектерді қайта тәрбиелеу, сол сияқты түзету педагогикасы пайда болып, ХХ ғасыр бойына қалыптасты. Дегенмен дәстүрлі педагогика әлеуметтік тапсырысты қанағаттандыра алмады, себебі, педагогиканың әрбір санасының өз зерттеу объектісі бар.

Неміс ғалымы Пауль Наторп әлеуметтік педагогика халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында қоғамның тәрбие күшінің бірлігі мәселесін зерттейді деп есептейді.

Ресейде әлеуметтік педагогика ХІХ ғасырдың аяғында пайда болып, ХХ ғасырдың 20 жылдары мектеп пен өмірді және әлеуметтік ортамен байланыстыру негізінде жүзеге асырылып отырады. Бұл идеяны Ресей педагогы С.Т.Шацкий теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық тұрғыдан жүзеге асырды. Дегенмен жалпылай тәжірибеде қарапайым түрде қарастырылады.

Әлеуметтік педагогика педагогика ғылымдарының бір саласы ретінде адамдар, топтар, ұжымдар арасындағы әлеуметтік қарым қатынас заңдылықтары мен іс - әрекет барысындағы мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеумен де айналысады.

Кеңес дәуірінде «әлеуметтік педагогика» деген ұғым болған жоқ. Ал, педагогикалық энциклопедияда (1968) «әлеуметтік педагогика буржуазиялық педагогиканың бір бағыты ретінде әлеуметтік – педагогикалық мәселелердің шегін зерттеумен айналысады», - делінген.

Дегенмен, жеке адамға білім беру мен оны тәрбиелеу қоғаммен, қоғам заңдылықтарымен тығыз байланысты.

Әлеуметтік – педагогикалық ойлар мен тәжірибе өз дамуында әр түрлі кезеңдерден өтті.

Ерте Шығыстағы (Месопотомия, Египет, Индия, Қытай) тәрбие мен білім беру саласының дамуы б.э.д. III мыңжылдығында Шумер, Вавилон, Ассирия сияқты мемлекеттердің қалалары пайда болып, онда патриархалды – отбасы тәрбиесі дәстүрлі дамыды. Вавилондық царь Хаммурапидің (б.э.д. 1792-1750) заңы бойынша тәрбие ата – ананың міндеті болып есептелініп, ұлын өмірге даярлап, кәсіпке үйретуге әкесі жауап беретін болды. Кейінірек тәрбие қоғамның әлеуметтік қызметі ретінде бөлек бөлініп шықты.

Египетте тәрбие мемлекеттің қажеттілігіне сай дамыды, ал білім елдің саяси жүйесін көсету құралы ретінде болды. Ертедегі Египетте дәстүрлі отбасы тәрбиесінің негізінде чиновниктерді даярлау тәжірибесі алынды. Тәжірибелі әкімшілік қызметкер өзіне «ұл» қылып бірнеше жас жеткіншектерді алып, басқару технологиясына, құжаттарды толтыруға үйретіп, адамгершілік және діни танымдармен таныстырды. Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі, бай адамдардың балалары тақ мұрагерімен бірге хан сарайында тәрбиеленді. Балаларға көбіне дене тәрбиесі және әскери жаттығулар және сарай тәртібі мен мінез – құлық ережелері үйретілді. Б.э.д. XVI ғасырдың орта хандық дәуірінде Египетте жаңа мемлекеттер пайда болды. Онда оқушылар білім деңгейі мен жас кезеңіне қарай топтарға бөлінді. Осы кезеңнен бастап Египетте білім берудің негізгі мақсаты: әлеуметтік жоғары деңгейге жету болды.

Ертедегі Египетте мектептегі білім беру жүйесі екі деңгейлі болды. Оның біріншісіне балалар оқу және жазу дағдысын меңгеретін қарапайым мектеп жатса, екіншісін жеткіншектердің мұғалімдерге «көмекші» болуы құрады. Ерте египеттік білім беру оқушылық және отбасылық тәрбие дәстүрін сақтап, мұғалімдерді «әке» деп, оқушыларды «ұлым» деп атады. Мектепте оқушыларды мәдениеттілікке, шешендікке, басқаларды тыңдай білуге үйретті.

Ертедегі үнді тарихы негізгі екі кезеңге бөлініп, олар дравидтік-арийстік және буддийстік деп аталынды. Тәрбиелеу мен білім берудің бірінші кезеңі отбасылық сословиялық сипатта болды. Мектептік білім б.э.д. II-ші мыңжылдықтары пайда болды. Тәрбие мен білім дамуының негізгі факторы брахманизмнің діни саясаты индуизм болды. Индуизм – бұл тек дін ғана емес, өмірге деген көзқарас, этникалық ереже мен әлеуметтік жүйе, мерекелер мен салт –дәстүрлердің бірлігі болды.

Ертедегі үнді тарихының екінші кезеңіндегі тәрбиеге діни-философиялық ілім-буддизм әсер етті. Буддиялық мораль адамдардың туғаннан бірдей болуын және өтірік, ұрлық, зорлық зомбылық, ішімдіктен аулақ болуын қалады.

Ертедегі Қытайда білім беру мен тәрбиелеу жөнінде құнды тәжірибе жинақталып, педагогикалық ойдың дамуына ерекше әсер етті. Мұнда б.э.д. VI ғасырда бірінші философиялық бағыттар қалыптасты. Соның ішінде негізінен белгілі болған конфуцианизм және даосизмді атауға болады. Осы уақытқа дейін Қытайда жинақталған педагогикалық бай тәжірибенің ары қарай дамуына б.э.д. 419-551 жылдары өмір сүрген Қытай ойшылы Конфуцияның қосқан үлесі зор болды. Ол табиғатынан қоғамдағы адамдардың мүмкіндіктері бірдей емес деп есептеп, қоғамдағы адамдардың 4 категориясын бөліп қарастырды.

1 категорияға тәңір берген жетілген ақылдылық иесін (совершенномудрее) жатқызса, 2 категорияға – оқу арқылы білім алатын адамдарды жатқызады.

3 категорияға қиындыққа қарамастан оқитын, білім алатын адамдар жатады деп есептеді.

4 категорияға білімді қабылдай алмайтын қарапайым халық жатқызылады.

Конфуций тәрбиешіге білімін үнемі жетілдіру, оқуға ынтасы бар адамдарды оқыту, қиындыққа кездескендерге көмек көрсету сияқты талаптар қойды. Сонымен қатар оқушылармен жеке жұмыс жүргізу оқушы мен мұғалім арасында тығыз байланыстың болуын талап етті. Қорыта келе ертедегі Қытайда педагогикалық ойдың дамуына үлес қосқан педагогтардың бірі болғанын атап кеткен жөн. Антикалық әлемде Батыстағы әлеуметтік тәрбиеге байланысты кезең «мәдени төңкеріс» деп аталды. Шығыстағы әлеуметтік мәдени қозғалыстан айырмашылығы, Батыста діни – философиялық сипат болмады. Мұндай өзгерістер ертедегі грек мемлекеттерінде байқалды. Онда тәрбие дәстүрі негізгі екі: спартандық тәрбие жүйесі және афиналық тәрбие жүйесіне сүйеніп жүргізілді. Спартада тәрбие міндетті жалпыға бірдей, жоғары нәтижелі, мемлекеттің саяси әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста болды. Спартандық тәрбие жүйесі адамдарды әлеуметтік топтың қажеттілігіне бағындыру мақсатында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында жүргізілді. Балаларды 7 жастан бастап әскери орындар мен жаттығуларды орындауға, дене дайындығына үйретті. Оларды суыққа, ыссыға, аштыққа, ауруға шыдамды болуға тәрбиеледі.

Спартандықтардың интеллектуалдық тәрбиесі тар көлемде жүргізіліп, оқуға жазуға үйрету өте кеш жүргізілді.

Спарталық тәрбиеге қарама қарсы Афиныда демократиялық қоғамдық құрылыс болды. Онда ақыл – ой, дене тәрбиесі, көркемдік және адамгершілік тәрбиелі кешенді жүргізілді. Бостандық сұлулық, жан жақты тәрбиелік сияқты сапалар Афиныда қалыптастырылды. Өзінің азаматтық міндетін абыроймен атқаратын, қоғамдық, жеке бастық, ұжымдық талаптарды ұштастыра алатын адам Афиналық тәрбиенің идеалы болып табылады.

Ертедегі Римдегі тәрбие бірнеше кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең – анық белгіленген тәжірибелік сипатта болды. Бұл үрдісте отбасы маңызды әлеуметтік институт ретінде ерекше роль атқарды. Отбасы тәрбиесінің басты мақсаты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру

болды. Отбасындағы үстемдік әкеге берілді. Ол баланың моральдық тәрбиесі мен дене дамуына жауапты болды. Отбасында ата-баба мұраларын, ұлттық батырларды сыйлап, қадір тұтуға тәрбиеленеді. Ата ананы сыйлауға, үлкендерді құрметтеуге отанын сүйуге тәрбиелеу қатал қадағаланды.

Екінші кезең – Римнің Грецияны жаулап алуымен байланысты афиналық мәдениет ерекшеленіп көзге түсіп, философияны әдебиетті меңгеру қабылданды. Элминдік дәстүр әсері негізінде педагогикалық ойлар дамып жетілді. Мәселен, Сенеке өзінің «Моральдық тақырыптардағы хаттар» (Письма на моральные темы), «Луцилияға адамгершілік хаттар» (Нравственные письма к луцилию) атты еңбектерінде адамгершілік тәрбиесінің маңызын ашты. Квинтилианның 12 трактаттарының ішіндегі «Ұл баланы үйде тәрбиелеу» және «Риторикалық білім беру туралы» атты еңбектері тәрбиеге байланысты пікірлерді жетілдіруде құнды деп атауға болды.

Ертехристиандық қоғамдардың пайда болуы **үшінші кезеңнің** дамуына әкеліп соқты. Бұл кезеңдегі тәрбие дінге негізделіп, христиандық мектептің жетекшісі Климент Александрийский болды. Ол кейінгі уақытқа дейінгі жеткен «педагог» кітабының авторы. Ол адам білімді болумен қатар, діни сезімді меңгеру керек деп есептеді. Ертехристиандық ойшылдардың ішінен ерекше көзге түскен Иоанн Златоуст пен Августин Аврелийді атауға болады. Жалпы антикалық кезеңде әр жас кезеңіндегі адамдарға қоғам және мемлекет тарапынан әлеуметтік тәрбиелі тұрғыдан әсер ету бағыты болды.

Орта ғасырдағы әлеуметтік тәрбие мәселесі Византиямен байланысты. Византия өзінің географиялық орналасуына байланысты Шығыс пен Батысты байланыстырушы дәнекер болды. Византиядағы мәдениет пен ағарту жұмысының дамуын бірнеше кезеңге бөлді.

IV – IX ғасыр аралығындағы бірінші кезеңде адамгершіліктік және дүниетанымдық негізі қаланды.

IX-XII ғасыр аралығындағы екінші кезеңде ағарту жұмыстары мен мәдениет саласында өзгерістер енгенімен, оның барлығы грек тілінде жүзеге асырылып отырды.

XIII-XV ғасыр аралығында үшінші кезең Византияда батыстың әсерінің күшеюімен сипатталады. Бірақ бұл кезеңде де мәдениет пен тәрбие грек тілінде жүргізілді. Византия империясында отбасы тәрбиесіне ерекше көңіл аударылып, әкесі баласын кәсіпке баулыса, шешесі қызын үй шаруашылығына баулыды. Византия мектептеріндегі білімге әлеуметтік шектеу қойылмады.

Орта ғасырдағы Шығыстағы тәрбие жүйесі отбасы тәрбиесіне негізделді. Бала тәрбиесімен әкесі айналысты. Осы кезеңдегі Ислам тәрбиесі қыз бала мен ұл балаға тәрбиені бөлек берумен ерекшеленді. Қайта өрлеу дәуіріндегі әлеуметтік педагогикалық идея гуманистік көзқарасқа бағытталды. Жер бетіндегі негізгі құндылыққа адамды жатқызып, адам тәрбиесін қоғамдағы өзгерістермен, оның дамуымен байланыстырды. Бұл кезеңдегі педагогикалық ойдың негізгі түйіні баланы жан жақты дамыту, яғни ақыл ой, адамгершілік, дене тәрбиесін кешенді ұйымдастыру болды. Сонымен қатар тәрбие барысында баланың жеке және табиғи ерекшеліктерін ескерту қарастырылды.

XIX ғасырда Батыс Европа елдерінде орта білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болып, ол шынайы, практикалық бағыттағы білім берудегі ой-пікірлердің таралуында, әсіресе, XIX ғасырдың ортасында герман мемлекеттерінде филонтропистердің педагогикалық идеяларында (И.Б.Базедов т.б.) көрініс тапты. Олардың пікірінше мектептің басты міндеті – жағымды және жоғары адамгершілікті қоғам мүшелерін тәрбиелеу болу керек және олар өмірдің әр түрлі сферасында практикалық іс-әрекетке дайын болуы қажет.

Осы кезеңде педагогиканың дамуына «Классикалық неміс философиясының өкілдері» елеулі үлес қосты. Э.Канттың пікірінше «адамның адам болуы тәрбиеден». Ол жоғарыда аталып отырған еңбегінде баланы жабайы жануарлардың жағдайынан бөліп қарастыратын тәрбиенің әлеуметтік қажеттілігін баса көрсетті.

И.Б.Базедовтың филонтропиялық пікірінің әлеуметтік маңыздылығына алғашқылардың бірі болып Э.Кант баға берді. Э.Кант «Антропология с прагматической точки зрения» атты еңбегінде әлеуметтік педагогиканың маңызды мәселелеріне тоқтала отырып, «...тәрбиенің негізгі міндеті - әлеуметтік тәртіпке тәрбиелеу, дағдыны игеру, мәдениетке баулу, моральдық тәрбие беру», - деп есептеді.

Ф. Шлейермахер тәрбиені ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасты жалғастырушы ретінде қарастыра отырып, тәрбиенің әлеуметтік маңыздылығына үлкен мән берсе, Г.Гегель «Адамның адамдығы тәрбиеге байланысты, себебі тұлға қоршаған ортамен өзара әрекеттескенде қалыптасады, ал тәрбие арқылы ол мәдениетке, социумға белсенді араласады», - деп есептеді. Сондай-ақ, Г.Гегель: «...тәрбие мен білім беру индивидті қоғамда және мемлекетте субъективті сферадан объективті сфераға шығаруға бағытталуы керек, сондай-ақ тәрбиенің басты міндеттерінің бірі баланың өзіндік құндылығын сезінуді қалыптастыру», - деп пайымдады. Дегенмен ол, қажет болса, оқушыларды жазалауға да болады деп есептеді. Г.Гегель отбасы мен мемлекетті балалар бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың әлеуметтік формасы ретінде қарастыра отырып, тәрбиені мемлекеттік етуді жақтап, оны бастауыш мектеп, гимназия, университет жүзеге асыруы тиіс деп есептеді. Ал шіркеуді әлеуметтік институт ретінде қарастыра отырып, балаға тәрбие мен білім беруде оның маңызды орын екенін атап өтті. Баланың дамуында басты рольді ортамен тәрбие алатындығын социал – утопистер де мойындады. Жеке тұлғаның жарасымды дамуы мен қалыптасуында өндірістік еңбек пен қоғамдық жұмысқа балаларды үйретудің маңыздылығына үлкен мән берді. Социал – утопистер қоғамдық тәрбиенің мемлекеттік экономикалық даму жағдайына байланысты екендігі жөніндегі пікірлерін жүйелі түрде білдіріп отырып, негізгі әлеуметтік міндет ретінде бала бойында мораль негіздері мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруды қойды. Мәселен Ш.Фурье баланың жеке тұлға ретінде адамгершілік тәрбиелілігінің, яғни, жолдастық, достық, мейірімділік, қайырымдылық сияқты сезімдері мен әділетті болу, қоғамға қалтқысыз еңбек ету т.б. қасиеттері ұжымда дамиды деп есептеді. Шынайы адамгершілікті адам болып қалыптасудағы дұрыс ұйымдастырылған ақыл-ой, эстетикалық және дене тәрбиесінің маңызына

ерекше тоқталды. К.Маркс, Ф.Энгельс тәрбие мен білім беруді таптық күреске қажетті байланыс ретінде қарастырды. Олар сондай – ақ адам тек орта мен жағдайдың тәрбие өнімі емес, барлық қоғамдық қатынастардың өнімі деп есептеді. 19 ғасырдың ортасындағы О.Конт, Дж.Милль, Г.Спенсер сияқты ағартушылар қоғам дамуына байланысты әлеуметтік фактор ретінде тәрбие жоғары мәнге ие болады деп есептеді. Педагогикалық ой пікірдің дамуына үлес қосқандардың бірі И.Г.Песталоцци. И.Г.Песталоцци тәрбиені әлеуметтік үрдіс ретінде түсіне білді. Бірақ ол еңбекшілердің тұрмысын оларға білім берумен, тәрбие берумен жақсы жолға қоюға болады деп қате түсінді. Адамдардың әлеуметтік және праволық теңсіздігінің себебі сол қоғамдағы қоғамдық қатынастың нәтижесі екенін ол түсінбеді. Халықтың кедейлігінің себебін экономикалық жағдайдан емес, оның қараңғылығынан көрді.

Ф.Фребель өзінің әйгілі «Адамды тәрбиелеу» атты педагогикалық еңбегінде адамның ішкі әлемінің диалектикалық түрде сыртқа айналатынына ерекше көңіл бөлді. Тәрбие мен білім беру жұмысы барлық жастағылар үшін педагогикалық мекемелерде жүйелі іске асырылуы керектігін қарастырды.

19 ғасырда әлеуметтік педагогика ғылым ретінде қалыптасты. «Әлеуметтік педагогика» терминін алғаш А.Дистерверг енгізген болып саналады, дегенмен кейбір зерттеушілер әлеуметтік педагогиканың қалыптасуына неміс философы П.Наторп зор үлес қосып, алғаш «Әлеуметтік педагогика» терминін енгізген деген пікір айтуда. П.Наторптың негізгі педагогикалық еңбегі «Әлеуметтік педагогика» 1898 жылы жарық көрді. Алғашқы 2 бөлімі автордың дүниетанымдық көзқарасын неоканттық көзқараста философиялық пайымдаудан тұрады. Алғашқы 2 бөлімі - бұл этика жүйесі яғни мұны бір уақытта әлеуметтік философия ретінде қарастыруға болады, себебі Наторп мұнда әлеуметтік даму заңын, техникамен өзара байланысты, құқық, шаруашылық қоғамдық идеал және т.б мәселерді қарастырады. Үшінші бөлімді Наторп отбасы тәрбиесі теориясына, мектеп теориясы және «еркін өзін - өзі тәрбиелеу» теориясына арнады. Оның дәлелдеуінше: адам мен қоғам тұтас алғанда бір заңмен дамиды. Сондықтан П.Наторптың «Әлеуметтік педагогикаға» берген анықтамалары халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында қоғамның тәрбие күштерін интеграциялау мәселеріне арналды. Әлеуметтік өмірдің басты компоненттері ретінде ол еңбекті пен саяси құқықты ұйымдастыруды және білім беруді ұйымдастыруды қарастырды. Прогрестің басты факторы П.Наторп бойынша жекелеген адамдар мен барлық «қоғамның» тұтастай «сана прогресі» болып табылады. Ерікті тәрбиелеу Наторп пікірінше педагогтың басты міндеттерінің бірі болуы керек. Наторп адам ерік – жігерінің даму сатыларын және сол сатыларға сәйкес тәрбиенің үш типін: отбасы тәрбиесі, мектеп тәрбиесі, өзін - өзі тәрбиелеу типтерін көрсетеді.

Жалпы алғанда XIX ғасыр педагогтары мектеп пен тәрбиенің функцияларының өскендігін атап өтумен қатар, мемлекеттік білім беру жүйесін қолдады.

Сонымен, ғасырдың аяғына таман педагогиканың бір саласы ретінде барлық жастағы және әлеуметтік жағдайдағы адамдардың әлеуметтік тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік педагогика қалыптасты.

2. Әлеуметтік педагогика пәнінің міндеттері, негізгі түсініктері

Әлеуметтік педагогика пәнін оқып үйренуде төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- тұлғаны әлеуметтендіру процесінің педагогикалық аспектісіндегі ғылыми білімдерді қалыптастыру;
- әлеуметтендірудің негізгі институттарының әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетінің сипаты және ерекшелігі жайлы теориялық және практикалық білімдерді студенттердің меңгеруін қамтамасыз ету;
- тұлғамен социумда әлеуметтік педагогикалық жұмыстың практикалық біліктері мен дағдыларын студенттерде қалыптастыру.

-мейірімділік, әділеттілік, басқа адамдарды түсінушілік жолдарына және барлық тірі дүниеге сүйіспеншілік түсінігін бала санасына тәрбиелеу.

1) Өмірдің мақсаты мен міндеттерін қоршаған адамдармен қарым – қатынас жасауға үйрету, қиындықтан өз бетінде шыға білу дағдыландыру.

2) Адамдарды оның физиологиялық және рухани ерекшелігін, қоғамдағы міндеттері мен құқықтарын қоршаған ортаны танып – білуге құштарлығын дамыту.

3) Өзіне деген сенімділік пен өз мүмкіндіктерін сезінуді дамыту.

4) Кішкене және үлкен топтармен, жолдастарымен, отбасы мүшелерімен, сыныптас және жұмыстас құрдастарымен, адамдармен келіспеушілікті өз бетінше жоюға.

Қазіргі заманға сай тенденциялардың бірі гуманитарлық конверсия болып табылады. Ол – адам, оның мәдениеті, даму деңгейі және адамға тән қасиеттері қоғамдық және тарихи прогресстің мақсаты болуымен ерекшеленеді.

Кейінгі кезде қоғамдық өмірдің барлығына дерлік гуманистік бағыт берудің қажеттілігі мен ондағы адамның жоғары құндылық ретіндегі ролі және адамдық фактор жөнінде көп айтылып жүр. Басқаша айтқанда адамның объективті-мақсатты маңыздылығының (индивид, тұлға, жеке тұлға) артқандығын көруге болады. Осы уақытқа дейін терең мән беріліп келген техникалық прогресс, экономика мен ғылымның дамуы өз бетінше құнды бола алмай отыр. Себебі, бүгінгі күні техникадағы, экономика мен ғылымдағы жетістіктер «кім үшін және адамға қандай пайдасы бар?» деген сұрақтар жиі қойылуда. Барлық қоғамдық прогреске қоғамдық құндылықтың тән екені даусыз. Бірақ, мәселе, оның қоғамдық маңызының қандай екендігі мен адамға қоғам мүшесі ретінде не беретіндігі жөнінде.

Сондықтан тарихи үрдістегі субъект ретіндегі адамның роліне терең мән беріліп, қоғам адам құндылығын тарихи үрдістің субъектісі ретінде тани бастады.

Қазіргі таңда қоғам гуманистік тенденцияларды қалыптастырумен ғана шектеліп қоймайды, сол тенденцияларды мақсатты жетілдіруді, яғни тұтас гуманистік концепцияларды құруды және қоғамда әлеуметтік механизмдар мен әлеуметтендіру технологияларын құру арқылы жүзеге асыруды қажет етеді. Ал, бұл концепциялар, әрбір адамды субъектке айналдырумен қатар, өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі жетілдіруді қамтамасыз етеді. Аталып отырған міндеттердің орындалуында әлеуметтік педагогика пәнінің маңызы зор. Мықты

орнығып келе жатқан гуманистік бағыт философия, педагогика, психология, әлеуметтану, әлеуметтік психология сияқты дәстүрлі гуманитарлық ғылымдардың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін жаңа тұрғыдан қайта қарауды қарастырады. Барлық қоғамдық прогреске қоғамдық құндылықтың тән екені даусыз. Бірақ, мәселе, оның қоғамдық маңызының қандай екендігі мен адамға қоғам мүшесі ретінде не беретіндігі жөнінде.

Себебі, аталған ғылымдардың өзіндік ерекшеліктері жеке тұлғаны әлеуметтендіру концепцияларын толық жүзеге асыруды шектейді. Мұндай қиыншылықтарды жаңа пәнаралық ғылым - әлеуметтік педагогика жүзеге асырады және қазіргі таңда әлеуметтік педагогиканың пайда болуы мен қажеттігі анық байқалуда. Оны логикалық байланысы бар төмендегідей звено ретінде көрсетуге болады:

- қоғам дамуындағы адамның объект және субъект ретіндегі жоғары құндылығын мойындау;
- қоғамның жеке тұлғаны әлеуметтендірудің көп аспектілі және бағалы екенін түсінуі;
- әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің маңызын түсіну;
- әлеуметтік педагогиканы ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан қабылдау.

Сондай-ақ, әр түрлі әлеуметтік тәжірибе көрсеткендей адам субъект ретінде қатысып отырған қоғамдық өмірдің қай саласы болмасын әлеуметтік-психологиялық сипаттағы әлеуметтік тапсырысты орындауға дайын. Осындай тапсырыстардың ішінен түрлі әлеуметтік-педагогикалық технологияларды, аймақтық білім беру бағдарламаларын даярлау және әлеуметтік қызмет көрсету жүйелері арқылы халыққа әлеуметтік көмек көрсету жұмыстары жиі кездеседі.

Айта кету керек, әлеуметтік-педагогикалық мәселелер мен олардың шешімін табу жұмыстары қоғам дамуының кезеңдерінде пайда болып дамып отырды. Әлеуметтік педагогиканың ғылым ретінде және практикалық пән ретінде даму тарихы бар.

Әлеуметтік педагогиканың ғылым ретінде негізгі түсініктері бар. **Олар:**

Әлеуметтік тәрбие – бұл «адам – адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер тарапынан жүргізілетін жұмыс мазмұны.

Әлеуметтік тәрбие проблемаларын әлеуметтік педагогика зерттейді. Оның пәні - тұлғаны қалыптастыруға ықпал жасайтын қоршаған орта заңдылықтары. Дәлірек айтсақ, отбасы, ресми ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, діни руханият мекемелерінің қоғам мүшелеріне жасайтын әсерлері сарапталады.

Әлеуметтік жұмыстар – адам мен адамның қайырымдылық қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс - әрекет құбылысы.

Бұның бастауы ежелгі дүниеден келе жатқан қайырымдылық пен борышты сезінуден, қасіретті жандарға көмек көрсетуден қалыптасқан. Қазіргі таңда әлеуметтік жұмыс қоғамдық кәсіп түрінде танылып отыр.

Әлеуметтік жәрдем – бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші.

Мысалы: «Бөбек» қоры.

Әлеуметтік тәжірибе - әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуды айтады. Әлеуметтік тәжірибе мазмұнына:

- балаларға жәрдем;
- денсаулық және салауатты өмір;
- ақыл есінен артта қалғандармен жұмыс;
- кәсіптік дайындық;
- қарттар мен жетімдерге қамқорлық;
- сауат ашу мен білім көтеру;
- тәрбие түзету мәселелері жатады.

Адамдар мен олардың арасындағы қарым - қатынасты және білім беруді анықтайтын әлеуметтік шындықтың құрылымдық элементі.

Әлеуметтік заңдар - әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды.

Әлеуметтік қарым - қатынас – қоғам талаптары жағдайында индивидтердің бір бірімен қарым – қатынасы барысында нақты қалыптасқан байланыс жүйесі. Әлеуметтік қарым - қатынас ұзақтығымен, орнықтылығымен, жүйелігімен және өзін-өзі жаңартумен, ауқымды әлеуметтік байланыстармен ерекшеленетін әлеуметтік өзара әрекеттің бір нысаны.

Әлеуметтік әрекет - әлеуметтік қызметтің қарапайым бірлігі. Ол әдетте адамның қажеттігінен туындайтын саналы қимыл. Әлеуметтік әрекет басқа адаммен не көп адамдардың әрекетімен байланысты, басқа адамдардың мінез-құлығына бағытталған, оларға ықпал жасайтын және өз кезегінде ол өзгелердің мінез-құлқының ықпалын басынан кешіреді. Әлеуметтік әрекет ұғымын М.Вебер енгізген. Оның пайымдауынша адамдардың өз байланыстары мен өзара әрекеттерінен тыс іс-қимылдары әлеуметтік әрекетке жатпайды.

Әлеуметтік қызмет – субъектінің (қоғам, класс, топ, жеке тұлға) әлеуметтік қоғамдық ұйымдармен әр түрлі деңгейде және аумақта, алға қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшін орындалатын әрекеті. Әлеуметтік педагогикалық қызмет – жастар мен балаларға отбасында, мектепте, қоғамдық орындарда өзін -өзі ұстап, дұрыс қарым-қатынас жасау барысында психологиялық жағдайын реттеуге көмек көрсетуге бағытталған педагогикалық әрекет пен әлеуметтік жұмыс.

Әлеуметтік байланыс – нақты уақыт пен орны бар индивид пен топтың арасындағы қарым – қатынас байланысы. Әлеуметтік байланыс адамдардың немесе олардың топтарының тәуелділігін және сәйкестігін көрсететін әлеуметтік әрекет. Әлеуметтік педагогикалық қызмет – жастар мен балаларға отбасында, мектепте, қоғамдық орындарда өзін -өзі ұстап, дұрыс қарым-қатынас жасау барысында психологиялық жағдайын реттеуге көмек көрсетуге бағытталған педагогикалық әрекет пен әлеуметтік жұмыс.

Мұнда екі не одан көп объектінің құрамдас бөліктерінің қызмет етуін немесе дамуының үйлесімділігінің көрінісін бейнелейді.

Әлеуметтік жүйе – ол бір-бірімен байланыста және қатынаста болатын, жеке бөліктерден тұратын бірыңғай, әлдебір әлеуметтік объектіні құратын әлеуметтік құбылыстар мен үрдістердің тұтастық жиынтығы, құрылымы, кешені. Оның бөліктеріне адамдар, олардың топтары және әлеуметтік қауымдастықтары, өзара байланыстары және өзара әрекеттері, әлеуметтік құндылықтары мен мөлшерлері, әлеуметтік институттары мен ұйымдары жатады.

Әлеуметтік институт – ол белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында құрылған, қоғамдық қатынастардың белгілі саласын реттейтін мөлшерлер мен мекемелердің жиынтығы болып табылады. Әлеуметтік институт әлеуметтік құндылықтар мен мінез-құлықтың үлгілерімен айқындалатын, белгілі әлеуметтік мәнді міндетті қызметтер атқаратын, мүшелерінің өз рольдерін орындау негізінде бірлесіп мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін адамдардың ұйымдастырылған бірлестігі.

3. Әлеуметтік педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы, құрамдас бөліктері

Әлеуметтік педагогика – кең ауқымды ғылым. Оның шұғылданатын оқу және тәрбие мәні мен олардың барша байланыстарын жеке бір ғылым шеңберінде қамту мүмкін емес. Әлеуметтік педагогика дамудың ұзақ жолын басынан кешіріп, көптеген білімдер жинақтап, бүгінгі күнде ғылыми білімдердің кең тармақты жүйесіне айналып отыр. Әлеуметтік педагогика ауқымында отбасы педагогикасы, мәжбүрлі тәрбие (первентив) педагогикасы, алдын алу (профилактикалық) педагогикасы дамуда.

Өз дамуында әрқилы мүшелік бұзылыстар мен ауытқуларға ұшыраған адамдар **арнайы педагогика** аймағында зерттеледі. Құлағы естімейтіндер мен мылқау адамдардың оқу-тәрбие жұмысымен **сурдопедагогика**, соқыр және нашар көретін зағиптардың оқу-тәрбие жұмысымен **тифлопедагогика**, ақыл-есі кем адамдардың оқу-тәрбие жұмысымен **олигофренопедагогика**, тілінде мүкістігі бар және сақау адамдардың оқу-тәрбие жұмысымен **логопедия** шұғылданады.

Әлеуметтік педагогиканың ірге тасы - философия, дәлірек айтсақ, тәрбие проблемаларымен арнайы шұғылданатын оның **тәрбие философиясы** тармағы. Тәрбие философиясы өз алдына білім саласы ретінде тәрбиелік практикада әртүрлі философиялық жүйе идеяларын пайдаланады. Философия – әлеуметтік педагогикаға танымның жалпы бағыт-бағдарын, педагогикалық құбылыстар мен процестерді зерттеудің әдіс-тәсілдерін көрсетеді. Сондықтан да, философияны оның біртұтас және жүйелік, құрылымдық талдау әдістерімен бірге педагогиканың әдіснамалық негізі деп атау қабылданған.

Қоғамдық құбылыс ретінде тәрбие дамуы мен педагогикалық білімдердің өткен жолын **педагогика тарихы** зерттейді. Өткенді түсіне отырып, болашаққа көз тігеміз. Бастан кешіргенді зерттеу және оны бүгінгімен салыстыру осы заманғы құбылыстардың негізгі даму кезеңдерін нақтылаумен бірге бұрынғы қателерді қайталаудан сақтандырады. Әлеуметтік педагогика жүйесі келесі салаларды қамтиды:

а) мектепке дейінгі педагогика

- б) мектеп педагогикасы
- в) жас кезеңдер педагогикасы
- г) кәсіптік білім беру педагогикасы
- д) жабық мекемелерде тәрбиелеу
- ж)балалар мен жастар ұйымдары
- з)клуб жұмыстарының педагогикасы
- и) орта педагогикасы
- к)әскери педагогикасы
- л)өнеркәсіп педагогикасы
- м)уақытша бірлестік педагогикасы
- н)әлеуметтік жұмыс педагогикасы
- п) жоғары мектеп педагогикасы
- р) дипломнан соңғы білім педагогикасы

Мектепке дейінгі педагогика – мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі мен балалардың даму ерекшеліктерін зерттейтін ғылым

Мектеп педагогикасы – мектеп жасындағы оқушылардың тәрбиесі заңдылықтарын зерттеп, барша типтегі тәрбиелік мекемелердегі оқу-тәрбие процесінің жалпы негіздерін теориялық тұрғыдан қарастыратын іргелі ғылыми пән. Қалыптасқан дәстүр бойынша жалпы педагогика төрт бөлімнен тұрады:

- 1) оқу-тәрбие процесінің негіздері;
- 2) дидактика (оқу теориясы);
- 3) тәрбие теориясы;
- 4) мектептану.

Жас кезеңдер педагогикасы педагогиканың мектепке дейінгі және мектептік жүйелерін өз алдына бөліктеп қарастырады. Олар өсіп келе жатқан әулеттің белгілі жас тобына байланысты оқу-тәрбие іс-әрекеттері ерекшеліктерін бейнелейтін тәрбие заңдылықтарын зерттейді. Бүгінгі күнде жас кезеңдер педагогикасы орта білім берудің барша жүйесін қамтиды. әрқилы жас топтарында немесе оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәрбие айырмашылықтарын танытушы дербес педагогикалық салалар пайда болуда. Олардың ішінде қазіргі күнде өз алдына пән ретінде оқылатындары – мектепке дейінгі педагогика, кәсіби техникалық мектептер педагогикасы, өндірістік педагогика, ұзақтан оқыту педагогикасы және т.б.

Ғылыми пәндер ішінде ересектердің педагогикалық проблемаларымен айналысып, қарқынды даму жолына түскен – **жоғары мектеп педагогикасы**. Оның міндеттері- барша деңгейдегі ресми, ресми емес тіркелген жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан оқу-тәрбие процесінің заңдылықтарын ашып беру, қазіргі ауыспалы кезеңде жоғары білім алудың арнайы проблемаларын зерттеу, жоғары технологиялық және компьютерлік оқу жүйелерінің принциптерімен таныстыру. **Дипломнан соңғы білім педагогикасы еңбек педагогикасымен** тығыз байланыста мамандық көтеру, сонымен бірге нарықтық экономикаға орай көкейкесті болып тұрған халық шаруашылығының әртүрлі салаларында қызмет етіп жатқан жұмысшылардың қайта мамандану, егделік жасқа келгенде жаңа білімдерді, жаңа кәсіпті игеру мәселелерімен шұғылданады. Арнайы

жағдайларда өтетін тәрбие процестер ерекшелігін **әскери педагогика** зерттейді.

Аталған құрамдас бөліктерінің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, әдіс – тәсілдері бар және жеке бағыт ретінде қаралуы мүмкін.

Әлеуметтік педагогиканың ерекшелігі, тәрбиеші мен баланың біріккен шығармашылық қызметі достығын бір біріне деген сенімін орнату сияқты гуманистік бағытта болуы.

Әлеуметтік тәрбиенің гумандығы жеке адамды бірнәрсені жасауға мәжбүр етуден емес, оған көмектесуден, өзімен өзі болудан, басқаларға ұқсамайтындығына көзін жеткізуден, өз өміріне деген жауапкершіліктен, жасаған істерін әшкерелеп бетіне баспай, қолдау көрсетуден көрінеді.

Әлеуметтік педагогиканың ерекшелігі, тәрбиеші мен баланың біріккен шығармашылық қызметі достығын бір біріне деген сенімін орнату сияқты гуманистік бағытта болуы.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Әлеуметтік педагогиканың Қазақстанда дамуы туралы реферат жазу

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
2. Басов Н.Ф. История социальной педагогики, Москва, 2007 г.
3. Усманов Ә.Ә., Сәрсенбаева М.Б. Педагогика, Алматы, 2005 ж.

2 - дәрісбаян

Тақырыбы: Тұлғаны әлеуметтік қалыптастыру

1. Адамның әлеуметтік дамуының ерекшеліктері
2. Адамның жас кезеңдеріне қарай әлеуметтендіру ерекшеліктері

1. Адамның әлеуметтік дамуының ерекшеліктері

«Адам» ұғымы барлық индивидтерге тән, ортақ қасиеттер мен ерекшеліктерді симпаттауда қолданылады. Индивид - биоәлеуметтік жан ретіндегі жеке адам. Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі. Индивид қоғаммен нақтылы әлеуметтік қауымдастықтар, институттар арқылы ықпалдасқанда, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді, әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырғанда ғана барып тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Тұлғаны әлеуметтік тұрғыдан талдау оның құрылымын анықтаудан басталады. Оны қарастырудың түрлі жолдары бар. Олардың арасынан тұлғаның құрылымының үш элементі «ол», «мен», және олардың жоғары «супер эго» түрінде қарастыратын З.Фрейдтің тұжырымдамасын бөліп айтуға болады. «Ол» - бұл біздің түйсіктеріміз басым, айсбергтің көрінбейтін бөлігі сияқты сана түкпіріміз. «Мен» - бұл түйсіктермен байланысты, дүркін- дүркін оған кіріп, отыратын сана. «Эго» санасыздықты қоғамға ыңғайлы қалыпта ұсынуға тырысады, «меннен» жоғары, моральдық нормалармен принциптердің жиынтығын құратып, адамгершіліктің «қадағалаушысы», ішкі

бақылаушысы іспетті. Әрбір адам өз өмірінде әлеуметтендіру объектісі болып табылады. Әлеуметтендіру үрдісінің мазмұны қоғамдағы адамдардың өз ролін жақсы меңгеруімен (ата - ана, әйелі, күйеуі, баласы), қоғамның әлеуметтік және экономикалық өміріне араласуымен, заңға бағынатын, заң талабын орындайтын азамат болуымен анықталады. Әлеуметтендіру тұрғысынан адамға қоғамға ғана талап қоймайды, сонымен бірге нақты топтар мен ұйымдар да белгілі бір талаптар қояды. Талап мазмұны адамның жасы мен қоғамға, ұйымда, топта алатын орнына байланысты.

Сондықтан да біздің санамызда барлық уақытта, бір жағынан, оған кіретін түйсіктермен, екінші жағынан, «меннен жоғары» талап қоятын моральдық тыйым салулар арасындағы тартыс жүріп жатады. Фрейд мұны шешудің механизмі ретінде «олдық сублимациясын» (ығыстырылуын) ұсынды. Фрейд «біздің психикалық тіршілік иесін «ол» «мен» және «меннен жоғары» деп қарастыруымыздың өзі осы психикалық тіршілік иесі жайындағы алға жылжуын көрсетеді, осы бөлу психикалық өмірдің динамикалық арақатынастарын бұдан да тереңірек түсінудің, жақсмылап сипаттаудың құралы болуы тиіс» деп жазған екен. Әрбір адам өз өмірінде әлеуметтендіру объектісі болып табылады. Әлеуметтендіру үрдісінің мазмұны қоғамдағы адамдардың өз ролін жақсы меңгеруімен (ата - ана, әйелі, күйеуі, баласы), қоғамның әлеуметтік және экономикалық өміріне араласуымен, заңға бағынатын, заң талабын орындайтын азамат болуымен анықталады. Әлеуметтендіру тұрғысынан адамға қоғамға ғана талап қоймайды, сонымен бірге нақты топтар мен ұйымдар да белгілі бір талаптар қояды. «Меннің» айрықша түсінісу ықпалының әсерінде екені анық, былайша айтқанда, «ол» үшін түйсіктің маңызы қанша үлкен болса, «мен» үшін түсінудің маңызы да соншалық. Мұнымен бірге «мен» де «ол» сияқты түйсік әрекетіне бағынады. «Мен» «олардың жетілдірілген бөлігі болып саналады.

Әрбір адам өз өмірінде әлеуметтендіру объектісі болып табылады. Әлеуметтендіру үрдісінің мазмұны қоғамдағы адамдардың өз ролін жақсы меңгеруімен (ата - ана, әйелі, күйеуі, баласы), қоғамның әлеуметтік және экономикалық өміріне араласуымен, заңға бағынатын, заң талабын орындайтын азамат болуымен анықталады. Әлеуметтендіру тұрғысынан адамға қоғамға ғана талап қоймайды, сонымен бірге нақты топтар мен ұйымдар да белгілі бір талаптар қояды. Талап мазмұны адамның жасы мен қоғамға, ұйымда, топта алатын орнына байланысты. Эмиль Дюркгейм әлеуметтендіру үрдісін қарастыра отырып, оның басталуы, қоғаммен байланысты, және қоғам әлеуметтендіру субъектісі борлып табылады. «Қоғам мүшелерінің арасында айтарлықтай деңгейде бірлік болғанда ғана қоғам бола алады. Сондықтан қоғам адамды «өз үлесі бойынша» қалыптастыруға тырысады, - деп жазып Эмиль Дюркгейм, соңғысын қоғамды әлеуметтендіру әрекетінің объектісі ретінде қарастырды. Э.Дюркгеймнің көзқарасы Толкот Парсонстың құрылымдық структурализм деген әлеуметтік теориясына негіз болды. Бұл теорияның іргетасы – «әлеуметтік әрекет» тұжырымдамасы болды.

Қоғамдық өмір – адамдар (индивидтер) қарым қатынасының шексіз көптігі мен шырмауы, ал қоғам – адамдардың дәлелі бірлескен әрекет және ол белгілі

бір ортада әрекет ететін индивидтерден тұрады. Эмиль Дюркгейм әлеуметтендіру үрдісін қарастыра отырып, оның басталуы, қоғаммен байланысты, және қоғам әлеуметтендіру субъектісі борлып табылады. «Қоғам мүшелерінің арасында айтарлықтай деңгейде бірлік болғанда ғана қоғам бола алады.

Парсонстың пікірінше, кез келген әлеуметтік құбылысты адам мінез құлығын (жеке әлеуметтік әрекетін) зерттеу арқылы түсіндіруге болады. Парсонста әлеуметтік әрекеттің субъектісі моральдік индивид болып саналады.

Әлеуметтік әрекеттің белгілі бір құрылымы бар: әрекет етуші тұлға, мақсат, ситуация (жағдай); нормативті бағдар, әрекет затының реакциясы.

Осының бәрі индивид неге осылай әрекет еткеніне түсінік беруі тиіс. Ең алдымен, адам мінез құлығы адамға қоғамның таңып беретін мәртебелік – рольдік мінез – құлығының мазмұнымен байланысты. Осылайша адам әлеуметтік сахнадағы «актерге» айналады.

Адам «актер» ғана емес, шынайы әлеуметтік әрекеттің «архитекторы» да. Өз таңдауын, өз мақсатын ол сол қоғамның мәдениеті және өз тұлғасының мәдениеті негізінде жасайды. Егер рольден күтілетін нәтиже анық және ол дұрыс орындалатын болса, қоғам тепе – теңдікте болады.

Сондықтан әлеуметтік әрекеттердің табыстылығы, яғни күтілетін міндеттердің дұрыс орындалуы әрекетке сай құралдар әдістерді дұрыс таңдай білуге байланысты (позитивті көз жеткізу, негативті мәжбүрлеу, эгоисттік компромисс).

Бірақ қоғам өз мүшелерінің әлеуметтік ролді орындауға мәжбүр ету, рольдік ауытқулар, болған жағдайда оны түзетіп отыру керек.

Т.Парсонстың жалпы социологиялық теориясында құрылымдық талдау мәселесі маңызды орын алды. Бұл жерде ол әлеуметтік жүйені қызмет ету тұрғысынан ғана емес, даму тұрғысынан да қарауды ұсынды. Әлеуметтік әрекеттердің табыстылығы, яғни күтілетін міндеттердің дұрыс орындалуы әрекетке сай құралдар әдістерді дұрыс таңдай білуге байланысты

Бұл үшін ол тең дәрежелі және интеграция идеяларына, «тәртіп», «әрекет», «құрылым», «талап» түсініктеріне назар аударады (ғалым оны «айнымалылар» деп атайды, бұл эмперикалық социология термині, ұғымы).

Әлеуметтік жүйе несіз өмір сүре алмайды? Ненің көмегінсіз табысты қызмет ете алмайды?

Әлеуметтендіру процесінде орындаушылар «оқытушы – оқушы» элита – кім оқытады және көпшілік – кімді оқытады қатынасына түседі. Әрі әмбебап, әрі жалпыға ортақ болып саналатын берілген жүйелі – функционалды торшаны Парсонс барлық әлеуметтік құбылыстарға калька ретінде қолданды.

Парсонс төрт негізгі қызмет көрсететін мәселені көрсетеді? Оны төмендегі 1 кестеден көруге болады.

1 кесте -Парсонстың әлеуметтік жүйесінің үлгісі

Функция	Жүйе салалары	Әлеуметтік институттар	Норма-рольдерді орындаушылар
1. Бейімделу	Экономика	Зауыттар, банктер, дүкендер	Кәсіпкер - жұмысшы
2. Мақсат бағдары	Саясат	Партиялар, қозғалыстар	Функционер қатардағы мүше
3. Интеграция бақылау	Әлеуметтік аппарат институттары	Мемлекеттік	Шенеунік азамат
4. Мінез-құлық үлгісіне қолдау көрсету	Әлеуметтену	Отбасы, мектеп, дін	Оқытушы-оқушы

1. Тиімді ұйымдастыру және материалдық, адами, мәдени ресурстарды бөлу мәселесі. Бұл функциялды талаптар бейімделу мәселесі ретінде белгілі: өмір сүруі үшін жүйе ішкі жағдайларға да, сондай – ақ сыртқы өзгерістерге де бейімделуі керек.

Бұл функцияға экономика сәйкес келеді: қоғам мүшелері өмір сүре алатындай белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға қажетті материалдық өнімдерді жеткізеді және бөледі.

Көрсетілген жүйе салаларына бейімделу процестерін реттейтін зауыттар, банктер, дүкендер және т.б. сияқты әлеуметтік институттар сәйкес келеді. Соңында қатынастар шеңберінде орындалатын норма – рольдер, кәсіпкер жұмысшы, тұтынушы және т.б.

2. Негізгі мақсаттарды анықтау және оған жетуге қолдау көрсету процесі мәселесі. Бұл функцияға саясат және саяси ұйымдар – партиялар, қозғалыстар және т.б. сәйкес келеді. Олар мақсат қояды және функционерлер арқылы қоғам мүшелерін осы мақсатқа жұмыс істеуге ынталандырып саяси әрекеттермен айналысады.

3. Интеграция мәселесі – тұрақтылықты, бірлік, ынтымақтастықты сақтау. Бұл функцияны жалпы нормалармен құндылықтарды, белгілер жиынтығы мен жалпы мәдениетті құру және оған қолдау көрсету жолымен әлеуметтік бақылау институттары жасайды. Адамдардың мінез – құлқына қоғамның әдейі әсер етуі арнайы ұйымдар – мемлекеттік аппарат пен заңды институционалды құралдар арқылы жүзеге асырылады, олар теңдіктің бұзылуы мен жүйені қайта өндіруді талаптану және мәжбүрлеу формалары арқылы табысты жүргізуге мүмкіндік береді.

4. Мінез – құлық үлгісіне қолдау көрсету, қайраткерлердің өздерінен талап етілетін әлеуметтік рольдерін орындау кезіндегі дәлелдемелері мен жүйесіндегі жасырын шиеліністерді жою мәселелері. Берілген тәртіпті сақтау үшін әлеуметтік жүйе адамдардың өз дербестігін алуына сонымен бірге белілген қоғамдағы норма – рольдерді игеруіне, бұл нормаға бағыну қажеттілігін дамыту үшін әлеуметтендіру процесі мен механизмін жасауы керек.

Отбасы мектеп, армия, шіркеу, мешіт және т.б. – әлеуметтендіруші институттар индивидтердің дәлелдемелерін, олардың мінез – құлық үлгілерін,

мәдени принциптерін сақтайды, жетілдіреді және жаңартады. Олар сондай – ақ рольдердің құзырлы иелерін дайындай отырып, жеке дәлелдемелер құрылымын берілген қоғам мақсаттарымен құндылықтарымен үйлестіреді.

Әлеуметтендіру процесінде орындаушылар «оқытушы – оқушы» элита – кім оқытады және көпшілік – кімді оқытады қатынасына түседі. Әрі әмбебап, әрі жалпыға ортақ болып саналатын берілген жүйелі – функционалды торшаны Парсонс барлық әлеуметтік құбылыстарға калька ретінде қолданды.

Парсонстың «бәрін қамтитын» және «әмбебап» теориясы адамдардың өзара байланысы әлемін түсіріндіріп бере алмады. Айналада, барлық жерде аймақтық соғыстар, экологиялық апаттар, көпшілік мәдениетіне қысымшылық көрсету сияқты катаклизмалар өршіді. Парсонс теориясына шағымдар жасалып, ол көрсеткен функциялар бойынша бәрін түсіндіру мүмкін емес, әлеуметтік әрекеттердің барлық түрін «әлеуметтік жүйелер» логикалық құрылымына жатқызуға болмады. Ғылыми мінез құлыққа жатқызуға болмайтын кейбір әрекет түрлері де бар. Айналада, барлық жерде аймақтық соғыстар, экологиялық апаттар, көпшілік мәдениетіне қысымшылық көрсету сияқты катаклизмалар өршіді. Ғылымның жұмысында кейбір қажетті процедуралардан басқа интуиция мен қиял қолданылады. Бұл шығармашылық жұмыс «Х» факторы» бар қоғамның өзі сияқты оқиғаның барысын күні бұрын болжай алмайды. Сондықтан күрделі әлеуметтік әрекеттерді басқаруды қатал бағдарлама негізінде жүргізуге болмайды.

2. Адамның жас кезеңдеріне қарай әлеуметтендіру ерекшеліктері

Әлеуметтендірудің қандай механизмдері бар? Бұл процеске ең алдымен екі жақ - әлеуметтендірудің объектісі және субъектісі қатысады. Әлеуметтендірудің объектісі - бұл процестің кімге бағытталуы, яғни жеке адамдар несесе адам топтары. Әлеуметтендірудің субъектісі – бұл осы процті жүзеге асырушы, яғни жеке тұлға, әлеуметтік топ, әлеуметтік құрылым немесе ұйым, бұларды кейде әлеуметтендіру агенттері деп те атайды.

Әлеуметтендіруді бірінші және екінші әлеуметтендіру деп бөледі. Бірінші әлеуметтендіру адамға өзін тікелей қоршаған ортаның, алғашқы әлеуметтік топтардың: отбасының, туған – туыстардың, достардың, құрдастардың, оқу және еңбек ұжымдарының, тәрбиешілердің, ұстаздардың оқудағы қызметтегі, жұмыстағы тікелей басшылардың және т.б. тікелей ықпал жасауымен байланысты. Екінші әлеуметтендіру екінші қатардағы әлеуметтік топтар құрылымдар және мекемелер тікелей және жалпы формада көбінесе бір екі бағытта жүзеге асырылады. Мұндағы қатынастар көбінесе институтционалдық сипат алады. Екінші әлеуметтендірудің агенттері мемлекет пен оның органдарының, кәсіпорындардың, жоғары оқу орындарының, мектептердің балабақшалардың, радио, теледидар, баспасөз және т.б. басшылары және ресми өкілдері болып табылады. Екінші әлеуметтендіру жасы кемеліне келген, есейген шақта өте маңызды. Әлеуметтендірудің бірінші және екінші агенттерінің қызметін өзара байланыстыру мен үйлесімдіруді қамтамасыз ету аса маңызды. Адам өмірінің әр түрлі кезеңдерінде әлеуметтендірудің өзіндік мәнді ерекшеліктері болды. Осыған байланысты әлеуметтендіру процесі өз

ерекшелігі бар бірнеше сатыдан: балалық, жасөспірім, есейген, қартайған шақтан тұрады. Әлеуметтендіру процесі балалық және жастық шақта пәрменді әрі қарқынды жүреді.

Әлеуметтендірудің бастапқы сатысында балаларды ересектер әлеміндегі өмірге бейімдеу іске асырады. Бұл жерде басты ролді әлеуметтендірудің бірінші агенттері саналатын ата – аналар атқарады. Осы сатыда ата – аналар мен балалар арасындағы өзара қарым – қатынастар олардың бір – біріне деген жақындық, жауапкершілік ыстық ықылас сезімімен сипатталады, бұл әлеуметтендірудің келесі сатысына шешуші ықпал жасайды. Бұл кезеңде бала ойлау және танымдық дағдыларды меңгереді, күрделі тәртіп ережесінің жүйелерін игереді, мәдени құндылықтар мен нормалардың үлгісімен таныса бастайды, бұлардың мәнін және мазмұнын жақсы түсіне қоймаса да, оларды қолдануға ұмтылады.

Әлеуметтендірудің бірінші және екінші агенттерінің қызметін өзара байланыстыру мен үйлесімдіруді қамтамасыз ету аса маңызды. Адам өмірінің әр түрлі кезеңдерінде әлеуметтендірудің өзіндік мәнді ерекшеліктері болды. Осыған байланысты әлеуметтендіру процесі өз ерекшелігі бар бірнеше сатыдан: балалық, жасөспірім, есейген, қартайған шақтан тұрады. Әлеуметтендіру процесі балалық және жастық шақта пәрменді әрі қарқынды жүреді.

Балалық сатыдағы әлеуметтендіру тәсілі мен құралдары оншалықты көп емес. Соның бірі имитация. Мұнда бала саналы түрде белгілі бір мінез – құлық дағдысын үлгі тұтынып, көшіріп алуға ұмтылады. Тақылеттендіру балалардың ата – аналарының мінез – құлық тәртібін, әлеуметтік мақсаттармен құндылықтарды өздерінікі іспетті меңгеру тәсілі ретінде қарастырады. Сөз болып отырған екі тәсіл әлеуметтендірудің жағымды тетіктері болып табылады. Ал әлеуметтендірудің теріс көріністері: тыйым салатын немесе белгілі бір тәртіпке астамшылық жасайтын ұят істер және кінәсін сезіну жатады.

Балалық кезеңде әлеуметтендіру агенттерінің саны ғана артып қоймайды, сонымен бірге оның қызметінің мазмұны мен бағдарламалары да түбегейлі өзгеріп күрделене түседі.

Жасөспірім кезеңде (13-19), яғни «күрделі», «өтпелі», «қиын», «тұрақсыз» деп саналатын өмір кезеңінде жасөспірімдер мен жас адамдар біршама кең білім алады, өзінің тұлғалық іргетасын қалауды және дүниетанымды қалыптастыруды аяқтайды, өзінің өмірдегі орны мен ролін жақын адамдары арқылы негізінен пайымдайтын болады. Бұл - параллелді құндылықтар мен мен дүниеге көзқарас жүйесінің қатар пайда болуы, бұлар жас адамға әлеуметтендірудің әр түрлі агенттерінен - ата – аналардан, мектептен, құрбы құрдастарынан беріледі. Олар әлеуметтік дүниені әр түрлі түсінеді, бұлар жасөспірімдердің әлеуметтенуін қиындатады. Бұл жерге шындығында да жас адамға қажеттіден гөрі жарқын, сезімге және символға толы іс - әрекеттер тиімді әсер етеді. Мұндай жағдай жастардан адамгершілік бағалары мен бағдарларды тұрақты ізденуді талап етеді, өйткені сезімдік жағдай тұрақсыз және ұзаққа бармайды. Нәтижесінде жасөспірім толқиды, өзінде сенімсіздік

пайда болады, ақырында қателікке ұрынады. Ең соңында әлеуметтенушылар әлеуметтендіру сатысының жасөспірімдерге тән тағы бір ерекшелігін атап көрсетіп жүр. Олардың пікірінше, осы сатыда жасөспірімдер белгілі бір әлеуметтік ролін атқаруға ұмтылады.

Тұлға кемел жасқа жетіп, есейген шағында оның белсенділігі артады, мұны әркім өз қалауынша жеке өміріне және сыртқы жағдайларға сәйкестендіре бастайды, индивид экономикалық әлеуметтік және моральдық – психологиялық тұрғыдан тәуелсіздік алады, саяси жағынан пісіп жетіледі. Бұл өзін өмір сүруіне қажетті заттармен қамтамасыз ету қабілетінен крінеді және өзгелерден тәуелсіз, өз отбасымен тапқан материалдық игіліктерді пайдаланудан өз бетінше өмір салтын құрудан, ата –анасынан тәуелсіз өмір сүруден, некеге отырудан, заң алдында жауапкершілікті болудан, сайлауға қатысудан және тағы басқа әрекеттерден байқалады.

Әлеуметтендірудің осы сатысында ең бастысы – тұлғаның әлеуметтік мәртебелер мен әлеуметтік ролдерді ала білуі және меңгеруі оларды белсенді түрде жүзеге асырады. Мұның негізі бүкіл әлеуметтік өмірді қамтитын қоғамдық еңбек бөлісінде жатыр, ол негізгі 4 түрден, атап айтқанда: жас жыныстық, кәсіби, экономикалық және саяси еңбек бөлісінен байқалады. Осыған сәйкес қоғамның өзіндік қаңқасын құрайтын, бүкіл әлеуметтік өмірді қатаң детерминдіретін әлеуметтік құрылым қалыпасады. Есейген тұлға нақты өмірдің сан алуан қажеттілігі туғызатын әлеуметтендіру процесінде өзінің мәртебесі мен ролін қабылдау немесе оларды өзгерту арқылы әлеуметтік құрылымның қайсыбір түріне енеді.

Әлеуметтендіру адамның ер жетіп, есейген шағында әдетте аса өрлеу жағдайында жүреді, тұлға жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жекізіп, соған сәйкес әлеуметтік роль атқарады. Бірақ бұл жолда сәттілік пен сәтсіздіктер, кедергілер, дағдарыстар болады, тіптен адамдардың кінәсінен болашаққа деп құрылған жоспарлар, сенім мен үміт атауы тас – талқан балады. Бұл жерде қоғамның өзіндік қаңқасын құрайтын, бүкіл әлеуметтік өмірді қатаң детерминдіретін әлеуметтік құрылым қалыпасады. Есейген тұлға нақты өмірдің сан алуан қажеттілігі туғызатын әлеуметтендіру процесінде өзінің мәртебесі мен ролін қабылдау немесе оларды өзгерту арқылы әлеуметтік құрылымның қайсыбір түріне енеді.

Қайта әлеуметтендіру – бұл тұлғаның бұрынғылардың баршасынан бас тартып, жаңа білімді, құндылықтарды, ролдерді, дағдыларды, меңгеру процесі. Кейде бұл процесс өмірдің әр кезеңінде де орын алады. Мысалы мәдениеттің қайсыбір элементтері ескіргенде, тұлғаның және бүкіл қоғам өмірі маңызды өзгеріске түскенде қайта әлеуметтендіру жүзеге асып отырады. Қоғамға көзқарастың тиянақты түрде өзгеруі, маман адамдардың кәсіби қайта даярлықардан өтуі немесе жаңа көзқарас пайда болуы және психотерапиялық ықпал ету әдісімен айналысатын адамдардың ұстаған қағидалары мен тәртібінің өзгеруі қайта әлеуметтендірудің айқын мысалы бола алады.

Адам қартайғанда, яғни әлеуметтендіру процесінің аяқталар кезеңінде олардың жасының ұлғаюына және зейнеткерлікке шығуына, сонымен бірге адамдардың күш – қайраты мейлінше қатып, қауқарсыз күйге түсуі мен

психикалық мүмкіндіктерінің төмендеуіне байланысты әлеуметтендіру өзінің ауқымы мен қарқынын күрт төмендетіп қана қоймайды, сондай – ақ ол енжар формаға айналады. Бұл олардың негізінен алғанда жаңа жағдайға қалай бейімделе бастағанынан айқын көрінеді. Ең алдымен егде тартқан адамдар өздерінің күш – қуатын, білімін, тәжірибесін бұрынғы деңгейде қолданудың мүмкіндіктерін іздестіруге тырысады және басқа да мүмкіндіктерін сарқа пайдалану арқылы қоғамға қызмет етуді жалғастыра бергісі келеді.

Жастар арасындағы субмәдениет көбінесе модаға еліктеуден, мысалы, киім – кешек, сыртқы сипатымен көрінісі, тыңдайтын музыкасы, билеу мәнерімен сөйлеу мәнері тағы да басқа да көркемдік талғамынан, эстетикалық қызығушылығынан басталады. Ал ересек адамдардың мұндай жаңа модаға көшуі көпке дейін байқалмай, тек көпшілік сипат алғанда, не болмаса істеген іс-әрекеті қоғамға бір зиян келтіре бастағанда көріне бастайды.

Жастардың қызығуы, қажеттіліктері, ұмтылысы мұраты сан түрлі. Оларды қанағаттандыру үшін субмәдениеттің жақсы және жаман жақтарын зерттеп, біліп, түсініп, көмектесу үшін әлеуметтік педагогтар мен қызметкерлер, педагогтар мен тәлімгерлер, әлеуметтік психологтар бірлесе отырып жан жақты, ұтымды жолдарын қарастыруы тиіс. Осындай топтар мен ұйымдардың мүшелерімен не ұжыммен сөйлесу, әңгімелесу, оң жолға салу, тіл табысып жұмыс жүргізу аса маңызды.

Зейнеткерлікке шығуларына байланысты егде адамдардың әлеуметтік мәртебелері күрт төмендейді және әлеуметтік тұрғыдағы ролдердің шеңбері де тарыла түседі. Денсаулықтардың нашарлауы және әлеуметтік және сипаттарға енді достары мен жолдастарының күрт азаюы секілді екінші бір ауыртпалық келіп қосылады. Осыдан барып ол тіптен жалғыздыққа да ұшырайды, сөйтіп қарт адамның қызметі үй шаруашылығымен айналысудан, бау – бақша мен көкөніс өсіруді ермек етуден аспай қалады.

Адамдар, әсіресе жалғыз қалғандар, мұндай жағдайда қатты торығады. Әлбетте бұл жастағы адамдардың өмірі қуаныштан гөрі ренішке толы болады. Денсаулықтардың нашарлауы және әлеуметтік және сипаттарға енді достары мен жолдастарының күрт азаюы секілді екінші бір ауыртпалық келіп қосылады. Топтар мен ұйымдардың мүшелерімен не ұжыммен сөйлесу, әңгімелесу, оң жолға салу, тіл табысып жұмыс жүргізу аса маңызды. Сонымен қатар зейнетке шыққан қарт адамдардың әлеуметтік ролі де көбіне – көп анықталмайды. Бұл осы кезеңге тап болғандардың әлеуметтендіру жағдайының тағы бір ерекшелігі болып табылады.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

2. Әлеуметтік ортаның жеке тұлға дамуындағы маңызы - реферат жазу

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
2. Басов Н.Ф. История социальной педагогики, Москва, 2007 г.
3. Усманов Ә.Ә., Сәрсенбаева М.Б. Педагогика, Алматы, 2005 ж.

4. Пидкасистый П.И. Педагогика, Москва, 2006 ж.

5. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология, Алматы, 2005 ж.

3 - дәрісбаян

Тақырыбы: Адамды әлеуметтендіруге ықпал жасаушы факторлар

1. Адамды әлеуметтендіруге ықпал жасаушы факторларға жалпы сипаттама
2. Мегафактор және оның адамды әлеуметтендіруге ықпалы
3. Макрофактор және оның әлеуметтендіруге ықпалы
4. Мезофактор және олардың адамға ықпалы
5. Адамды әлеуметтендірудегі микрофакторлардың маңызы

1. Адамды әлеуметтендіруге ықпал жасаушы факторларға жалпы сипаттама

Әлеуметтік ұғым, психология, философия және педагогикалық еңбектерде кеңінен қолданылады.

«Әлеуметтендіру» ұғымы адамды әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінде әр түрлі әлеуметтік бірліктердің (топтар, институт, ұйымдар) түрлеріне интеграциялау, одақтық қауымдастыру.

Әлеуметтендіру – мәдени элементтерді түсіндіру, әлеуметтік мұраттар мен құндылықты игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру. Сөз жоқ, әлеуметтендіру жүйесінің мазмұны қоғам талабымен айқындалады, яғни оның мүшелері қоғамның маңызды салаларын білу, өндірістік қызметке қатысу, берік үйелмен, заңды басшылыққа алатын азамат болуы керек. Адамдардың мінез-құлқы әлеуметтендірудің объектісі ретінде қалады. Бірақ, адам бұл процестің объектісі ғана емес, субъектісі болған жағдайда ғана әлеуметтенеді.

Әлеуметтендіру қоғам талаптарын жеке тұлғаның қалыптасу кезеңінде бірте-бірте игеруі, сана мен тәртіптің маңызды әлеуметтік мінездері, оның қоғаммен қарым-қатынасын реттейді.

Ғылымға адамды «Әлеуметтендіру» термині саяси экономикадан келді, оның ең алғашқы мағынасы жерді, өндіріс құралдарын «қоғамдастырудан» басталды. «Әлеуметтендіруді» адамға тәуелдендірген автор американдық әлеуметтанушы Ф.Г.Гиддин, (1887 ж.) өзінің «Әлеуметтендіру теориясы» кітабында, бұл ұғымды қазіргі ұғымға жақындастыра қарап: адамның әлеуметтік табиғи мінезін дамыту немесе индивидтің мінезін, жалпы әлеуметтік өмірге дайындау.

Әлеуметтендіру тұлғаның белгілі бір бейнесін дәріптейді, оның негізгі белгілері: адамның әлеуметтік қарым-қатынасы, достық, сүйіспеншілік, отбасы, өндірістік, саяси т.б. көрінеді.

«Әлеуметтендіру» жүйесінің алдына қойған міндеттерінің екі тобы шешімін табады: тұлғаның әлеуметтік бейімделуі және әлеуметтік кемелденуі. Бұл міндеттердің шешімі ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Соның ішінде, сыртқы ортаның қайшылықтары баланың бойында дамып келе жатқан ішкі қарсылық күшіне сай келуге тиіс.

Әлеуметтік бейімделу (адаптация) индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы болса, ал әлеуметтік кемелдену өзінің іс-әрекетін жүзеге асыру,

тәртіптің қарым-қатынаста тұрақтылығы, тұлғаның өзі туралы пікірі, өз-өзіне баға беруі. Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік кемелдену міндеттерінің шешімі: егер, ізгілікті орта болса, «барлығымен бірге болу» және «өзімен өзі болу» мотивтерімен, уәждік қажетсінумен реттеледі.

Әлеуметтік бейімделу индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы болса, ал әлеуметтік кемелдену өзінің «іс - әрекетін жүзеге асыру, тәртіптің қарым – қатынаста тұрақтылығы, тұлғаның өзі туралы, өз - өзіне баға беруі. Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік кемелдену міндеттерінің шешімі: егер, ізгілікті орта болса, «барлығымен бірге болу» және «өзімен өзі болу» мотивтерімен, уәждік қажетсінумен реттеледі.

Сөз жоқ, адамды әлеуметтендіру нәтижелері әлеуметтік белсенділік, адамның әлеуметтік қарым – қатынасы байланысында көрініс беретін әрекетшілдігі. Әлеуметтендірудің көрсеткіштері: әлеуметтік ортаға бейімделу, әлеуметтік дербестік және әлеуметтік белсенділік.

Әлеуметтендірудің көптеген тұжырымдамаларын талдау, олардың барлығын осы аталған позициялардың, ұстанымның біріне жақындайды, олардың өзі адамның әлеуметтендіру жүйесіндегі орнын түсінуі. Әлеуметтендірудің көрсеткіштері: әлеуметтік ортаға бейімделу, әлеуметтік дербестік және әлеуметтік белсенділік. Біріншісі, адамның әлеуметтендіру жүйесінде марғаулық позициясын ұстанады, ал әлеуметтендірудің өзін адамның қоғамға бейімделу кезекті ретінде қарастырады, әрбір мүшені өзіне тән мәдениетіне қарай қалыптастырады. Мұндай көзқарасты субъект – объект деп қарастыруға болады. Бұл ұғым – пікірдің басында Э.Дюркгейм және Т.Парсонс тұрды.

Екінші жағынан адам әлеуметтендіру кезінде белсенді түрде қатысып қоймай, қоғамға да бейімделеді, өзі өзіне, өмірдегі жағдайларға да әсер тигізе алады. Бұл көзқарасты «субъект- субъект» деп те атауға болады. Ал екінші позицияны Ч.Кули және Д.Г. Мид ұстанды.

Адам әлеуметтендірудің негізгі объектісі, қоғамның мүшесі ретінде адамгершілікті, ізгілік нормаларын, құндылықтарды меңгеру мен өзінің зияткерлік әлеуетін, білімін, мұратын, мүддесін, сұраныс-талаптарын қанағаттандыру арқылы рухани, материалдық азықтанып өмір сүреді. Әлеуметтендіру үрдісі адамдарға әр түрлі әртүлі жағдайда түрліше әсер етеді. Оларды факторлар деп атайды.

Адамға ықпал ететін факторлардың кейбірі белгілі бір дәрежеде толығырақ зерттелсе, ал кейбірулері енді ғана ғылыми – педагогикалық тұрғыда зерттеле бастады (мысалы, этнос, ірі топтар, ұлтаралық қатынас т.б.), жекеленген мақалалар болмаса, кейбірін әлеуметтік – педагогикалық тұрғыда зерттеу әлі қолға алынған жоқ (мысалы, космос әлемі, планеталар т.б. ықпалы мен адамдардың психикасы, болмысының байланысы).

2. Мегафактор және оның адамды әлеуметтендіруге ықпалы

Балалар, жасөспірімдер, жастар өзара қарым – қатынаста, әлеуметтену кезінде олардың дамуына азды – көпті әсер ететін түрлі жағдайлардан өтеді. Адамға әсер ететін түрлі жағдайларды қозғаушы күш деп атайды. Біршама

зерттелген ғылыми еңбектерде әлеуметтендірудің жағдайлары мен қозғаушы күштерін 4 топқа біріктіреді.

Бірінші – **мегафакторлар** (мега - өте – үлкен) – космос, неосфера, планета, әлем бұлар басқа қозғаушы күштер арқылы барлық жер бетінің тұрғындарын әлеуметтендіруге әсер етеді. Олар бүкіл жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтың барлығында басқа факторлармен қатар немесе солармен астарласа ықпал етері анық.

Өлке – географиялық ұғым. Ол – табиғи шекарасы белгіленген, табиғи жағдайлары адамның өмір сүруіне мүмкіндік беретін, егемендікке ие болған, өзінше жеке не басқалардың колониясы ретіндегі жер ауқымы, мемлекет. Әр өлкенің табиғи – климаттық жағдайы сол өңірде өмір сүрген адамдар қауымы мен жекеленген тұлғаларға әсер етпей қоймайды. Өйткені ол жердің адамдары сол өңірдің табиғи климатына қарай бейімделіп, еңбектенеді, өмір сүреді.

Әлем немесе космостың және оның жер шарына тигізетін әсері ежелгі дәуір ойшылдарының ойын қозғап, пікір айтып кеткендері тарихта белгілі. Өткен ХХ ғасырдың орта шенінде орыстың психиатр ғалымы В.М.Бехтерев, геофизик П.П.Лазарев, биолог А.Л.Лижевский және сол сияқты адамдардың әлеуметтік ортадағы қарым – қатынасы күннің әлемге бөліп шығарған энергиясының белсенділігіне байланысты екенін белгілеген. Айталық, П.П.Лазарев, биолог А.Л.Чижевский және сол сияқты адамдардың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасы күннің әлемге бөліп шығарған энергиясының белсенділігіне байланысты екенін белгілеген. Айталық П.П. Лазарев геофизикалық және космостық құбылыстардың адам қоғамына тигізген әсерін зерттеудің қажет екендігін дәлелдеуге ұмтылған. Әр өлкенің табиғи – климаттық жағдайы сол өңірде өмір сүрген адамдар қауымы мен жекеленген тұлғаларға әсер етпей қоймайды. Өйткені ол жердің адамдары сол өңірдің табиғи климатына қарай бейімделіп, еңбектенеді, өмір сүреді.

Ал, А.Л.Чижевский дүниеде болған және болып жатқан өзгерістерді, мысалы, Американың ашылуы, Францияның және Ресейдегі төңкеріс, т.с.с күн энергиясының белсенділігі артқан мезгілге тұспа-тұс келгенін және олардың тығыз байланысты екенін болжаған. Бұл ғана емес, тарихта адамзат қауымына аты кең тараған белгілі тұлғалардың іс-әрекеті де күннің белсенділігіне сәйкес келгенін соған байланыстыра дәлелдеуді көздеген.

Мұндай зерттеулерді жалғастыру жер бетіндегі тіршілік үшін, соның ішінде адамзат қауымы үшін аса маңызды болғандықтан болашақта әрі қарай жалғасын табатыны анық және ол көптеген мәселерді шешуге ықпал етерін эксперимент түрде тексеруді қажет етеді.

Планета мен дүние бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы мегафакторлар. Планета дегеніміз – астрономиялық түсінік. Ол жарықты және жылуды күннен алады және күн жүйесінің аспандағы бір бөлігі болып есептелінеді. Дүние дегеніміз әлеуметтік – политологиялық ұғым ретінде жер бетінде өмір сүруші адамдар мен қауымның бірлігі мен тұтастығын көрсетеді.

Табиғи – климаттық жағдайларға қарай Жер шарының көлемді мәселелері де космос, планета дүниелік құбылыстарға байланысты: экологиялық –қоршаған

ортаның ластануы; экономикалық – континенттер мен өлкелердің дамуындағы айырмашылық; демографиялық - адам санының өте көптігі не болмаса аздығы; саяси соғыстар, келіспеушіліктер мен қарама- қайшылықтардың күшеюі соғыс болу қауіпі, ядролық қарулардың таралуы т.б. байланысты болады. Осы және басқа да мәселелердің адамзатқа тікелей не болмаса жанама тигізетін әсері әлеуметтендірудің маңызды құрамы бөлігі болып табылады.

Өткен XX ғасырдың 50-жылдары жер шарында пайда болған ең зор атом қауіпі әлеуметтенуге тікелей ықпал етіп, жас ұрпақтың болашақты ойламай, тек бір күнмен өмір сүруі, бір күнді ғана ойлауына алып келді.

Сонымен қатар әлеуметтендіруге жанама ықпал ететін факторлар да баршылық. Олар тұрмыс жағдайларына ықпал етіп, зиян келтіретін кейбір шаруашылық, өндірістік іс - әрекеттердің қоршаған ортаны ластандырып, су, ауа құрамының бұзылуына алып келді.

Экономикалық және саяси үрдістер халықтың өмір сүру жағдайларына әсерін тигізіп, ұлттық қазынаның халыққа емес, соғысқа, ел қорғауға, өндіріске жұмсалып, қару – жарак шығаруға бөлінсе, ол өз кезегіндегі халықты кедейшілікке ұшырайтыны белгілі.

Міне осы айтылғандарды ескере келіп әлеуметтік педагог өсіп келе жатқан жас буынды тәрбиелеудің мақсатын, міндетін және мазмұнын анықтай алуы керек. Әрбір адам өзін қоршаған әлемнің бір бөлігі екенін сезініп, онсыз өмір сүре алмайтынын біліп, табиғатты қорғау, оны пәрменді жүзеге асыруды ойластырумен қатар, тұрмыстық жағдайларын жақсартуға және одан әрі көтеруге күш салу керек.

3. Макрофактор және оның әлеуметтендіруге ықпалы

Әлеуметтік үрдістерге ықпал ететін, соның ішінде жеке адамдарға да әсері күшті екінші фактор - **макрофактор** (грекше – зор деген сөз) деп аталады. Оған өлке, қоғам, ел, этнос, мемлекет кіреді. Ел, мемлекет, этнос, қоғам бұлар белгілі бір елді мекенде өмір сүретін тұрғындарды әлеуметтендіру.

Белгілі философ Мишель Монтень адамдардың жүріс – тұрысы, өмір салты, іс-әрекеті, мысалы, соғысқа құмар, салмақтылығы, жайбарақаттығы, еңбекқорлығы, ғылым мен мәдениетке қабілеттілігі климаттық шарттар мен табиғи жағдайларға да байланысты болатынын атап кеткен.

Географиялық және климаттық жағдай халықтың санына, өсіп - өнуіне де ықпал етеді, мысалы Куба мен Исландияның жер көлемі бірдей, бірақ Кубада жер жағдайымен климаты шаруашылыққа жайлы, сондықтан халық саны Исландияға қарағанда көп.

Республикамызда 2002 жылы ауа атмосферасын қорғау туралы заң қабылданды. Мұнда кейбір ұғымдармен қоса осы мәселенің өзекті тұстары да қарастырылған. Ауа атмосферасы газдық атмосфераның табиғи қоспасы ретінде қоршаған ортаның құрамдас бөлігі болып саналады.

Геоклиматтық жағдайлар халықтың денсаулығына да өз ықпалын тигізетіні анықталған. Тарихшы В.О.Ключевский Ресейдегі жоғарғы Волга бойындағы халықтың тұрмыс ахуалын зерттей келе «геоклиматтық жағдайға байланысты

оларда қыс қатты болғандықтан, жаз мезгіліндегі күндерді дұрыс пайдаланып, ықшам шапшаң қимылдауға, күш – жігерін толық және мақсатты пайдалануға бейімделген. Ал күз бен қыс күндерінде асықпай, баяу, жайбарақат тіршілік етуге үйретіп, халықтың психикасын да соған бейімдеген», - деп ой түйіндеген. Дегенмен климаттық ахуал басқа да факторлармен қосыла келе адамды әлеуметтендіруге белгілі дәрежеде әсерін тигізеді. Оны ұлт қоғам және мемлекет қалай ескеруі керек екендігіне тоқталайық.

Этнос, немесе ұлт – тарихи қалыптасқан, жалпы ұлттық менталитеті, мінезі, мәдениеті мен басқа ұлттардан айырмашылығы көрініп тұратын, белгілі бір жер аумағын мекендеген орнықты адамдар тобы немесе жиынтығы.

Әрбір этносқа тән психикалық және жүріс – тұрысы ерекшеліктерінің биологиялық және әлеуметтік – мәдени көрсеткіштері бар. Олар ғасырлар бойы тұрақты бір өлкеде, не аймақта, белгілі бір климаттық шарттарда, табиғат ерекшеліктеріне байланысты шаруашылық және өндіріспен шұғылданып келген. Бірақ әлеуметтік – мәдени көрсеткіштердің психика мен тұрмыс – тіршілікке тигізетін ықпалы зор. Бұлардың әлеуметтендіруге тигізетін әсерін екі түрлі сипатта қарастыруға болады: біріншісі – тұрмыстық, биологиялық немесе витальді, екіншісі – менталдық немесе рухани әлемі болып табылады.

Витальді ерекшеліктер – баланың дүниеге келуі, күтімі, дамуы, тамақтануы, киімі, тілі т.б. әр ұлттың тұрмыс шарттарына байланысты, мысалы, Уганда, елінде баланы анасы үнемі көкірегіне, не арқасына байлап көтеріп жүреді. Сондықтан ол аяғына жылдам тұрып, тез арада дамиды, бірақ зерттеулер ол анасынан ажыраған соң көпке дейін өзіне келе алмай, өз алдына жүре алмай көп уақытын қайта қалыптасуына өткізіп алатынын байқаған. Ал, еуропалық балалардың дамуының бір шама артта қалғаны оның тамақтануына байланысты екені анықталған.

Осы айтылған ахуалдардың көпшілігі және кейбір кемшіліктер Қазақстан да да көрініс беруде. Әсіресе 90 – жылдардың бас кезінде әлеуметтік ахуалдарға байланысты ауылдық жерлерде ауру баланың саны өскен, азық – түліктің жеткіліксіздігінен не сапасының нашарлығынан әлсіреу, дене құрылысының дұрыс қалыптаспауы, жастар арасындағы әр түрлі сырқаттардың көбеюі балалардың әскери қызмет өтеуге жарамсыздығы т.б. көбейген болатын. Еліміздің экономикалық дамып, әлеуметтік жағдайының түзелуіне байланысты бұл көрсеткіштер біршама азайған.

Ұлттық мәдениеттің әлеуметтендіруге тигізетін әсерін «менталдық» деп атайды. Бұл ұғым ХХ ғасырдың бас кезінде әлеуметтену ғылымына француз ғалымы Л.Леви-Брюль енгізген. Менталитет - халықтың терең, іргелі рухани санасы, тарихи – мәдени және климаттық – табиғат жағдайларының әсерімен қалыптасқан көпшіліктің ақыл - ойы мен түсініктері.

Әр ұлттың менталитеті тіршілік әдеттерінің ерекшеліктерінен, үй жиһаздары мен жасауларынан, декоративті – қолданбалы қолөнерінен, көркем өнер мен киім кешектері, жүріс – тұрысы мен қарым қатынасындағы сый – құрметінен, көркемдік туралы түсінігі мен еңбекке деген көзқарасынан, отбасы салт – дәстүрінен, мейірім – қайырым сипатынан байқалады. Ересек

адамдар мен балалардың арасындағы өзара қарым–қатынасы, балаларды қалай тәрбиелеу керек олардың қандай мүмкіндіктері мен қабілеттері бар, қандай мамандық алып, кім болуды армандайды, тәрбиеде қандай құралдар мен әдістерді қолдану керек деген секілді мәселелер менталитеттің тәрбие нәтижелерін болжау тұжырымы болып табылады.

Талай ғасырлардан бері атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып келе жатқан салт – сана, мәдени байлық, халықтық әдет – ғұрып, әйел мен еркек арасындағы қарым – қатынас т.б. менталитеттің көріністерімен сипаты болып табылады.

Менталитет отбасындағы қарым – қатынасқа, сый – құрметке, ересек және қарт адамдарды сыйлауға, кішіге ізет, кемтарлар мен бишараларға қайырым, көмек беру мен ұлттық этникалық ережелерді сақтауға өз ықпалын тигізді.

Ұлттық менталитет өсіп келе жатқан жас буынды тәрбиелеуде ұсынатын болжау теориясын да қамтиды.

Белгілі ғалым Н.С. Конның зерттеуі бойынша, ересек адамдар мен балалардың арасындағы өзара қарым–қатынасы, балаларды қалай тәрбиелеу керек олардың қандай мүмкіндіктері мен қабілеттері бар, қандай мамандық алып, кім болуды армандайды, тәрбиеде қандай құралдар мен әдістерді қолдану керек деген секілді мәселелер менталитеттің тәрбие нәтижелерін болжау тұжырымы болып табылады.

Этностың эмпициттік тәрбиелеу тұжырымы ересек адамдардың әлеуметтік тобы. Оның жыныстық жас ерекшеліктері, экономикалық, идеологиялық, мәдени құрылымдары бар. Енді соларды қысқаша қарастырамыз. Қоғамның жыныстық сипаттамасы әйел мен ер адамдардың санынан емес, олардың қоғамда және отбасында алатын орнынан байқалады;

- әйел мен еркектің әлеуметтік статусы матриархат – архаикалық мәдениетте, патриархат – кейбір Азия және Африка өлкелерінде, биархат – тең рөлді – Еуропа және ТМД құрамындағы Азия мен Орта Азия өлкелерінде орныққан;
- үй шаруашылығындағы адамдар: әйелдер де, ерлер де кездеседі;
- жергілікті әкімшілік органдарында жұмыс істейтіндер.

Адамдардың жас ерекшеліктерінің әлеуметтендіруге тигізетін әсерін ғалым Маргарет Мид зерттеген. Қоғамның өзгеруіне қарай және жас ұрпақ пен ересек буындардың бір – біріне тигізетін ықпалына байланысты М.Мид оның үш түрлі типте болатынын анықтаған: біріншіден, ересек және жасы ұлғайған адамдар жастар үшін үлгі-өнеге болумен бірге, ұрпақтан – ұрпаққа өтіп отыратын әдет-ғұрып, салт – сананың сақталып әлеуметтену үрдісіне айналуына өз ықпалын тигізеді; екіншіден, құрбылары мен жолдастары сыныптастары мен ауылдағы достары, т.б. араласқан ортаның ықпалы күшті; үшіншіден, балалар мен жастардың әлеуметтену үрдісіне ықпалы. Өйткені олар қоғамда болып жатқан өзгерістерді жылдам қабылдап, жаңа жағдайларға тез көніп, жаңалықты шұғыл бағалай алады. Мұндай жағдайға қарттардың бейімделуі күрделі. Өйткені олар өткен дәуір құндылықтарын ұмыта алмай, жаңаны қабылдай алмай қиналса, жастар оларға тез көніп, жаңа жағдайларға шұғыл бейімделе алады.

Жас ерекшеліктерінен басқа әлеуметтену үрдісіне қоғамдық құрылымның да ықпалы пәрменді болатынын атап өтуге болады.

Қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеген Т.И.Заславскаяның пікірі бойынша ол былай сипатталады:

- жоғары қатардағылар немесе саяси және экономикалық элита, қолында байлық та, билік те бар адамдар тобы;
- одан гөрі төмен қатарда ірі өнеркәсіп иелері мен осындай ірі кәсіпорындардың менеджерлері;
- ортаңғы қатар – шағын меншік иелері әлеуметтік қызметкерлер, басқару орындарының және тәртіп сақтау органдарының қызметкерлері, зиялылар тобы, бұқаралық ақпараттар құралдардарының қызметкерлері т.б.
- төменгі қатар – арнайы кәсіптік білімі, мамандығы жоқ қара жұмысшылар, ардагерлер тобы, әлеуметтік күйзеліске ұшырағандар т.б.

Мемлекеттегі өзгерістер мен жаңғыруларға байланысты Қазақстанда көптеген мамандардың кедейленуі, жұмыссыздар мен қылмыстық істерге барғандар, оқи алмай қалғандар саны көбейді. Мұндай көріністер әрине халықтың тұрмысына және өсіп келе жатқан жас буындарға өз ықпалын тигізетіні белгілі.

Қоғамның экономикасының өсу деңгейі ондағы адамдардың тұрмыстық ахуалы мен өмір сүру шарттарын белгілейді. Кедейлік пен жоқшылықтан адамдар әр түрлі қылмыстық істерге баруда, мысалы зорлық – зомбылық, қорқыту, бұзып-шағып бүлдіру, масайту ішімдіктерін ішу, нашақорлық, ұрлық секілді келеңсіздіктер белең алуда. Үлкендер өткен дәуір құндылықтарын ұмыта алмай, жаңаны қабылдай алмай қиналса, жастар оларға тез көніп, жаңа жағдайларға шұғыл бейімделе алады.

Қоғам экономикалық жағынан қаншалықты жоғары дәрежеге көтерілген сайын адамдардың білім алып, тәрбиеленіп қалыптасуына да соншалықты жоғары дәрежеде ықпал етеді. Қоғамдағы мұндай көріністер жастар мен балаларға да теріс әсерін тигізеді. Мемлекет өз халқының, азаматтардың құқығын және бостандығын қамтамасыз етеді, міндетті білім беру, еңбектену, кемелдену, отбасын құру, әскери қызметін өтеу, зейнетке шығу уақытын белгілейді және қаржымен қамтамасыз етеді. Сондықтан мұндай жағдайларда тәрбиелеу мен әлеуметтендіру жұмыстарына ерекше мән берілуі керек.

Тәрбиелеу – мемлекеттік институт ретінде жастарды теріс әрекеттерден, жаман ойлар мен қылықтардан сақтау немесе солардың алдын – алу, тура жолға бастау, қоғамдық жүріс – тұрыс нормаларын іздестіру, адамдардың дамуын қамсыздандыру мақсатын көздейді.

Тәрбие отбасылық, діни әлеуметтік және түзету педагогикасы болып бөлінеді.

Отбасы тәрбиесі әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі, бауырлары тарапынан жүргізіліп, туысқандық сипатта болады.

Ал дін тәрбиесі көбінесе, арнайы діни мекемелер арқылы жүргізіледі десек те, кейбір отбасыларында оған мән берілмейтіні байқалады.

Мемлекет - заңнамалық саяси ұғым. Ол саяси жүйенің тізбегі ретінде билік жүргізу қызметін атқарады. Бұл жүйе басқару аппараты, әкімшілік және қаржы

органы, сот органы бір – бірімен тығыз байланыста қызмет етеді. Мемлекет өз халқының, азаматтардың құқығын және бостандығын қамтамасыз етеді, міндетті білім беру, еңбектену, кемелдену, отбасын құру, әскери қызметін өтеу, зейнетке шығу уақытын белгілейді және қаржымен қамтамасыз етеді. Демек, адамды әлеуметтендіру мемлекет тарапынан қуатталады және басқарылады.

Азаматтарды тәрбиелеу жұмыстары да мемлекет тарапынан іске асырылады, өйткені мемлекет өзіне қажетті әлеуметтік тапсырыс бойынша адамдардың дамуына, қалыптасуына жағдай жасап, мүмкіндік туғызады.

Мемлекеттік тәрбие беру жүйесіне мыналар жатады:

- әр түрлі типтегі оқу – тәрбие мекемелері, балабақша, арнайы орта және кәсіптік мектеп, жоғары білім беретін оқу – орындары, лицей, гимназия, колледж, техникум т.б.
- денсаулығы нашар балалар үшін құрылған арнайы емдеу, тәрбиелеу мекемелері;
- дарынды және қабілетті балаларға арналған оқу – тәрбие мекемелері;
- әлеуметтік күйзеліске ұшыраған балаларға арналған мекемелер;
- жетім және мүгедек балаларға арналған оқу – тәрбие мекемелері;
- қайта тәрбиелеу және түзету мекемелері;

Бұларды материалдық жақтан қамсыздандыру мемлекет тарапынан жүзеге асырылады. Мұндай мекемелерде жұмыс істейтін мұғалімдер мен тәрбиешілер, волонтерлар да мемлекет тарапынан даярлықтан өтеді, бақылауға алынып, қолдау көрсетіледі.

4. Мезафактор және олардың адамға ықпалы

Адамға әсер ететін факторлардың үшінші тобына **мезафакторлар** (мезо - орташа) жатады. Мезафакторларға тұрғылықты жерде халықтың болмыс түрі, әртүрлі субмәдениетке қатысы бойынша сараланатын адамдардың үлкен тобын әлеуметтендіру жағдайы. Сондай-ақ халық өмір сүретін аймақ, ауыл, қала, шағын қала, аудан және бұхаралық ақпарат құралдары - радио, теледидар т.б. және соған байланысты субмәдениет немесе мәдениетке жақын жерде орналасқан даму тенденциялары бар елді мекен кіреді.

Аймақ - өлкенің құрамдас бөлігі. Онда жергілікті халық өмір сүріп, еңбектенеді, өсіп-өнеді. Әрбір аймақтың өзіне ғана тән, сонда өмір сүрген адамдарға ықпал ететін ерекшеліктері бар: табиғи – географиялық шарттары, мысалы, климаты жер жағдайы, көгал жазирасы, жер асты байлықтары және де басқа да ерекшеліктері; ірі қалалардан алыс не жақын орналасуы, басқа аймақтарға алыс – жақындығы, бұқаралық ақпарат құралдарымен қамсыздандыру т.б. әлеуметтік – экономикалық ерекшелігі - өнеркәсіп орталығы, халықтың тұрмыс деңгейі, мәдениеті, экономикалық байланыстар т.б. әлеуметтік-демографиялық ерекшелігі – халықтың ұлттық құрамы, отбасы ерекшеліктері, өсіп-өну сипаты болып табылады.

Бұл келтірілген ерекшеліктер халықтың тұрмыс – тіршілігіне, денсаулығына, өмір сүру жағдайларына, өмірінің ұзақтығына, салт-санасына ықпал етеді. Сонымен қатар, адамдардың психикалық қалыптасуына да ықпалы мол. Мысалы, ақпаратты дер кезінде алмайды, радио, теледидар

жұмыс істемейді, газет – журналдар ол жақтарға жетпейді, кинотеатр жоқ, мәдениет үйлері жоқ, немесе жабылған, кітапхана жұмыс істемейді. Сондықтан алыс жерлерді мекендеген ауылдар, таулы ауданда орналасқан шағын мекендер, кен орындарындағы халықтың әлеуметтік мәселелері баршылық. Кейбір елді мекендерден адамдар басқа жаққа қоныс аударады, кейбірулері отырықтанып қалады.

Бұл айтылған ерекшеліктер жастар мен балалар арасында кездесетін келіспеушілікке, қылмысты істерге баруына, ересектермен тіл табыса алмауы секілді қарама-қайшылық алып келетіні де белгілі. Әр түрлі әлеуметтік, идеологиялық мәдени артта қалушылық секілді кемшіліктерді бақылауға алу, әлеуметтік тәрбиелеу жұмыстары да жергілікті басқару жүйесінің негізгі міндеттерінің қатарына кіреді.

Қазіргі кезде «тастанды бала» деген ұғым пайда болды. Оның көптеген себептерінің бірі психологиялық, әлеуметтік, экономикалық көмекке зәру жас аналар - жас қыздар екені белгілі.

Әлеуметтендіруге бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) тигізетін әсерін бірнеше мағыналы қырынан көруге болады. Біріншіден, рекреативті жағы – халықтың бос уақытын өткізу құралы ретінде, кино көріп, газет оқып, театрға барып күнделікті тұрмыс – түйткілдерден, ауыр шаршаудан, қайғы қасіретінен айырылып, адамның нерв жүйесінің демалуына ықпал жасайды.

Екіншіден релаксациялық қызметі – жастар мен жеткіншектер жолдастарымен жолығуға зауқы соқпаса, үйде жалғыз қалса, ата – анасымен сөйлескісі келмесе магнитофон қосып, музыка тыңдап, компьютермен жұмыс істеп уақытын өткізеді. Үшіншіден, БАҚ – тың баланың өзіне қажетті мәліметтер алуына ересек адамдардың дамуына тигізетін септігі зор. Осы құралдар арқылы көптеген мәліметтерді естіп, көріп, түсініп, ауқымы кеңейіп, әр түрлі мәліметтер жинауға үйренеді. Бірақ электрондық құралдардың кең таралуынан балалар мен студенттер кітап оқу арқылы білім жинақтаудан тысқары қалуда, сөйтіп олар өздігімен білім жинақтау жолын меңгере алмауда. Бұның салдары олардың кәсібін меңгеруіне теріс әсерін тигізуде. Алайда, көпшілік қауымға арналған мәліметтерді естіп, төрткүл дүниенің әр тарабынан мәлімет алып отырады. Сондықтан, БАҚ қызметкерлері танымдық сипаттағы мәлімет беретін, білім жинауға, тәрбиелік ықпал ететін бағдарламалар жасап, талқылап теледидардан беріп отыру керек.

Ақпарат құралдарын дұрыс пайдалану мақсатында кейінгі кезде медиа білім беру (латын сөзі «құрал» деген мағынаны береді) деген ұғым пайда болды. Оны сипаттай келе зерттеуші, ғалым В.А.Шариков «медиа білім беру» мағлұмат құралдарының заңдылық өлшемдерін зерттеуде деп есептеген. Оның негізгі мақсаты - қазіргі кездегі шарттарға бейімделуге жастарды даярлау, қажетті білім алу бағдарламаларын таңдай білу, ауызекі сөйлесу арқылы жеткізу мүмкіндігі болмаған мәліметтерді түсіндіруге, қимылдамай өте көп отырудың денсаулыққа зиян екендігін ұғындыру болып табылады. Медиа білім алу мектепте, орта және жоғары оқу орындары мен тағы басқа да білім ордаларында жүзеге асырылады.

Субмәдениет – (латын сөзі - мәдениеттің ерекше құрамды бөлігі) арнайы әлеуметтік – психологиялық белгілерді қамтитын ерекшелік. Ол автономды болып, белгілі бір территорияны мекендеген халықтың өмір – салтын, жүріс – тұрыс нормаларын, ақыл – ой ерекшеліктерін, көркем табиғатын тіл ерешеліктерін, сөйлеу мәнерін, диалект, жаргон т.б. қамтиды.

Сонымен қатар қылмысты ұйымдар мен топтар мысалы, жастар тобы діни секталар, әйелдер, қарттар, кәсібіне қарай ұйымдасып, топтасқан – мұғалімдер, мергендер, балықшы, құмар ойындар, әлеуметтік кедейшілікке ұшырағандар, мысалы баспанасы жоқ қашқындар, қуғандар т.б жатады.

Кейбір топтың әлеуметтік талаптары, ойлары мен көзқарастары, пікірлері қоғам пікіріне қайшы теріс сипатта болады.

Әлеуметке қайшы оқшауланған, әрі жасырын топтардағы орнатылған тәртіп бойынша оның мүшелеріне, соның ішінде балаларға да ойланбастан, толық, өз тұрғысынан пікір айтпастан бағыну талабы қойылады және ол топтан өз еркімен шығып кете алмайды. Мұндай субмәдениеттің болуы және сақталуы топтың құрылымының тұрақтылығына, көсемнің мәртебесіне байланысты болады. Атап айтсақ, топ мүшелерінің бір-бірімен болған қарым – қатынасы, «біз» және «басқалар» деген ұғымның ортақтығы мен орнықтылығы, тәртіпті бұзғандардың қатаң жазалануы секілді тағы басқаларымен ерекшеленеді.

Жастар арасындағы субмәдениет көбінесе модаға еліктеуден, мысалы, киім – кешек, сыртқы сипатымен көрінісі, тыңдайтын музыкасы, билеу мәнерімен сөйлеу мәнері тағы да басқа да көркемдік талғамынан, эстетикалық қызығушылығынан басталады. Ал ересек адамдардың мұндай жаңа модаға көшуі көпке дейін байқалмай, тек көпшілік сипат алғанда, не болмаса істеген іс-әрекеті қоғамға бір зиян келтіре бастағанда көріне бастайды.

Жастардың қызығуы, қажеттіліктері, ұмтылысы мұраты сан түрлі. Оларды қанағаттандыру үшін субмәдениеттің жақсы және жаман жақтарын зерттеп, біліп, түсініп, көмектесу үшін әлеуметтік педагогтар мен қызметкерлер, педагогтар мен тәлімгерлер, әлеуметтік психологтар бірлесе отырып жан жақты, ұтымды жолдарын қарастыруы тиіс. Осындай топтар мен ұйымдардың мүшелерімен не ұжыммен сөйлесу, әңгімелесу, оң жолға салу, тіл табысып жұмыс жүргізу аса маңызды.

Ауылдық жердің алыс аудандарында орналасқан елді мекендердің әлеуметтік маңызы оның ерекшеліктерімен сипатталады. Жастардың басқа ұлт өкілдерінің қалаға не болмаса басқа жерлерге көшіп кеткеніне қарамастан, алыстағы аудандарда осы уақытқа дейін жергілікті халық өмір сүріп келеді. Ауыл шарушылығы, оның ішінде малшылар мен егіншілердің отбасына қажетті жағдайлармен, азық – түлік, үй тіршілігінің керек-жарағымен қамтамасыз ету көп уақыт алады және тынбай еңбектенуді керек етеді.

Қалада адамдардың көп орналасқанынан және әлеуметтік ахуалы, тұрмыс жағдайы қолайлы болғандықтан әлеуметтендіруге мүмкіндік мол. Қалалар адам саны орналасқан жердің көлемі жағынан шағын қаланың 50 мың тұрғыны болса, орташа көлемдегі қала – 350-400 мың тұрғыны бар, ірі қала – 1 млн, өте үлкен қала немесе гигант миллионнан артық тұрғаны бар қалалар болып бөлінеді. Бұлар атқарылатын міндеттері бойынша: өнеркәсіп қалалары

(мысалы, Қарағанды, Екібастұз Атырау, Ақтау секілді басқару - әкімшілік қала – Астана, білім мен мәдениет орталығы – Алматы, Шымкент пен Түркістан, Шығыста Семей мен Өскемен, орталықта – Астана, Батыста Ақтөбе мен Петропавл т.б.)

Қалалардағы қолайлы ахуал, мәдени орталықтар оқу – орындарының болуы, кітапханалар мен клубтар, театрлар мен концерт залдары, радио және телеорталықтар т.б. тұрғындардың, соның ішінде жастар мен балалардың жылдам әлеуметтенуіне ықпал етеді. Осылайша жақсы сипаттармен қатар, қала қаншалықты ірі болса, соншалықты қылмысты істерге де қолайлы жағдайлар бар, мысалы ұрлық, маскүнемдік, жезөкшелік, салдарынан болатын әр түрлі қылмыстар осы қалаларда көрініс береді. Әлеуметтену мәселесіне байланысты ірі қалалардың мынадай негізгі көрсеткіштерін атап көрсетуге болады:

- адамдар арасындағы байланыстардың әр түрлі болуы, мысалы, жұмыстағы әріптестермен байланыс, таныстар арасындағы қысқа уақыттық қарым – қатынас, терең сезімдерге негізделген қарым – қатынас, анонимді қарым – қатынастар;
- отбасындағы субъективті – эмоционалды сезімдер сипатындағы қарым-қатынас;
- күн көріс тәсіліне байланысты – бала бағу, машинамен адам тасу, үй қызметін өтеу т.б.

Қала тұрғындарының өмір салтының, мәдени стереотиптің, құндылық мәселелерінің әр түрлілігі ретінде мыналарды атауға болады.

- қаланың әлеуметтік мәртебесінің тұрақсыздығы, әлеуметтік мотивациялардың мүмкіндігінің кеңдігі;
- адамдардың жүріс – тұрысын бақылаудың күрделілігі.

Міне, осы ерекшеліктердің негізінде жастар мен балалардың жаңа жағдайларға бейімделуі және таңдау мүмкіндігінің молдығы да олардың әлеуметтенуіне ықпал етеді. Оны жігерлілік, жинақылық, «мобилдік» деп атап оның өзін мынадай екі түрде сипаттауға болады:

Біріншісі, территориялық мобильдік – жинақылық. Территория ұлғайған сайын ондағы адамдардың оны танып – білу ауқымы кеңейеді, мысалы, үйден аулаға, одан көшеге, басқа қалаға, ауылға т.б. шығып, елмен араласу ауқымын кеңейтеді. Жас өткен сайын мұндай мәселелер адамды қызықтырмайды. Қалалықтардың өмір сүру мекенін алмастырып тұруға, баспанасын кеңейтуге, басқа жерге көшуге мүмкіндігі мол.

Екіншісі, әлеуметтік жігерлілік – мобильділік. Оның тік және көлбеу сипаттары болады. Көлбеу сипатындағысы, адамдардың жұмыстан екінші бір жұмысқа, кәсіптің бір түрінен екінші біріне өтуі; тік сипатына қызмет дәрежесінің көтерілуі, не төмендеуі жатады. Мұндай жағдайларда, мысалы қызметі төмендеген, не басқа кәсіпке ауысқан жағдайда, қарама – қайшылықтар болғанымен, кейбір жастар іштей күйзелгенімен, жаңа шарттарға жылдам бейімделе алады. Мұндайда жастардың кейбіреулері басылып, намыстанып, не болмаса өздерін басқалардан кем сезініп қалатын ахуалдар да болады. Бірақ көпшілік жағдайда жас болғандықтан оларды ондай жағдайда көтере алады. Ересек адамдарға керісінше, бұл ауыр тиеді. Сондықтан психологтар жас

ұлғайған сайын кәсіптің тұрақты болуы керектігін ескертеді. Қазіргі кезде осындай жағдайларға ұшыраған жастарға арнайы оқу орталықтары, жаңа кәсіпті меңгерту кешендері, әлеуметтік көмек беру мекемелері мен ұйымдары бар. Олар жастарға орнын табу мүмкіндігін дұрыс пайдалануға ақыл – кеңестер беріп, көмектеседі.

Шағын қалаларда халық саны аз болғандықтан бірін-бірі танып, біліп араласып, өмір сүруінің өзі әлеуметтендіру мәселесіне көп ықпал ету жағынан көп мүмкіндіктерді:

- білім орнын және кәсіп таңдау;
- бос уақытты өткізу
- ішкі рухани байлығын көрсету мен қабілеттерін жүзеге асыру;
- шығармашылық және ісмерлік, шеберлік т.б.

Бірақ, ірі және өте үлкен қалаларға қарағанда, шағын қалаларда жастардың бойындағы мүмкіндіктерді дамыту және жүзеге асыру біршама кешеуілдеп шешіледі. Мансапқа ұмтылу, байлыққа ие болу, айлықты молынан алуға ұмтылу, үй салу, машина алу шағын қалаларда да ірі қалалардағыдай шешіледі.

Шағын қалаларда өмір сүретін тұрғындар ірі қалалармен қарым – қатынас орнатып, кейде тіпті өздері де баспана сатып алу мүмкіндігіне қол жеткізе алады.

Ауыл – халықтың ерекше орналасқан мекені. Олардың түрлері әр алуан, мысалы мыналарды айтуға болады:

- жұмысшылар ауылы- өнеркәсіп дамыған, қазба байлықтарын өндіретін жерлерде орналасқан, әр түрлі жұмыс орны бар ауылдар;
- курортты жерлерде орналасқан ауылдар;
- қала ішіндегі ауылдар, мысалы зауыт – фабрикада акционерлік ұйымдарда жұмыс істейтіндерге арнап салынған ауылдар.

Елді мекеннің ауылдан айырмашылығы, онда ауылға қарағанда тұрақты орнықпаған, белгілі бір мезгілге жұмыс істеу үшін келгендер, жалдамалы жұмысшылар бостандыққа шыққандар, басқа елдерден келгендер өмір сүріп, жұмыс істейді.

Мұндай жерлерде халықтың тұрмысы бір жағынан ауылдағы секілді мал шаруашылығымен айналысу және егін егумен ұқсаса, екінші жағынан қала тұрғындарына да ұқсайтын тұстары бар. Олардың арасындағы қарым-қатынас көп жағдайда жұмысына, кәсібіне байланысты болса, мәдени саяси деңгейлері прагматикалық көзқарас негізінде қалыптасып, саяси - әлеуметтік жағдайда өтеді. Ересектер арасында маскүнемдік, нашақорлық шылым шегу кең таралып, жастарға да теріс ықпалын тигізіп отыр.

Қазіргі кездегі мемлекеттік құрылымдағы саяси - әлеуметтік өзгерістер муниципалдық тәрбие мекемелерінің пайда болуына алып келді. Муниципалды тәрбиелеу жүйесі дегеніміз – жоспарлы түрде Республиканың барлық жерлерінде: қала, ауыл, аудандарда халықтың рухани дамуына бағытталған, заман талабына сай құралдарды тиімді пайдалануға жағдай жасау болып табылады.

Ресейлік ғалым – А.Ю.Тупицина өз зерттеуі нәтижесінде муниципалдық тәрбиелеу жүйесінің төмендегідей сипаттамасын келтірген:

- тәрбиелеу жүйесінің ашықтығы – тәрбиеленушілердің өзін емін – еркін сезінуі;
- тәрбиелеу жүйесінің қолайлылығы және барлығы үшін бірдейлігі;
- тәрбие жұмыстары формалардың әр түрлі болуы мен тәрбиеленушілердің өз қалауымен барлық шараларға араласу мүмкіндігінің болуы.

Муниципалды әлеуметтік тәрбиенің негізгі мақсаты:

- балалардың денсаулығын сақтау қызметінің сапасын жақсарту;
- балаларды салауатты өмір салтын ұстауға, тәрбиелеу үшін медициналық-педагогикалық түсіндіру, үгіт – насихат жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқу – тәрбие – мекемелеріндегідей балаларды азық – түлікпен қамтамасыз ету, тамақтың сапасын жақсарту жұмыстарын қадағалау;
- балалардың оқып, білім алуына кеңінен жағдай жасау;
- мектептен тыс мекемелердің жұмысын жандандыру, мәдениет үйінде үйірмелер ашу, клубтар мен орталықтар ұйымдастыру, балалардың бос уақытын мәдениетті өткізуге ықпал жасау;
- балалар арасындағы заң бұзуға, маскүнемдікке, нашақорлыққа қарсы және алдын алу іс – шараларын жүзеге асыру.

Бұл мақсаттарды практикада орындау үшін мемлекетті басқару мекемелерінің, қоғамдық және діни ұйымдарда білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау органдарының жүйесінің мүмкіндіктерін муниципалдық - әлеуметтік тәрбиелеу жүйесінің жұмыстарын ұйымдастыру, кадрлар мәселесін шешу мен әлеуметтік зерттеу, әдістемелік жұмыстарын жүргізу керек.

5. Адамды әлеуметтендірудегі микрофакторлардың маңызы

Төртінші - **микрофакторлар** – белгілі бір нақты адамдарға әсер ететін қозғаушы күштер жатады - әйелмен отбасы, көрші, құрдастар тобы, тәрбие орындары, әртүрлі қоғамдық діни, мемлекеттік, жеке ұйымдар.

Микрофакторлар яғни, «кішкене» деген сөздің мағынасына үңілсек, ол адамға ең жақын орта дегенді білдіреді. Бұған адамның отбасы, көрші қолаң, құрбылар, сыныптастар, курстастар, бірге жұмыс істейтіндер, қоғамдық мемлекеттік, жеке меншік мемлекеттер кіреді де олар микроәлеуметтер құрайды.

Адам қандай ортада болсын, ол оның қалыптасуына, өсіп-өнуі мен дамуына, тұлға ретінде өмір сүруіне ықпал етеді. Егер де бала жақсы ұйымдастырылған, бірін – бірі сыйлайтын, жағымды қарым – қатынас орнаған ортада өсетін болса, онда оның бойында жақсы қасиеттер қалыптасады. Егер керісінше, болса, ондағы жағымсыз қарым-қатынас баланың тәртібіне, көзқарасына теріс ықпал етеді. Әрбір қоғам, мемлекет, отбасы, мүшелері не азаматтары үшін өзінің даму тарихында көптеген жүріс – тұрыс ережелерін, ұстанымдары мен қағидаларын, ұсыныстары мен қағидаларын, оларды жүзеге асыру жолдарын мысалы, нандыру, иландыру, сендіру, сыйлау, марапаттау секілді әдіс-тәсілдерін қолданды.

Адамның әлеуметтік ортада өмір сүруінің бірқатар тетіктері бар. Олар психологиялық және әлеуметтік – педагогикалық тетіктерден тұрады:

- жаттығып, бейімделу – аккомодация. Бұл-адамдардың жаңа жағдайларға, қоғамдық, отбасылық, діни ахуалдар өзгерген кезде соған сәйкестеніп, лайықты өмір сүруі;
- бірігіп, кірігіп кету-идентификация-басқа адамдардың топтардың, жеке тұлғалардың жүріс – тұрысына, қарым – қатынасына өзін ұқсатып, не дәл соны қайталау болып саналады;
- кері байланыс – рефлексия. Бұл – өзін-өзі тәрбиелеу, өздігімен білім алу, өмірде өзімен өзі кеңесіп, сөйлесіп, талдап шешім қабылдау.
- еліктеу – адамның белгілі бір мұратты, бейнені үлгі не мысал ретінде қабыл алып өмір сүруі, әлеуметтік-тұрмыстық тәжірибе іздестіруінің ең маңызды түрі;
- елестету – импринтинг, бұл көріп-білгенін, естігенін көз алдына келтіріп елестетіп, соларға ұқсау не дәл соны қайталау болып саналады. Әлеуметтендіру үрдісінде тиімді пайдалана білсе бұның да маңызы зор.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» 1998 жылы қабылдаған Заңы 2001 жылы қайта қаралып, кейбір өзгерістер мен өзгертулер енгізілген болатын. Мұнда отбасы, әке, ана және баланың мемлекет қорғауында болатыны, балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп – жетілуі мен әл – ауқатты болуына қамқорлық жасау, отбасының кәметке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру, отбасының барлық мүшелерін салауатты тұрмыс салтына ынталандыру принциптеріне негізделеді. Осы заңда отбасы және некеге байланысты бірқатар ұғымдар берілген, мысалы, әлеуметтік мәселелерге қатысты «патронат - уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның жасасқан шарты бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың басқа азаматтардың отбасына тәрбиеленуге берілетін тәрбие нысаны» немесе тәрбиеленуге берілетін бала. Алимент - алуға құқығы бар екінші адамға бір адам беруге міндетті болатын асырау қаражаты», ал қорғаншы немесе қамқоршы – «қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін заңды белгіленген тәртіппен тағайындалған адам».

Отбасы демографиялық құрылымымен ерекшеленеді: шағын отбасы, үлкен отбасы, толық, не болмаса толық емес, баласыз, көп балалы отбасы, жалғыз балалы отбасы болып топтастырылады. Отбасының әлеуметтік – мәдени деңгейі де әр түрлі, мысалы, білімді, қоғамдық өмірге араласатын, ересектердің бірі үлкен қызметте, не жұмысы жоқ болып келеді.

Отбасылардың техникалық – гигиеналық өмір салты әр түрлі. Соған қарамастан қандай отбасы болса да бала тәрбиесіне, оның әлеуметтенуіне тигізетін әсері мол. Олар мыналар:

- баланың эмоциялық бейімделуі және дене бітімінің дамуына;
- психикалық жүйке жүйесінің дұрыс қалыптасуы мысалы, түйсіну, сезіну, қабыл алу, көңіл бөлу, ақыл – парасатының дамуына;
- зерделік дамуына, ақыл-ойының қызметін пайдалануға дағдыландыру;
- әлеуметтік нормаларды меңгеруіне;

- құндылық бағдарының қалыптасуына.

Демек отбасының балаға тигізетін ықпалы – отбасы құрамы, білім деңгейі, әлеуметтік мәртебесі, материалдық шарттары, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасымен анықталады.

Қазіргі кездегі отбасылық орта әр түрлі. Кейбір отбасында балалар қараусыз қалып, өз уақытында оқуға бару мүмкіндігі болмай, қылмысқа араласып кететін жағдайлар болады.

Отбасы тәрбиесі баланы әлеуметтендіру үрдісінде маңызды орынға ие. Өйткені барлығы отбасынан басталады. Әр отбасының тәрбиелеу мақсаты, мазмұны, түрлері мен әдістері отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасынан, сый – құрмет, әдет – ғұрып, басқару салтынын басталады.

Отбасы тәрбиесі қарапайым гигиеналық ережелерді сақтау, тұрмыс – тіршілікке араласу, еңбектену, өзіне - өзі қызмет ету секілді әдет – дағдылар мен тәртіп нормаларын қалыптастырудан бастап, болашақта мәдениетті, білімді, ақыл – парасатты кәсіп – иесі болуға бағытталады.

Отбасылық тәрбиелеудің ең негізгі сипаты – ересектер мен отбасылардың өзара қарым – қатынасында. Олар әр түрлі болуы мүмкін: авторитарлы, демократиялы.

Кейбір ата – аналар баланың толық бағынуын, жүрген – тұрғандарын, кейде тіпті, оның ішкі жан дүниесімен ой – санасын да бақылауға алуға тырысады. Олардың салдарынан бала мен әке, қыз бен ана бір-бірінен алыстап, өзара сенімсіздік туындайды.

Отбасы тәрбиесінде материалдық жақтан қамсыз болудың зор маңызы бар. Кедейлік - әлеуметтік құрбандықтың ең күрделі де нашар түрі. Сондықтан әрбір отбасының материалдық ахуалының жақсы болуы, мүлкі мен жиһазы, киім – кешегі, азық – түлігінің болуы - әлеуметтендірудің басты шарттарының бірі.

Әлеуметтендірудің тағы бір маңызды шарты, көрші қолаң мен араласқан адамдардың бір – біріне ықпал жасауы. Көршілер жақын араласып, өзара байланыс орнатып, бір – бірінен мәлімет алып, өзара көмектесіп, қатар өмір сүреді. Әсіресе балалар үшін көршілердің жақын араласуымен қатар, олардың балаларымен бірге ойнау, бірге оқу, өзара қарым-қатынас жасау да маңызды.

Мектепке дейінгі кезде, мектепке барғанда балалар бір-бірімен қоян- қолтық араласып, әлеуметтік тәжірибе жинайды, тұрмыстық тәртіп, жүріс – тұрыс ережелерін меңгереді. Баланың құрбылары жоқ болса, не болмаса олардың арасындағы қарым-қатынаста келісе алмаушылықтар пайда болса, онда бұлар әлеуметтенуге тері әсерін тигізуі мүмкін.

Балалар арасында жолдастық қарым – қатынастар жасы жағынан әр түрлі балалар арасында бола береді. Осындай құрбыластық қарым-қатынаста 2-ден 5-ке дейін, өзара келісіп, араласу 7-10 адамға дейін, әлеуметтік қарсы топтар 10-15 адам, ұйымдасқан бейресми топтар 30-40 адамға дейін болады. Әр топтың жетекшісі, басшысы қойған мақсатқа байланысты істі жақсы білетін, жақсы оқитын, ұйымдастыруға байланысты балалардан сайланады, не болмаса өздігінен үздік шығып, басшы бола алады. Балалар үшін көршілердің жақын

араласуымен қатар, олардың балаларымен бірге ойнау, бірге оқу, өзара қарым-қатынас жасау да маңызды.

Топ мүшесі өзін жолдастарының арасында жақсы сезініп, оларға қажетті екенін біліп, өз күшіне сенуі және топта белгілі бір орынға ие болуы да әлеуметтік тәрбиеде маңызды. Құрбысы, досы не жолдасы болмаған, басқалардан оқшауланып қалған бала өзін басқаларға «керексіз» деп сезінеді, жалғызсырап, мүмкіндіктерін іске жарата алмайды. Отбасы тәрбиесінде материалдық жақтан қамсыз болудың зор маңызы бар. Кедейлік - әлеуметтік құрбандықтың ең күрделі де нашар түрі. Сондықтан әрбір отбасының материалдық ахуалының жақсы болуы, мүлкі мен жиһазы, киім – кешегі, азық – түлігінің болуы - әлеуметтендірудің басты шарттарының бірі.

Әлеуметтік педагог балалар тобының мынадай үш негізгі сипаттамасын білуі керек:

1. Әлеуметтік тәрбие әр түрлі топтардан тұратын ұжымдарда, мектепте, мектептен тыс мекемелерде спорт секцияларында жүзеге асады. Тәрбие жұмыстары осы топтың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылады.

2. Әрбір ұжымда достық және жолдастық кіші топтар болады. Олардың қандай себептерге байланысты құрылғанын, құрамы қандай, өзара қарым – қатынасы қандай сипатта екенін әлеуметтік педагог өз жұмысында ұтымды пайдалана білуі керек.

3. Әлеуметтік тәрбиенің нәтижелігі – ұжым мүшелерінің өзара қандай қарым – қатынаста, кімдермен араласады, не нәрсені мұрат тұтып, қандай істермен шұғылданады, олардың басқа да іс - әрекетін білуге байланысты.

Егер педагогке әлеуметке қайшы топпен жұмыс істеуге тура келіп қалса, олармен жұмысты жоспарлы, мақсатты және әр түрлі тәсілдермен жүргізуді көздегені абзал.

Қысқасы, әлеуметтік педагог отбасымен жұмыс істеуден бұрын оны танып білуі, содан кейін ғана жұмыс мазмұны мен тәсілін жоспарлауы керек. Бұл ретте кейбір отбасылардың әлеуметтік педагогтың көмегіне қайшы істерге баруы, оны қаламауы секілді жағдайлар да кездеседі. Мұндай күрделі мәселелерді шешу әлеуметтік педагогтың білім – білігіне байланысты.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Космос және адам микрокосм ретінде - реферат жазу

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Мудрик А.В. Социализация человека, Москва, 2004 г.

2. Войскунский А.Е. Гуманитарные исследования в Интернете Москва, 2000 г.

3. Кон И.С. Ребенок и общество, Москва, 2003 г.

4. Халитова І. Әлеуметтік педагогика, Алматы, 2007 ж.

4 - дәрісбаян

Тақырыбы: Әлеуметтік педагогиканың ғылым ретіндегі принциптері

Принцип – бұл тәрбиелеу мақсатынан және тәрбие табиғатынан шыққан қағида. Принцип қайталанбайтын жеке жағдайларда, бірегей оқиғаларда, ерекше балалар тобында және олардың өзіндік қасиеттерінде жүзеге асырылуы мүмкін емес. Олардың жалпы сипаты барлық жерде принциптерді басшылыққа алуға және де жұмыстың ретін кәсіби түрде құруға мүмкіндік береді. Басқасы да түсінікті: принцип саны көп емес. Принциптер заңдылыққа сүйенбей-ақ, өздеріне әрекет субъектісін құрайды. Мысалы, мұғалім балалармен жұмыс істеу барысында ең бастысы – оларды қорқынышты ұстау, өйткені қорқыныш тәртіп сақтайды, ал тәртіп бар жерде білім де бар деген шешімге келеді. Бірақ соңынан мұғалім өзінің мұндай қорытындысына өзі таң қалған, себебі, қорқытып ұстау арқылы оқушылардың мектепке, мұғалімге деген жек көрініш сезімдерін оятқан. Сондықтан тәрбие қоғамдық талаптарға сәйкес болуы міндетті. Егер қоғам құқықтық демократиялық мемлекет құрып жатса, ендеше ондағы адам тәрбиесі адамгершілік, азаматтық заңдар мен қылық-әрекет нормалары рухында жүріп жатуы қажетті. Жалпы адамзаттық құндылықтар қалыптастырудың маңыздылығын ескерумен бірге әлеуметтік ортаның кездейсоқ та, мақсатты бағытта да әсер, ықпал жасайтынын естен шығармаған жөн.

Адам қандай ортада болсын, ол оның қалыптасуына, өсіп-өнуі мен дамуына, тұлға ретінде өмір сүруіне ықпал етеді. Егер де бала жақсы ұйымдастырылған, бірін – бірі сыйлайтын, жағымды қарым – қатынас орнаған ортада өсетін болса, онда оның бойында жақсы қасиеттер қалыптасады. Егер керісінше, болса, ондағы жағымсыз қарым-қатынас баланың тәртібіне, көзқарасына теріс ықпал етеді. Әрбір қоғам, мемлекет, отбасы, мүшелері не азаматтары үшін өзінің даму тарихында көптеген жүріс – тұрыс ережелерін, ұстанымдары мен қағидаларын, ұсыныстары мен қағидаларын, оларды жүзеге асыру жолдарын мысалы, нандыру, иландыру, сендіру, сыйлау, марапаттау секілді әдіс-тәсілдерін қолданды.

Қазіргі заман тәрбиесі гуманистік негізде болып, тұлғаның әлеуметтік-мәдени (өмір және әрекет-қылық кейпін таңдау және іске асыру), даралықты (тұлғаның өзіндік қалыптасуы), жауапкерлікті қатынас (құндылықтар таңдау) бағыттарында дамуына орайласады. Мұндай тәрбие технологиялық икемшілдігіменен (адамның қабылдау және психологиялық даму заңдылықтарына сай орындалады), көңіл-күйге сәйкестігімен (көңіл-күй тәжірибесін қалыптастырады), сұхбаттастығымен (екінші біреуге ұсыну үшін емес, өз меншікті тәжірибесін құрастыру үшін), жағдайға орай орындалуымен (негізгі құралы – тәрбиелік жағдай), болашаққа бағытталуымен (дамудағы тұлғаға арналады) ерекшеленеді. Өзіміз көріп отырғандай кез-келген тәрбие үрдісі принципке негізделе жүзеге асырылады. Соған орай, әлеуметтік тәрбие үрдісінің принципіне тоқталайық.

Әлеуметтік тәрбие процесінің принциптері (тәрбие принциптері) бұл тәрбие процесінің мазмұнына, әдістеріне, ұйымдастыру жолдарына қойылатын негізгі талаптарды айғақтайтын жалпы **бастау тұжырымдары**. Олар тәрбие

процесінің анайылығын аңдатып, педагогтарға нақты педагогикалық міндеттерді шешуде бағыт-бағдар береді. Жеке тұлғаның әлеуметтік дамуындағы тәрбие принциптеріне тоқталайық:

1.Тәрбиенің гуманистік бағыттылық принципі – педагогтің тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты субъект ретіндегі қатынасы. Тәрбиені

2. Табиғатқа сәйкестік принципі дегеніміз - табиғи және әлеуметтік үрдіс байланысының ғылымилығын негізге ала отырып, адам мен табиғат дамуының жалпы заңдылықтарымен үндесуін айтады.

Аталған принциптегі адам үшін ең маңыздысы:

- адамның өзін әлем азаматы ретінде сезіне білуі;
- планетадағы глобалды мәселелер мен планеталық үрдісті түсіне білуі;
- табиғатпен, социуммен оның бір бөлігі ретінде байланысының бар екенін сезінуі;
- адамзат қоғамының өмірі мен ноосфера арасындағы байланысты білуі;
- адамның өзін ноосфераны жасаушы және оны пайдаланушы, қорғаушы субъект ретінде білуі.

3. Тәрбиені мәдениетке сәйкестік принципі – дегеніміз, тәрбиенің белгілі бір ұлттың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, заңдары мен символдарына сәйкес жалпы адамзат құндылықтары негізінде ұйымдастырылуы. Бұл принципке сай балаларды, жастарды, үлкендерді этностың, қоғамның және әлем мәдениетінің әр түрлі жақтарымен таныстыру.

4.Әлеуметтік тәрбиенің түрлілігі принципі. Әлеуметтік тәрбиенің түрлілігі жеке тұлғаның қажеттіліктері мен қызығушылықтарының көп түрлі болуымен және қоғам талаптарымен анықталады.

Аталған принципті жүзеге асыру үшін:

- жеке тұлғаның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыратын әр түрлі тәрбие мекемелерін құру;
- тәрбиеленушінің жас және жеке ерекшеліктеріне сай әлеуметтік тәрбиенің формасын, мазмұнын, әдістерін іріктеу;
- әлеуметтік тәрбиенің аймақтық және муниципалдық жүйесін құру.

5. Тұлғалық бағыт принципінің тәрбиеші алдына қоятын талаптары:

1) тәрбиеленушілердің жеке темпераменттік ерекшеліктерін, мінез бітістерін, көзқарастарын, талғамдарын, әдеттерін үздіксіз зерттеп, жете білу; 2) тәрбие процесін диагностикалаумен бірге баланың ойлау қабілеті, сеп-түрткілер, ұстанымдары, өмірлік бағыты, өмір мен еңбекке деген көзқарасы, құндылықты бағамдары, тіршілік жоспарлары секілді тұлғалық сапалардың нақты қалыптасу деңгейін түбегейлі тану; 3) әр оқушыны тұлғаның ілгерілей дамуын қамтамасыз етуші күш-қуатына сәйкес әрі біртіндеп күрделеніп баратын тәрбиелік істерге ұдайы қатыстырып бару; 4) мақсатты іске асыруға кедергі болар себептерді өз уақытында анықтау әрі аластау, ал егер бұл мүмкін болмаса, жаңа жағдайлар мен шарттарға тәуелді тәрбие бағытына дер мезетінде өзгерістер енгізу; 5) барынша тұлғаның өз белсенділігін арқау ету; 6) тәрбиені тұлғаның өзіндік тәрбиесімен ұштастыру, оқушыға өзіндік тәрбие мақсаттарын, әдістері мен формаларын таңдауға жәрдем беру; 7) оқушыда дербестік, ынталылық, өзіндік

іс-әрекет қабілеттерін дамыту, тек басшылықпен шектелмей, табысқа жеткізер іс-әрекеттерді ұтымды ұйымдастыру және бағыттау білу.

6. Әлеуметтік тәрбиенің ұжымшылдық принципі. Ұжымдағы әлеуметтік тәрбие негізінде адам қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, қоғамдық өмірде өзін-өзі ұстауы, өзін-өзі тануы т.б. сияқты тәжірибе жинақтайды.

7. Әлеуметтік тәрбиенің диалогтық принципі. Балалар мен жастардың, жасөспірімдер мен қыздардың рухани-құндылық бағдары тәрбие үрдісіне қатысып отырған тәрбиешілермен төмендегідей құндылықтарды алмасу барысында: әлем мәдениеті мен нақты қоғам іске асырған құндылықтар; тәрбие ұйымының нақты мүшелерінің жеке құндылықтары; әлеуметтік тәрбие субъектісіне тән құндылықтар негізінде жүзеге асады. Субъектілікті болдырудың жалпы тәсілі – тәрбиеге диалогтық сипаттың берілуі. Адам басқа адаммен сөйлескенде, айтысқанда адамның кісілігі ашылады. Бұл жерде кіммен сөйлесіп отырғаның маңызды емес. Бала басқа біреумен араласу арқылы, ол өзін ең алдымен өзіне көрсетеді. Бала өзінің «жеке тұлға» екенін «басқа тұлғамен» қарым-қатынасқа түскенде ғана біледі. Диалогтық принцип балаларды қатаң бұйырудан және үлкендердің зекуінен сақтайды, сонымен қатар бұл ұстаным тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қатынас этикетін күшейтеді, қарым-қатынас жөні мен түрі жаңа мәдениеттің өрнекті этикалық жетістіктеріне жеткізеді. Субъектілікті болдырудың жалпы тәсілі – тәрбиеге диалогтық сипаттың берілуі. Адам басқа адаммен сөйлескенде, айтысқанда адамның кісілігі ашылады. Бұл жерде кіммен сөйлесіп отырғаның маңызды емес.

8. Тәрбиеде өнеге-үлгіні сүйеніш ету принципінің талаптары қарапайым: педагог баланың ұнамды мінез бітісін табады, оны пайдаланып, басқа, әлі қалыптаспаған не кері кеткен мінез бітістерін дамытады, қажетті деңгейге жетілдіріп, өзге әрекет-қылық сапаларымен үйлестіреді.

Баланың ұнамды сапалары (жануарларға мейірім, тума қайырымдылық, ықыластылық, жомарттық және т.б.) келеңсіз қасиеттермен (уәдесіздік, өтірік айту, еріншектік және т. б.) бірге жүреді. Бірақ түгелдей «бұзық» не тума «сүйкімді» бала болмайды. Адамдағы болымды қасиеттерді молынша көбейтіп, кері сапаларды мүмкіндігінше азайту – тұлғаны ізгілендіру жолындағы тәрбие қолынан келер маңызды міндет.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

3. Әлеуметтендіру үрдісіндегі ұлттық тілдің маңызы – реферат жазу

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева Г.М. Социальная психология, Москва, 2004 г.
2. Гидденс Э. Социология, Москва, 1999 г.
3. Смелзер Н. Социология, Москва, 1994 г.
4. Самыгин С.И., Перов Г.О. Социология 100 экзаменационных ответов, Москва, 2004 г.

5 - дәрісбаян

Тақырыбы: Әлеуметтік ауытқулар, олардың себептері

1. Девиантты мінез - құлық түсінігі, девияцияның құрамдас бөліктері
2. Девиантты мінез-құлықтың себептері

Өкінішке орай, барлығы дерлік нормалық талаптарға сай мүшелері бар қоғамды кездестіру мүмкін емес. Осыған орай, нормадан «ауытқу» түсініктері пайдаланылады.

«Ауытқу» деп – топтың немесе жеке адамның қоғамдағы мінез – құлық нормаларына сай келмей, оны бұзуын айтады.

«Ауытқу» топтарына – гениилер, бұзақылар, діндарлар, қоғамнан шеттелген адамдар т.б. жатады.

Қоғам дамуының барлық кезеңінде адам өміріне жай қылықтармен, жай қылықтармен, яғни ауытқулармен күресу жүріп отырды. Оның құралдары мен әдістері қоғамдық санаға, үкімет басындағы адамдардың мүддесіне, әлеуметтік – экономикалық қатынастарға байланысты болды.

Девианттық мінез-құлық жөніндегі алғашқы ғылыми көзқарас француз ғалымы Эмиль Дюргеймнің (1858-1917) атымен байланысты. Ол Франциялық әлеуметтік мектеп ашып, «әлеуметтік аномия» түсінігін енгізді.

«Әлеуметтік аномия» деп – ескі мінез – құлық нормалары мен құндылықтардың нақты қарым – қатынасқа сай болмауын, ал жаңаның әлі қабылданбауын айтады.

Сонымен, **девиантты мінез-құлық** (латынның *deviatic* - ауытқу) – ауытқыған мінез-құлық – ол адамдардың немесе олардың топтарының әлеуметтік әрекеттерінің, қылықтарының көпшілік таныған мөлшерден ауытқуы. Бұл нәтижесінде қоғамдық ережелерді бұзуға әкеледі және қоғамның немесе әлеуметтік топтың тарапынан шара қолдануды қажет етеді. Кең мағынада девиантты мінез-құлық өзіне әлеуметтік мөлшерден кез-келген ауытқуды енгізеді. Олар жағымды да (ерлік, асқан еңбекқорлық, өзін-өзі құрбан ету, үздік жетістіктер т.с.с.), жағымсыз да (қылмыс, қоғамдық тәртіпті, құлықтық мөлшерлерді, әдет-ғұрыпты, дәстүрді бұзу т.с.с.) болуы мүмкін. Тар мағынада, мөлшерден тек қана теріс ауытқуларын айтады. Осындай девианттық мінез-құлықтар әлеуметтік өмірдің шырқын бұзуға, аномияға әкеледі.

Девиантты мінез – құлық жөніндегі теорияның жеке ғылым ретінде пайда болуы Р.Мертон мен А.Коэннің атымен байланысты. Р.Мертон қоғам мүшелерінің нормадан ауытқуына әсер ететін әлеуметтік құралымға талдау жасайды.

Ағылшын ғалымы Д.Уоми әлеуметтік ауытқу – объективтік құбылыс емес, субъективтік белгі деді. Оның ойынша ауытқу – белгілі бір ішкі әрекет сапасына қатысты қасиет емес, әлеуметтік тұрғыдан берілген бағаның нәтижесі.

Ауытқу түсінігіне толық анықтаманы Г.А.Авенесов берді. Ол «адамның мінез –құлықындағы ауытқу» дегеніміз – қоғам нормалары мен типтеріне сай келмейтін норманың бұзылуын айтады.

Ауытқу нақты бір адамға қатысты, жеке адамның мінез-құлқында кезлесуі мүмкін. Мысалы: шашын өрген ер адамдар, немесе шашын тықырлатып алғызып тастаған әйелдер.

Сол сияқты әрбір қоғамда жалпы қабылданған мораль нормаларын орындамайтын субмәдениеттік топтар кездеседі. Оны «топтық ауытқу» деп атайды.

Мысалы: секталар, вахаббистер, антифашистер. Берклии қаласындағы калифорния университетінің профессоры Нейл Джозеф Смелзер девияцияға анықтама беру өте қиын, себебі оған мінез – құлықтағы анық емес әр түрлі сапалар тән, оны емдеу, мінез – құлқын түзету қажет дей келе, девияцияның 3 құрамдас бөлігін қарастырған:

А) белгілі бір мінез- құлық тән адам;

Б) девианттық мінез-құлықты анықтайтын нормалар немесе белгілер;

В) аталған мінез-құлық әсер ететін топтар немесе ұйымдар;

Ғылымда девиантты мінез-құлықты кең мағынада және шағын тар мағынада қарастырады.

Тар мағынада алғанда, девиантты мінез-құлық қылмыстық жазалауға жатпайтын, яғни құқық бұзушылық болып есептелмейтін ауытқулар ретінде түсіндірілсе, кең мағынада алғанда девиантты мінез-құлық құқыққа қарсы формалар ретінде түсіндіріледі. Бұдан, адамның өзін-өзі өлтіруін – девияция деп атайтын болса, ал біреуді өлтіруін қылмыс деп атайды.

2. Девиантты мінез-құлықтың себептері

Девиантты мінез-құлықтың себебі, негізгі көзі неде?

Осы мәселемен айналысып отырған қазақстандық ғалымдар мінез-құлықтағы өзгерістердің аймақтық, жастық, кәсіптік, әлеуметтік-таптық сияқты заңдылықтарын ашып берді. Сондай-ақ, зерттеушілердің көпшілігі әлеуметтік бастаманың кез-келген саналы мінез-құлықта басым болатынына, оның жеке тұлға құрылымындағы биологиялық элементтермен терең өріліп жататыны жөніндегі пікірді қолдауда.

Әлеуметтік қайшылықтар қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік сияқты келеңсіз құбылыстарға әкеледі. Мінез-құлықтағы ауытқулардың тұрақсыздығы экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, мәдениеттік жағдайларға да байланысты. Мінез – құлық тұрақсыздың негізі – кедейшілік және жұмыссыздық.

Жұмыссыздықтың себептері:

- эконномиканың дамуына байланысты жаңа технология пайда болып, артық жұмыс күшінің қысқаруы;
- эконномиканың құлдырауына немесе депрессияға байланысты жұмыспен қамтамасыз етушілер барлық ресурстарды, соның ішінде еңбек ресурстарын қысқартуға мәжбүр болуы;
- үкімет пен кәсіподақтың жалақыны көбейту саясатына байланысты , өндіріс тоқырауға ұшырап, жұмыс күшінің қажет етілмеуі;
- кейбір өнеркәсіптердің экономика саласындағы маусымдық өзгерістар;

- Тұрғындардың демократиялық құрылымының өзгеруі; яғни жұмысқа қабілетті адамдардың санасының өсіп, жұмыс орындарының азаюы.

Жұмыссыздықтың аталған себептеріне қарай, оның төмендегідей формасы бар:

1) фрикциондық жұмыссыздық – (фрикцион–француз тілінен– келіспеушілік деген сөзден шыққан) адамдардың бір жұмыстан екінші жұмысқа, бір орыннан екінші орынға ауысып отыруынан пайда болады;

2) Құрылымдық жұмыссыздық – технологияның жаңаруына байланысты тауар рыногында ескі тауардың орнын жаңа тауар басып, ескілері керексіз болып қалады. Осыған байланысты өндіріс орындары шығаратын өкімдерін қайта қарауға мәжбүр балады, соның нәтижесінде көптеген жұмысшылар жұмыссыз қалады.

3) Маусымдық жұмыссыздық – ауыл шаруашылығы мен құрылыс орындарында көптеген жұмыс маусымға байланысты ұйымдастырылды. Мысалы: көктемде егіс барысында жұмысшы көп қажет болса, қыста егін егілмейді, сондықтан жұмысшы қажет емес.

4) Циклдік жұмыссыздық – тауарға деген сұрныс пен соған байланысты атқарылатын қызметтің арасындағы қарама- қайшылықтарға байланысты.

5) Жасырын жұмыссыздық – бұл отандық экономикаға тән құбылыс. Экономикалық тоқырауға байланысты өндіріс орындары уақытша өндіріс шығарылмайды, сол себептен жұмысшыларды еріксіз демалысқа жібереді, немесе жұмыс уақытын қысқартады. Бұл нақты жұмыссыздық ретінде ешқандай жерде тіркелмейді.

Жоғары айтылып отырған жұмыссыздықтың себептері мен формалары адамдардың әлеуметтік жағдайын төмендетеді. Соның салдарынан отбасындағы ұрыс – керіс, тұрақсыздық жағдайлар пайда болады.

Мінез құлықтағы тұрақсыздықтың тағы бір себебі - әлеуметтік патология. Әлеуметтік патологияға: психологиялық аура; алкоголизм; наркомания; тұрғындардың генетикалық фондының әлсіреуі жатады. Алкоголизмге байланысты мәселен Ресейде жылына адам басына шаққанда 1 адам 20 литр арақ ішсе, Қазақстанда соның жартысын құрайды. Ал өмірінде ең құрығанда 1 рет наркотикті қабылдаған адам 11%% – н- 15 % ға дейінгі көрсеткішті көрсетеді.

Ұзақ жылдар бойы нашақорлық біздің елімізде тек батыстық өмірге жататын құбылыс ретінде есептелді. Қазір нашақорлықтың құбылыс ретінде қалыптасқанын ешкім жоққа шығара алмайды және оның жеке адамдар мен бүтіндей қоғамға қаншалықты зардап әкелетінін түсінеді. Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері нашақорлардың көп бөлігі белгілі бір дәрежеде өздеріне төнген қауіпті сезініп, өз құмарлығына сындарлы көзбен қарайтындығын көрсетті. Мәселен сауалнамаға жауап бергендердің 12 пайызы нашаның өлтіретін күшін сезінсе, 66,5 пайызы нашаға қарсы екенін білдірді. Наша қабылдағаннан кейін болатын қозуды, көңіл-күйдің көтерілуін тәжірибесіздіктен және білімсіздіктен бұл зат өз денсаулығына игілікті әсер етті деп қабылдайды. Бірақ белгілі бір кезеңде денсаулығы мен психикасы бұзыла бастағанда, көптеген нашақорлар оны алда не күтіп тұрғанын саналы түрде сезіне бастағанымен, бұл әдеттен бас тартуға шамасы жетпейді.

Ғылымда девиантты мінез-құлықты кең мағынада және шағын тар мағынада қарастырады.

Тар мағынада алғанда, девиантты мінез-құлық қылмыстық жазалауға жатпайтын, яғни құқық бұзушылық болып есептелмейтін ауытқулар ретінде түсіндірілсе, кең мағынада алғанда девиантты мінез-құлық құқыққа қарсы формалар ретінде түсіндіріледі. Бұдан, адамның өзін-өзі өлтіруін – девиация деп атайтын болса, ал біреуді өлтіруін қылмыс деп атайды.

Кейінгі кезде Қазақстанда «заңды ұрылар» деген ұғым пайда болды, олар қылмыстық топтар арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Наркобизнес, спирт контрабандасы, ұрланған машинаны сату өркендеп, жезөкшелік қалыпты құбылысқа айналды.

Қылмыс бұзудың арта түсуіне маскүнемдік әсерін тигізуде. Статистика көрсеткендей, ауыр жағдайдағы бұзақылық, зорлаудың 90 пайызы, басқа қылмыстардың 40 пайызы маскүнемдікке байланысты болып отыр. Кісі өлтіру, ұрлық, қаракшылық шабуыл жасау, ауыр зақым тигізудің 70 пайызын адамдар мас күйінде жасаса, ажырасудың 50 пайызға жуығы маскүнемдікке байланысты.

Мінез-құлықтың ауытқуы девиацияның әр түрлі формалары арасындағы өзара байланыстың заңдылығы сияқты қаралады. Мысалы, суицидті (өмірін қиюға ұмтылу) мінез-құлық пен әлеуметтік ауытқулардың басқа формаларымен, мысалы, маскүнемдікпен байланысты екенінде сөз жоқ. Сот экспертизасы көрсеткендей, 68 пайыз ерлер мен 31 пайыз әйелдер мас болуы салдарынан өз өмірлерін қиған.

Девиацияның барлық формаларының көрінуі экономикалық, демографиялық, мәдени және басқа да көптеген факторларға да байланысты болады. Бүгінде бұл мәселе ТМД елдерінде аса шиеленісіп отыр, өйткені мұнда қоғамдық өмірдің барлық салаларында айтарлықтай өзгерістер болып, бұрынғы мінез-құлық нормалары құнсызданып отыр. Әрекеттің бұрынғы тәсілдері нәтиже бермеуде. Күтілетін нәтиже мен шын нәтиженің арасындағы айырмашылық қоғамда шиеленіс туғызып, адамдардың өз мінез-құлығының моделін өзгертуге дайын болуын, сөйтіп қалыптасқан нормадан шығуына итермелеп отыр. Әлеуметтік, экономикалық жағдай шиеленіскен жағдайда нормалардың өзі де өзгеріске түсуде. Кейде мәдени шектеулер іске аспай, әлеуметтік бақылаудың барлық жүйесі бәсеңсуде.

Осылайша құқық бұзушылық – бұл қоғамдық өмір туғызып отырған өмірлік кикілжіндер, сәтсіздіктер, әлеуметтік драмалар мен трагедиялардың бейнесі. Қылмыс – адамзат кескелінің бейнесі. Оны бүгінге дейін бір де бір қоғам құрта алмай келеді.

Жеке тұлға аймағына жататын деликвентті мінез-құлықтың себептеріне, оны қалыптастырып, қылмысқа итермелейтін сыртқы жағдайлар сияқты, аз көңіл бөлініп отырған жоқ. Сондықтан құқық социологиясы адамның жеке тұлғасына байланысты мәселелерге назар аударады.

Мәселені зерттеушілер заңды мойындайтын азаматтардың ішкі әлемімен салыстырғанды заң бұзушының өзіндік ішкі әлемінің болатындығын мойындайды. Заң бұзушының ішкі әлемі қандай?

Күтілетін нәтиже мен шын нәтиженің арасындағы айырмашылық қоғамда шиеленіс туғызып, адамдардың өз мінез-құлқының моделін өзгертуге дайын болуын, сөйтіп қалыптасқан нормадан шығуына итермелеп отыр. Әлеуметтік, экономикалық жағдай шиеленіскен жағдайда нормалардың өзі де өзгеріске түсуде. Кейде мәдени шектеулер іске аспай, әлеуметтік бақылаудың барлық жүйесі бәсеңсуде.

Қылмыс пен сол қылмысты жасаушы заң бұзушының өмірлік мақсаты мен тарихының арасында байланыс бар. Бұл байланыстың мазмұны мынада: кез-келген формадағы қылмыстық іс қылмыскердің басқа адамдарға қатысын білдіреді, ол қылмыскердің ерте кезден араласқан қатынастар жүйесінің нәтижесі болып саналатын өмірлік ұстанымын бейнелейді.

Социологиялық зерттеулер барысында заңды тыңдайтын азаматтардың құқықтық мінез-құлығының себептері мен мақсаттарын, сондай-ақ заңгерлер «құқық бұзушы» деп танитын тұлғалардың құқықтық сана сезімінің деңгейі зерттеліп, ғалымдар «құқық бұзушыны» девиантты (ауытқыған), немесе, делинквентті (қылмыстық) мінез-құлығы бар тұлға деп таниды.

Девиантты мінез-құлықтың мәнін түсінудің басты шарты ретінде «норма» ұғымы енеді. Әлеуметтік норма – нақты қоғамда тарихи қалыптасқан жеке адамның, әлеуметтік топтың немесе ұйымдардың рұқсат етілген мінез-құлық шаралары. Әлеуметтік нормалардың негізі құқықтық заңдарда, мораль мен этикетте және т.б. жатыр.

Көптеген жағдайларда ауытқыған мінез-құлық әлеуметтік санкцияға жатады. Тәртіп бұзуға, адамдар арасындағы қатынасқа (өтірік, дөрекілік т.б.) байланысты девиацияның әлсіз және кездейсоқ формаларын қоғамдық пікір тіркейді және әрекетке қатысушылардың өз арасында жағдайға байланысты түзетулер енгізіледі. Девиацияның тұрақты формаларын жазалау әдістері мен құралдары ауытқулардың қауіптілік деңгейіне байланысты анықтап қарастырады. Мұнда девиация қоғамдық орын мен отбасындағы дөрекіліктен бастап, адам өлтіруге дейінгі кең мағынадағы әлеуметтік құбылыс екендігі ескеріледі.

Қазіргі таңда әлеуметтік педагогика ғылым ретінде мінез-құлықтағы ауытқудың бірнеше бағыттарын қарастырады:

1. Қоғам қойып отырған мақсат пен сол мақсатқа жету құралдарының бір-біріне сай болмауы;
2. Жанжал теориясына байланысты мәдени мінез-құлықтағы адамдар бұзақылар ортасында ауытқыған мінез-құлықты адам болып есептелінеді.
3. Логотерапия негізін жасаған австриялық психолог – теоретик Виктор Франклдың өмірден күдер үзген адамдар мәселесін шешу теориясы. Оның теориясы табиғатқа, адамға, адам дамуындағы нормалар мен ауытқулар, оны түзету жолдары мен әдістеріне арналған.

4. Я.И. Глинцкийдің көзқарасы оның ойынша мінез-құлықтағы ауытқу қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы теңсіздікке байланысты (байлар мен кедейлер);

5. Қоғамда адамның өз мүмкіндігі мен қабілетіне қарай өз орнын таба алмауына байланысты ресми емес топтарға қосылуы.

Девиацияның тұрақты формаларын жазалау әдістері мен құралдары ауытқулардың қауіптілік деңгейіне байланысты анықтап қарастырады.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Девиантты мінез-құлықты түзету жолдары - реферат жазу

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.

2. Басов Н.Ф. История социальной педагогики, Москва, 2007 г.

3. Усманов Ә.Ә., Сәрсенбаева М.Б. Педагогика, Алматы, 2005 ж.

6 - дәрісбаян

Тақырыбы: Әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудағы шетелдік тәжірибелер

Кейінгі кезде батыс педагогтары әлеуметтік жұмысты үлкен мәселе ретінде жиі көтеріп жүр. Әлеуметтік педагогика педагогиканың бір саласы ретінде әлеуметтік факторлардың тәрбие мен білімге және керісінше педагогикалық тәжірибенің қоғам дамуына әсерін қарастырады. Педагогика әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың негізі болғандықтан қоғам туралы, топтардағы адамдардың қарым-қатынасы туралы білім беру жолдары және жеке адамның өзін өзі қорғауды дамыту жұмыстары педагогикалық әдістерді пайдалану арқылы шешіледі.

Шет елде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында әлеуметтік жұмыс кәсіптік әрекет ретінде қалыптаса бастады.

Шетелдік тәжірибелер мен таныса келе төмендегідей әдістерді бөліп қарауға болады.

1. Тарихи әдіс – қайырымдылық істердің пайда болуы мен дамуын салыстыра отырып, кәсіптік әлеуметтік жұмыстың қашан пайда болғанын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс.

2. Салыстырмалы әдіс – салыстыратын объектілерді бөліп қарауға мүмкіндік беретін әдіс. Осы әдістің көмегімен басқа мемлекеттердің қоғамдық – саяси және әлеуметтік – экономикалық дамуын салыстыруға болады.

3. Жүйелі талдау әдісі-шет елдік әлеуметтік жұмыспен бір тұтас жүйе ретінде (объектінің, субъектінің, мазмұнын, құралдарын, басқаруын, функциялары мен мақсатын) танысуға мүмкіндік береді.

Шетелдік тәжірибелермен танысу барысында бұл бағытта ұйымдастырылатын төмендегідей жұмыс формалары анықталды:

- халықаралық конференция;
- коллоквиум мен семинарлар;

- семинар;
- іс сапар;
- шет елдердегі әлеуметтік оқу орындары мен әлеуметтік қызмет орындарында қызмет жасау және білім алу;
- бірге кітап, оқулық, оқу-әдістемелік құрал, брошюра шығару.

Әлеуметтік жұмыс бірнеше бағытта балаларға әлеуметтік көмек көрсететін мекемелермен үйлерінен қашып кетіп, үйсіз жүрген балалармен, әлеуметтік қызметкерлердің мектеппен жұмысы және ақыл – есі артта қалған балаларға психиатриялық ауруханаларда қызмет көрсету сияқты бағытта жұмыс жүргізіледі.

1. Балаларға әлеуметтік көмек көрсететін мекемелердің (жағдайы нашар отбасы балаларына тегін) жұмыс мазмұнына:

- ата – аналарға кәсіби білім беретін және жұмысқа орналасу үшін көмек көрсететін арнаулы топтар;
- күндіз және кешке жұмыс жасайтын ата-аналардың балаларын қорғауға көмектесу;
- қалалық орталық денсаулық орталығында күйеуі жоқ аналарға қызмет көрсету;
- зорлық-зомбылық көретін балаларды қорғау қызметін құру;
- балалар үйін құру және тексеру
- бала асырап алған отбасылармен жұмыс;
- баланың жаңа отбасына үйренуін бақылау;
- балалардың білім алуына көмектесетін әлеуметтік қызмет жұмысын жандандыру;
- ата – аналарға үй шаруашылығын жүргізуде көмек көрсету;
- жетім балаларды асырап алуға көмектесу;
- төтенше жағдайда отбасының жағдайына қарамастан көмек көрсету кіреді.

2. Ақыл – есі артта қалған балаларға психиатриялық ауруханаларда қызмет көрсету жұмысының мазмұнына:

- интернат – үйлеріндегі балаларға қызмет көрсету;
- арнаулы стационарлар мен диспансерлерде әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру жатады;

3. Үйлерінен қашып кетіп, үйсіз жүрген балалармен жүргізілетін жұмыс мазмұнына:

- балаларға арналған жатаханалар мен баспаналар бар
- жеке және топтық кеңестер өткізіледі;
- балаларын қайтадан үйге қайтару мақсатында ата-аналармен әңгімелесу;
- қайтадан балаларымен қосылған ата-аналармен жұмыс;
- үйінен қашқан жас балалар үшін ақысыз «сенім телефондарының» қызмет көрсетуі жатады;

4. Әлеуметтік қызметкерлердің мектептегі жұмысының мазмұны:

- жеке топпен, отбасымен жұмыс
- мектеп қызметкерлерімен және мұғалімдермен бірлесе жұмыс жасау, профилактикалық жұмыстар мен кеңестер беру;

- әлеуметтік қамсыздандыру және қайырымдылық мекемелерімен жұмыс ұйымдастыру;
- ережелер мен заңдарды өзгерту қажет болса араласу, мектепте бұндай жұмыстарды ұйымдастыратын қызметкерлердің жеке адамның дамуы, психотерапея әдістемесі, әлеуметтендіру саясаты, саяси ағым, әлеуметтік жұмысты ғылыми – зерттеу және бағалау облысынан білімі болуы керек.

Енді кейбір мемлекеттерге жеке тоқтала кетейік:

ХІХ ғасырда Германияда индустрияның дамуына байланысты, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлап, мемлекет тараптарынан әлеуметтік қамсыздандыруды пайдалана бастады. Осы кезде әлеуметтік жұмысты жүргізуге мамандар қажет болғандықтан, 1905 жылы алғашқы христиандық әйелдер мектебі ашылды. Кейінгі 4 жылда осындай 13 мектеп ашылып, буржуазиялық отбасының қыздары қайырымдылық мекемелерінің мамандары етіп даярланды. 1920 жылы пруссиялық халықты қамсыздандыру министрлігінің қайта құрылуына байланысты әлеуметтік қызметкерлерді даярлау жұмысы мемлекет тарапынан реттелініп, 2-ші Ұлы Отан соғысына дейін жұмыс жасады. ФРГ – да әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік педагогиканы бөлек қарайды. Әлеуметтік жұмысқа адамдарға көмектесу, күту, қамқор болу жатса, әлеуметтік педагогика мектептен тыс уақытта адамдарға білім беру мен оларды тәрбиелеу жұмысымен айналысады.

Швецарияда көптеген зерттеуші педагогтар тәрбие әдістері мен тәсілдерін ашқан.

- 1) Педагогикалық әсер ету – аталған әдісті пайдалана отырып, әлеуметтік жұмысшылар көмек көрсетіп отырған адамдар өмірлерінде кездескен қиыншылықтарды өз беттерінше шешуге мүмкіндік беріп жағдай туғызады.
- 2) Психологиялық және практикалық тұрғыдан кешенді әсер ету. Әлеуметтік педагог пен әлеуметтік қызметкер тәрбиеленушімен біріге отырып жұмыс жүргізеді.
- 3) Тәрбие әдістерін кешенді пайдалану арқылы тәрбиеленушінің әлеуметтік проблемалары өз бетінше шешуге жағдай туғызады.

Финляндияда 9 жастан бастап міндетті білім беру жұмысы іске асырылады. Бұл жұмыс жалпы білімнің негізі болып саналады. Міндетті білімнің мақсаты – жауапкершілігі бар, шығармашыл, толыққанды, бейбітшіл азамат өсіріп, тәрбиелеу. Финляндиядағы негізгі принцип – бала тәрбиесі үшін әрбір отбасы жауапты. Мектеп ұжымы ата-аналардың білімін көтеру мақсатында арнайы жұмыс жүргізбегенмен, кейбір жұмыс түрлері ұйымдастырылады:

- тоқсанына бір рет ата-аналармен әңгіме өткізу;
- лагерьдің жұмысына ата-аналарды қатастыру;
- жұмыс орындарына бару т.б.

Бастауыш сыныптарда және 7-9 сыныптарда әлеуметтік жұмыс жүргізетін студент – практиканттар болады. Олар 1 жылдық мұғалім дайындайтын курста және әлеуметтік қызметкерлерді дайындайтын курста оқып білім алады. Қазіргі таңда педагогикалық білім жоқ студенттерді оқытатын 5 жылдық университет жұмыс жасайды.

Австрия дамып келе жатқан мемлекет болғандықтан, балалар мен көптеген отбасылар өздігінен шеше алмайтын қиындықтарға кездеседі:

- кедейлік;
- жұмыссыздық;
- аштық;
- денсаулығының нашар болуы;
- санитарлық жағдайдың нашар болуы;
- бір үйде көп адамның тұруы немесе мүлдем баспананың жоқтығы;
- өлім мен аурудың көп болуы;
- балалардың ерте жастан еңбек етуі;

Бұл мәселені шешу үшін әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер мен ұйымдар бірлесе отырып жұмыс жасау керек, өкінішке орай Австрияда бұл жұмыс артта қалған.

1960 жылдың аяғында **Норвегияда** негізіне 7 және 9 жылдық жаңа мемлекеттер пайда болды. Мұғалімдік білімі бар қызметкерлер арнайы бір жылдық курстан өткеннен кейін ғана жаңа мектептерде жұмыс жасай алатын болды. Жаңа мектепте әр мұғалім 200 немесе 300 оқушымен жұмыс жасауға тиісті болды, бұл білім сапасын көтергенімен, нақты бір сала бойынша ғана білім берілді. Қазіргі таңда Норвегия мен скандинавиялық мемлекеттердің социологтары норвегиялық және скандинавияаралық жаңа «Болашақтың альтернативтік жобасы» бағдарламасын жасады. Жобаның негізгі идеясы – қажетті дамуға дейін жағдай жасау, болашақтың сценарийін жазу, ал жобаның маңыздылығы: экологиялық қолдау, әлемдік әділеттілік және әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын деңгейге жету.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Қазақстандағы әлеуметтендіру үрдісінің ерекшелігі

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
2. Басов Н.Ф. История социальной педагогики, Москва, 2007 г.
3. Самыгин С.И., Перов Г.О. Социология: 100 экзаменационных ответов (Экспресс-справочник для студентов вузов), Москва, 2004 г.

7 - дәрісбаян

Тақырыбы: Отбасы – тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың әлеуметтік мәдени ортасы

1. Отбасы сипаттамасы, отбасының негізгі функциялары
2. Отбасы типтері, отбасының әлеуметтік сипатының белгілері

1. Отбасы сипаттамасы, отбасының негізгі функциялары

Отбасы – белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар, мінез-құлық (жүріс-тұрыс), құқық және міндеттер үлгілерімен, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын

әлеуметтік институт болып табылады. Сонымен қатар отбасы – некеге немесе қаны бір туыстыққа негізделген, ал оның мүшелері тұрмыстың ортақтығымен, өзара жауапкершілікпен және өзара көмек көрсетумен байланысқан шағын топ.

Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы жанұяның ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендік, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Отбасы әлеуметтануы екі бағытта дамып келеді. Оның бірінші бағыты бойынша отбасының тарихы зерттеледі, оның шығуының әлеуметтік заңдылықтары талданады.

Екінші бағыт әлеуметтік институт ретіндегі қазіргі отбасының қалпын және әлеуметтік топ ретіндегі жағдайын зерттейді.

Әлеуметтік институт тұрғысынан қарастырғанда неке-отбасы қатынастары саласындағы қоғамдық сананың қалыптасуына, әр түрлі жағдайдағы халықтың қайсыбір топтарының отбасылық тәртібіне жалпылама сипаттама беруге, отбасының негізгі міндеттерін жүзеге асыру тиімділігіне және т.б. баса назар аударылады.

Отбасын шағын әлеуметтік топ ретінде зерттегенде қазіргі отбасының даму кезеңдерінің, құрылымдарының және атқаратын қызметтерінің қалыптасу жағдайлары, әке-шеше мен олардың ұрпағының арасындағы өзара қарым-қатынас, отбасындағы міндеттерді әркімге бөлу, ажырасудың себептері мен мотивтері және т.б. осындай мәселелер қарастырылады.

Отбасы қоғамдық басқа институттар сияқты белгілі бір функциялар атқарады. Отбасының функциясы (қызметі) дегеніміз отбасы мен оның мүшелерінің белсенділігі, тіршілік әрекеті. Қоғамның отбасына қатысты, отбасының тұлғаға қатысты және тұлғаның отбасына қатысты қызметтері қарастырылады. Осыған байланысты отбасының қызметін әлеуметтік (қоғамға қатысты) және жеке (тұлғаға қатысты) деп бөлуге болады. Отбасы қызметі отбасы институтындағы қоғам қажеттіліктерімен және қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты. Сондықтан уақыт өте келе қызмет сипаты қалай өзгерсе, иерархия да солай өзгереді.

Отбасы тәрбиесі адам өміріне қажетті негізгі төмендегідей қызметтерді атқарады:

1. Репродуктивті қызметі – баланың туылуы. Латын тілінен аударғанда «қайтадан жаңарту, көбейту» деген мағынаны білдіреді. Отбасына байланысты қарастырсақ, бұл адамзаттың ұрпағын көбейту, оларды бағып-қағып жетілдіру деген сөз.

2. Тәрбиелілік қызметі – отбасының әрбір мүшесінің жеке тұлға болып қалыптасуына тәрбиелік жағдай жасауы. Балапны отбасында тәрбиелеу – әлеуметтік-педагогикалық ең мағыналы құрамдас бөлігі. Ата-ана баланың іс-

әрекетін болашаққа бағыттап, келешегін ойлап, оқытып, денсаулығын қадағалап өсіреді. Кейде баласына дұрыс тәрбие бере алмайтын ата-аналар да кездеседі. Мұндай жағдайда әлеуметтік педагогтың көмегі өте маңызды.

3. Тұрмыстық-экономикалық қызметі – жалпы тұрмысты, бюджетті басқару. Ерте заманнан-ақ отбасы адамның тұрмыс-тіршілік мекені болып келеді. Екіншілік, мал-шаруашылығы, аңшылық, қол өнерімен шұғылдану – отбасының басты тірегі. Сондай-ақ қазіргі жағдайда әрбір жас отбасы өз бетінше күн көріп, ешкімге бағынышты болмауға ұмтылады. Әрине, бұл отбасының тұрмыстық-экономикалық қызметін белгілейді.

4. Рекреативті қызметі – іс-әрекет ұйымдастыру. Өмірдегі құбылыстар тез өзгерістерге ұшырап, соның салдарынан әр түрлі әлеуметтік және психологиялық тұрғыда ықпал ету арта түскен бүгінгі таңда стрестік жағдайлар саны біршама көбейіп, отбасы бұдан кейінгі ерекше терапиялық рөл атқару міндеттерін өз мойнына алды. Өйткені әрбір отбасы жан тыныштығын, өзара сенімнің қалыптасуын, қауіпсіздік сезімі мен психологиялық тұрғыдағы оңды ортаны қалайды, әрі соны орнықтырады. Аталмыш қызмет өзіне рухани-эстетикалық сәттерді, сонымен қатар, отбасылық демалысты ұйымдастыруды да өз құзырына қосып алған.

5. Әлеуметтендіру қызметі – әр түрлі қоғамдық құбылыстарды біліп, соған бейімделіп өмір сүру, оқып білім алу, кәсіп таңдау, мамандыққа ие болу сияқты әлеуметтенудің басты мақсатын меңгерту. Бала отбасында қоғамдық өміріне қажетті қасиеттерді, қарым-қатынасқа ену тәсілдерін, әр түрлі байланыстар орнату жолдарын іздестіреді. Сондай-ақ, әлеуметтік жүріс-тұрыс ережелерін, қоғамдық қарым-қатынас нормаларын сақтау мен қоғамда өмір сүруіне бейімдеу, ұлттық әдет-ғұрыптарды мәдениетті танып-білу және меңгеру, әлеуметтік тұлға болып қалыптасуына отбасы жағдай жасау керек.

6. Психотерапиялық қызметі. Бұл баланың үйде өзін емін-еркін де қолайлы сезініп, ата-анасының қасында жеке басына зиян келтіретін барлық жат көріністерден қорғалып «отбасы – менің панам» жанымен түйсіну қызметі. Бала үшін отбасы мықты сүйеніш, әр түрлі сыртқы күштердің теріс ықпалынан сақтайтын қорған, ақыл-кеңес беретін, басына түскен қиыншылықтарды бірге көтеріп, одан шығарып алатын жәрдемшісі дегенді білдіреді. Отбасы бала үшін оқудан не жұмыстан соң үйіне келіп дем алып, ата-анасымен, бауырларымен бірге уақыт өткізіп, ертеңгі күнге даярланып, күш-жігер жинайтын жылулық мекені болуы керек.

Отбасы осы келтірілген қызметінің барлығын толық немесе кейбіреулерін ғана орындауы мүмкін. Бұл қызметтер орындалмаған жағдайда баланың отбасынан алған қуаты да, көрген тәрбиесі де жартылай болады.

Отбасы ұғымы неке ұғымымен тығыз байланысты. Неке дегеніміз – отбасын қалыптастыру мен оған қоғамдық бақылау жасаудың дәстүрлі тәсілі, ер адамдар мен әйел адамдардың арасындағы бір-біріне және өз балаларына, ата-анасына қатысты құқықтары мен міндеттерін белгілейтін қатынас формасы.

Некенің формалары: моногамия – бір еркек пен бір әйелдің арасындағы неке және полигамия – бір индивид пен бірнеше индивидтің арасындағы неке болып

бөлінеді. Некелік серік таңдаудың эндогамия (серіктер бір топтың ішінде) және экзогамия (неке белгілі бір топтан тыс) сияқты екі түрі бар.

Қоғам некелік байланыстардың нығаюына, отбасының тұрақтылығына мүдделі. Мемлекет отбасына өзінің отбасы және неке туралы заңдарымен ықпал етіп, отбасы мүшелерінің бір-бірімен және олардың қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынастарын реттеп отырады.

2. Отбасы типтері, отбасының әлеуметтік сипатының белгілері

Отбасының құрылымдық типтері – ерлі-зайыптылық, тұрмыстық және ата-аналық сипаттарға сәйкес пайда болып қалыптасқан құбылыс. Сондықтан отбасы құрылымын оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастар, рөлдерді бөлісу мен ішкі билікті жүргізу анықтайды.

Отбасы адамдардың әлеуметтік қауымдастығының ежелге формаларының бірі. Ол дін, мемлекет сияқты әлеуметтік институттардан әлдеқайда бұрын пайда болған.

Отбасы шағын топ бола тұрып, индивидтердің мүдделерін қоғамдық мүдделермен байланыстырады. Мұнда жеке мүдделер қоғам тарапынан қабылданған әлеуметтік құндылықтар, нормалар мен тәртіп үлгілері негізінде ретке келтіріліп отырады.

Отбасы құрамына қарай нуклеаралық, күрделі және үлкен деп бөлінеді. Нуклеаралық отбасы толық та толық емес те болуы мүмкін. Әкесі, шешесі және балаларынан тұратын отбасы толық, ерлі-зайыптылардың біреуінсіз, көбінесе, балалы аналар, кей кездері балалы әкелер болып келетін отбасы толық емеске жатады. Күрделі отбасы бірнеше ұрпақ өкілдерінен құралады.

Отбасылар төмендегідей белгілер бойынша жіктеледі:

- отбасындағы балалардың санына қарай: баласы жоқ отбасылар, бір балалы отбасылар, аз балалы отбасылар, көп балалы отбасылар;
- отбасылық өмір тәжірибесіне қарай: жас жұбайлар отбасы, жастар отбасы, орта жастағылар отбасы, егде кісілер отбасы;
- географиялық нышандар бойынша: ауылдық отбасы және қалалық отбасы;
- отбасындағы басымдылыққа қарай: авторитарлы отбасы және эгаментарлы отбасы.

Отбасыны бұдан басқа белгілеріне қарап бөлуге де болады:

- детоцентристік отбасы, мұнда отбасы мүшелерінің барлық күш-қуаты шаңырақ берекесіне арналады. Балаға деген материалдық және рухани қамқорлықтың арта түсуі – жағымды құбылыс, бірақ бұл шектен шығып кетсе, соңы әлеуметтік және адамгершілік жағынан келеңсіз жағдайларға ұрындыруы мүмкін;
- ерлі-зайыптылық отбасы. Мұндай отбасыларындағы қарым-қатынас жұбайлар арасындағы өзара қарым-қатынасқа қарап анықталады.

Отбасыларды отбасылық өмірдің ерекше жағдайына қарай да бөліп қарастыруға болады:

- дистанттық отбасы, мұнда жұбайлардың бірі жұмыс жағдайына байланысты, көбінесе, отбасынан бөлек болады. Мұндай жағдай теңізшілердің, әскери т.б. адамдардың отбасында кездеседі.

- студенттік отбасы. Әлеуметтік зерттеулер бойынша студенттердің 70 пайызы студенттік шақта некеге тұрғанды мақұлдайды, 27 пайызы бірінші кезекте білім алып, сосын барып отбасын құрғанды қалайды, ал 3 пайызы некеге тұрғандар екен.

Қазіргі заман отбасының көптеген шешімін күтіп тұрған мәселелерінің ішінен әлеуметтік-педагогикалық қызметкерге тиесілі – күйзеліске ұшыраған отбасы мүшелерінің қоғамдық өмірге бейімделуіне көмектесу. Бейімделудің ең басты көсеткіші отбасының әлеуметтік мәртебесі, әсіресе оның материалдық қал-жағдайы, құрылымы, мүшелерінің жеке ерекшеліктері, рухани құндылықтары, көзқарасы болып табылады. Осыған орай әлеуметтік педагог отбасының құрылымына байланысты оның мынадай белгілерін білуі тиіс:

- толық, немесе, толық емес отбасы;
- күн көру үшін уақтылы құрылған жалған отбасы;
- отбасы мүшелерінің жас ерекшеліктері – жастар, ересектер, қарттар;
- қаншасыншы рет құрылған отбасы (мысалы, алғашқы, екінші, т.б.);
- балаларының санына қарай – көп балалы, жалғыз балалы отбасы;
- отбасында ұрпақ жалғасына қарай – бір немесе бірнеше буыннан құрылған, мысалы, жас отбасы мен әке-шешесі, әже, атасы, қайын бикесі, қайын сіңлісі, қайын ағасы т.б. тұра ма?

Бұлардан басқа әлеуметтендіру жұмысын ұйымдастыруда отбасының материалдық ахуалы, психологиялық жағдайы, тұрмыс-тіршілік шарты, мүшелерінің атқаратын міндеттері, әр адамның жеке және жас ерекшеліктері де маңызды. Міне, осылардың барлығы отбасының мәртебесін құрайды. Ғалымдардың зерттеулері бойынша отбасының төрт түрлі мәртебесі анықталған. Олар: әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік психологиялық, әлеуметтік мәдени және ситуативтік.

Отбасы үшін әлеуметтік бейімделудің ең маңыздысы – материалдық ахуалы, кірістері, баспанасы, жиһаз бен керек-жарақ бұйымдары, жылжымайтын мүлікке иелігі, отбасы шаруашылығы т.б. Бұлар отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесін құрайды. Егер отбасында жұбайлардың табысы ең басты қажеттілікке жетпесе, мысалы, азық-түлік, киім-кешек т.б., ол отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен екендігін көрсетеді.

Отбасының кірістері өмір сүрудің материалдық нормаларын қанағаттандырып, бірақ материалдық жақтан толық қамтамасыз ете алмаса, онда мұндай отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі орта деңгейде деп есептеледі.

Отбасының әлеуметтік сипатының екінші белгісі – отбасындағы психологиялық ахуал. Бірге өмір сүруші адамдардың өзара, бір-бірімен қарым-қатынасы, бауырластық пен үйірсектігі, өзара сый-құрметі, ізеттілігі, бір-біріне көмектесуге даяр тұруы жақсы психологиялық жағдай туғызып, отбасылық өмірде қуаныш пен қанағаттану сезімдерін туындатады.

Психологиялық ахуалы дұрыс қалыптаспаған отбасында өзара қарым-қатынас нормалары бұзылып, мүшелерінің арасында қарама-қайшылық туындап, зекіп сөйлеу, тілазарлық, бірін-бірі тыңдамау, түсініспеушілік, ұрыс-

керіс секілді жат көріністер пайда болса, онда мұндай отбасыларға психотерапиялық көмек ұйымдастыру қажет.

Отбасының әлеуметтік сипатының үшінші белгісі – әлеуметтік мәдени бейімделу. Бұл отбасы мүшелерінің білімділігі, мәдениеттілігі, бала тәрбиесіне ықпал ететін аса маңызды сипаты. Себебі, мәдениетті отбасында салт, әдет-ғұрып сақталып, дәстүрге айналған мейрамдар өткізіліп, рухани байлығы артады, демек бұл отбасының әлеуметтік-мәдени деңгейі жоғары деп есептелінеді.

Отбасының әлеуметтік сипатының төртінші белгісі – ситуативті рөл атқаруға бейімділік. Бұл – отбасы мүшелерінің балаға деген қарым-қатынасы, баланы ұғынып, түсінуі, баланың проблемасын шеше білу.

Әлеуметтік педагог әр түрлі типтегі отбасыларына назар аударуы керек.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Отбасы әлеуметтенуінің Маңғыстау өңіріндегі ерекшелігі

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
2. Бочарова В.Г. Педагогика социальной работы, Москва, 1999 г.
3. Мудрик А.В. Социализация человека, Москва, 2004 г.
4. Осорина М.В. Секретный мир детей в пространстве мира взрослых, Москва, 2000 г.

8 - дәрісбаян

Тақырыбы: Жас ұрпаққа әлеуметтік тәрбие берудегі отбасының орны

1. Тәрбиедегі ата-ананың ролі
2. Ата-анамен ұйымдастырылатын жұмыс түрлері

Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі. Қазақта «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайларда «не істеу қажет» деген ой туады. Әрине, ата-аналар балаларының оқу-үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді.

Бала тәрбиесіне ең әуелі оның өз ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ойы, сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек. Бала – ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңгісі, келер тахқа аманат. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

Сондықтан ата-ана, ұстаздар болып, жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруді назарда ұстағанымыз жөн.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген болатын әл-Фараби бабамыз. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың саналы, тәрбиелі болып өсуі тәрбие жұмысының азаматтық, патриоттық, саяси, еңбек, денсаулық, адамгершілік, эстетикалық, экологиялық, құқықтық, жанұялық түрлері арқылы іске асырылады.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Адам тәрбиелеу, ұрпақ өсіру – ең жауапты мәселе. «Отан – отбасынан басталады» демекші, осы жауапты істе отбасының алатын орны ерекше, бұл дәлелденген. Олай дейтініміз, отбасы – күрделі қоғамдық құбылыс. Қоғамдық ортаның шағын бір бөлігі ретінде отбасы балаға өмірге жолдама береді, көзқарасының, әдеп-ғұрпының іргетасын қалайды.

Ұлы Абай атамиздың қандай өлеңін алсақ та білімділікті меңзей отырып, адамгершіліктің ұстаздық жолын көрсеткен. Осыған орай данышпан Абай атамиз «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады, біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары. Біреуі – білсем екен деп тұрады. Не көрсе соған талпынып, қызығып, көргенінің бәрін сұрап тыныштық бермейді, мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген...». Осы мінездердің қалыптасуы отбасының тәрбиесіне байланысты екендігін айқындайды.

Отбасы тәрбиесінің бір көзі – патриоттық тәрбие. Мектептің ықпалы болғанымен де ең басты ықпал отбасынан болуға тиісті.

Отанын, елін сүйуге дейін бала ең бірінші өзін сыйлауы, туыстарына, бауырларына сүйіспеншілікпен қарауы керек. Елінің тарихын білмес бұрын, ең алдымен өзінің ата-бабасының, отбасының өмірін білуі қажет. Қазақтың даналары «Жеті атасын білмегеннен без», «Жеті атасын білмеген жетесіз» - деп баланың түп – тамырын білуін қажет етеді. Патриоттық тәрбие беру де Отанды сүйю. Ал Отанды сүйюде тіл мәселесін айтпай кетуге болмайды. Тіл – ұлттығымыздың бейнесі, мәдениеттің, парасаттылықтың белгісі. Тілді үйрету үлкен жауапты іс. Көш бастаушысы ата-ана, отбасы болуы тиіс. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы тілге байланысты «Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі». Әрбір ата-ана тілді күнделікті қажет ауадай, судай көріп, осы ауамен, сумен ұрпағын сусындатуға тиіс. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» - деген Мұхтар Әуезовтың аталы сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындайды. Өркениетті даму жолындағы қоғам алдымен балалы отбасына жан-жақты қамқорлық жасап, оның мәртебелік орнын жоғары деңгейге көтеруге тырысады.

Отбасы – адам баласының дүниеге келгенінде есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ер жететін, тәрбие алатын бесігі.

Қазақстан Республикасының Ата Заңының 27-бап 2-тармағында: «Балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы деп, отбасы тәрбиесінің аса жауапты екендігі айқын атап көрсетілген».

2. Ата-анамен ұйымдастырылатын жұмыс түрлері

Қазіргі кезде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасып, олардың ізгілік мәні тереңірек ашылуда. Тәрбие жұмысы – педагогтардың нақты міндеті, яғни оқушы тұлғасын сомдау мәселесін саналы түрде шешуге бағытталған үйлесімді іс-әрекеті. Осыған орай оқыту мен тәрбиені ұйымдастырушы және ата-аналармен жағымды қарым-қатынасты реттеуші ретінде сынып жетекшісінің рөлі көтерілуде. Сынып жетекшісінің біліктілігі балалар әлемін терең түсінуге негізделген білім екені даусыз. Балаға тәлім-тәрбие бергенде мектеп, ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана жарасымдылық болады.

Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Туындаған тәлім-тәрбиедегі жарасымдылық мектеп пен ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Өйткені, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы өзін қоршаған ортасына, ұстазға, ата-анаға, құрбы-құрдастарына, олардың күнделікті іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, сырт көрінісіне, сөйлеген сөзіне, әдептілігіне т.б. қасиеттеріне байланысты. Халық «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп тегін айтпаған. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Ата-ана балаға жеке тұлға ретінде баға беріп, дамытып жетілдіреді де, аяқтандырған балапанын мектепке табыс етеді. Осыған сәйкес жасөспірім талабын қанағаттандыратын, қоғамның, ұлтымыздың ұстанған бағытымен сабақтас келетін тәрбие жүйесін жүзеге асыру – педагогикалық ұжымның басты міндеті.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудағы негізгі міндеттер мыналар:

оқу жылының басында және оқу тоқсанының қорытындысында сыныпта ата-аналар жиналысын тұрақты өткізіп отыру. Жалпы ата-аналар жиналысында мектептің оқу-тәрбие жұмысының барысы, алдағы міндеттері туралы педагогикалық ұжымның ата-аналар алдында есеп беруін ұйымдастыру.

Сынып жетекшісі оқушының ата-анасымен, отбасының тұрмыстық жағдайымен танысу үшін оқушы үйлеріне барып тұру, балаға отбасының ықпал деңгейін, баланың неге қызығатынын анықтау.

Ата-аналарға бала тәрбиесі туралы дәрістер оқып, баланың жеке басының қалыптасу жолдары мен даму заңдылықтары туралы білім беру. Ата-аналар комитетімен тығыз байланыста болу, жалпы мектепте өтетін іс-шараларға белсене қатыстыру, үлгілі ата-аналарды өнеге ету.

Ұстаздың ата-анамен жұмысының мазмұны негізгі үш блоктан тұрады

Психологиялық педагогикалық білімдерін көтеру	<ul style="list-style-type: none">– педагогикалық білім беру университеті;– дәріс беру, семинар, практикумдар;– конференциялар;– ашық сабақтар, сыныптық іс-шаралар.
Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне тарту	<ul style="list-style-type: none">– ата-аналар жиналысы;– үйірме, отау, секция, біріккен шығармашылық істер;– қамқорлыққа алу;– материалдық-техникалық жағдайын жақсарту.
Ата-аналарды мектеп басқару ісіне қатыстыру	<ul style="list-style-type: none">– мектеп кеңесі;– қоғамдық бақылау комитеті;– сынып кеңесі, сыныптағы ата-аналар комитеті.

Отбасының қазіргі кезеңдегі негізгі функциялары:

- тәрбиелілік;
- рухани-адамгершілік;
- танымдылық-білімділік;
- тұрмыстық;
- еңбекқорлық;
- мәдени-білімділік;
- шығармашылық-демалыс.

Отбасының негізгі міндеттері:

- баланың үздіксіз дамуын қадағалап отыру;
- бала денсаулығына қамқорлық жасау;
- баланың оқуына көмек беріп отыру;
- еңбек тәрбиесі және мамандық таңдауға көмектесу;
- баланың жан-жақты дамуына ықпал ету;
- баланың қызығушылығын, бейімділігін, шығармашылығын дамыту;
- баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға дайындау;
- балаға жыныстық тәрбие беру, болашақ өмірге дайындау.

Отбасы тәрбиесінің мәңгілік компоненттері:

- отбасы тәрбиесіндегі ахуал (дәстүр, жылылық, қарым-қатынас);
- отбасы өмірінің тәртібі;
- ұрпақтар сабақтастығы (әке, шеше, ата, апа, балалар).

Ұстаздар мен ата-аналардың өзара қатынасының функциялары:

- тәрбиелік-дамытушылық;
- қалыптастырушылық;
- бақылаушылық;
- тұрмыстық;
- хабарламалық.

міндеттері:

- ата-аналардың белсенді педагогикалық көзқарасын қалыптастыру;
- ата-аналарды педагогикалық білім-білікпен қаруландыру;
- ата-аналарды бала тәрбиесіне белсенді қатыстыру.

Ата-аналармен жұмыста дифференциалды ықпал ету.

Отбасы 5 типке бөлінеді:

1-тип. Отбасындағы адамгершілік құндылығы жоғары деңгейде қалыптасқан. Бақытты, дені сау отбасы. Балаларға бар мүмкіндік жасалған. Кей уақытта жекелеме кеңестер қажет бола тұра, ұстаздардың араласуы аса керек емес.

2-тип. Отбасындағы ата-аналардың қарым-қатынасы жақсы бола тұра, бала тәрбиесінде бағыт жоқ. Бала тек ата-ананың «ерекше» қамқорлығын сезінеді, «өзімшіл» болып өсіп келеді. Сондықтан ұстаздың көңіл аударуы сөзсіз талап етіледі.

3-тип. Ынтымақсыз отбасын. Мұндай жағдайда ата-аналар өзара қарым-қатынас дауынан аса алмайды. Бала тәрбиесі мүлде ескерусіз қалған. Өсіп келе жатқан ұрпаққа әсері болмас үшін, отбасындағы көңіл-күйді өзгертуге белсенді педагогикалық ықпал қажет.

4-тип. Сырттай қарағанда қолайлы отбасы қатарында болғанымен, рухсыздық, нақты адамгершілік құндылықтар, ұрпақтар ізгілігінің бұзылуы сияқты жағымсыз қасиеттер басым. Мұндай отбасымен тәрбие жұмысын жүргізу ерекше қиындық туғызады.

5-тип. Қолайсыз отбасы, мұндағы дөрекілік, ұрыс-керіс, жағымсыз тәртіп сияқты сипаттар көп. Баланың қызығушылығын қорғау үшін мұндай отбасында тұрақты педагогикалық бақылау, қоғамдық орныдардың араласуы үнемі қажет және талап етіледі.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Отбасы типтеріне нақты мысалдар жазу

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
2. Бочарова В.Г. Педагогика социальной работы, Москва, 1999 г.
3. Мудрик А.В. Социализация человека, Москва, 2004 г.
4. Осорина М.В. Секретный мир детей в пространстве мира взрослых, Москва, 2000 г.

9 - дәрісбаян

Тақырыбы: Ауытқулар мен нормалар

1. Ауытқулар мен нормалар түсінігі
2. Ауытқудың түрлері

1. Ауытқулар мен нормалар түсінігі

Қандай қоғамда болмасын өзіне көбірек көңіл бөлінгенді қалайтын адамдар болады. Бұндай адамдарға – физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан қандай да бір ауытқуы бар адамдар жатады. Олар ерекше топты құрағандықтан, мемлекет пен қоғам тарапынан да оларға деген ерекше көзқарас қалыптасқан. Мәселен, Ерте Спартада оларға өте қатал шаралар қолданып, өлтіруге дейін барса, басқа қоғамдық дәуірлерде мейірімділікпен қараған.

Қазіргі АҚШ мен батыс Европа елдерінде бұндай адамдарды белгілі проблемасы бар немесе шектеулі мүмкіндігі бар толық құқылы қоғам мүшесі ретінде қарайды. «Проблемасы бар адам» түсінігі АҚШ-та кеңінен қолданылады, ал еуропалық елдерде «мүмкіндігі шектеулі адам» түсінігі жиі қолданылады.

Бүгінгі күні денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі адам мәселесі бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанда да көкейкесті мәселеге айналып отыр. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі адамдардың, соның ішінде балалардың санының өсуін жоспарлы әлеуметтік шешімді қажет ететін, үнемі болып отырған фактор ретінде қарастыру керек.

Норма түсінігі медицинада, психологияда, педагогикада, әлеуметтану мен басқа да ғылымдарда кеңінен қолданылады. Бұл түсінік нақты анықтама беру мүмкін емес, себебі, ғалымдар медицина саласының өзінде ғана осы түсінікке орай 200-ге жуық анықтамасы бар.

«Норма» түсінігінің анықтамасы терминологиялық тұрғыдан ғана емес мазмұндық жағынан да өте күрделі. Мәселен, адамгершілік нормалар барлық қоғамдық ортада бірдей қалыптасып кетуі мүмкін емес, себебі, біріншіден, олардың ұлттық ерекшелігі болса, екіншіден, уақыт өтуіне байланысты ол өзгеріп отырады. Демократиялық қоғамда жеке адамның өміріндегі кейбір ауытқуларға шыдамдылықпен қараса, тоталитарлық режим адам бойындағы өзгерістерге қатал қарап, жазалауға дайын болады.

Медицинада, психологияда, педагогикада норманың өзіндік сипаттамасы мен көрсеткіштері бар. Бұл нормаға сай келмесе оны «ауытқу» деп атайды. Әлеуметтік педагогика үшін «норма» мен «нормадан ауытқу» ұғымдары өте маңызды. Олар даму үрдісі мен баланың әлеуметтік өзін-өзі ұстауын сипаттау үшін пайдаланылады.

Ауытқу негативтік және позитивтік сипатта болады. Мысалы, бала дамуындағы ауытқуға ақыл-ойының дамуынан артта қалу немесе таланттылық жатады. Нашақорлық, араққа әуестік, бұзақылық сияқты адамдарда кездесетін жаман қасиеттер, оның *тәртібіндегі* ауытқулар адамның әлеуметтік қалыптасу үрдісіне, сондай-ақ, жалпы қоғамның дамуына кері әсер етеді. Ал, керісінше, адам бойындағы экономикалық, кәсіпкершілік, ғылыми және өнер саласындағы

шығармашылық сияқты позитивтік ауытқулар әлеуметтік жүйенің дамуына, ескі нормаларды жаңа нормамен ауыстыруға көмектеседі.

Әлеуметтік педагогикада «норма» мен «ауытқу» ұғымдары ауытқудың себептері мен оның баланы әлеуметтендіру үрдісіне әсерін анықтауға және соның негізінде практикалық әлеуметтік-педагогикалық әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2. Ауытқудың түрлері

Ауытқуды шартты түрде төрт түрге бөледі. Олар: физиологиялық, психикалық, педагогикалық және әлеуметтік.

Физиологиялық ауытқу деп дәрігерлік көрсеткіштер негізінде анықталған адамның денсаулығындағы өзгерістерді айтуға болады. Медицина баланың денсаулығын сипаттайтын әр жас кезеңіне лайық (бойы, салмағы, кеуде көлемі) өз көрсеткіштері бар. Бұл идеал көрсеткіштер, бірақ, қазіргі кезде сол көрсеткіштерге сай келетін баланы табу оңайға түспейді.

90-шы жылдардағы статистиканы қарастырсақ, әрбір бесінші бала ауру болып туылады, соның ішінде, 5-8 % -ы тұқым қуалайтын паталогияға, 1-2% -ы іштен туа пайда болған анамалияға жатады.

Денсаулықтағы ауытқуларға тұқым қуалаушылық факторына немесе сыртқы экологиялық жағдайлар, ауыз су сапаның нашар болуы, отбасы тұрмысы деңгейінің төмендеуіне байланысты болады.

Денсаулығы мен дамуында ауытқуы бар адамдар саны көп болғандықтан, 1980 жылы Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы шектеулі мүмкіндіктің үшзвенолық шкаласының британдық вариантын қабылдады. Оған:

1. сырқат - әрекетпен айналысуға қиындық туғызатын кез-келген психологиялық немесе физиологиялық функцияның болмауы;
2. шектеулі мүмкіндік – адам үшін норма болып есептелетін кез-келген әрекетті орындауға қажет қабілеттің шектеулі болуы немесе болмауы;
3. қабілетсіздік (инвалид) – жас, жыныс және әлеуметтік факторларға сай өзінің нормативтік ролін орындауға кедергі келтіретін немесе шектейтін адам бойындағы кемшіліктер.

Қазіргі таңда баланың **физиологиялық** ауытқулары оның оқу мүмкіндіктеріне қарай анықталады. Батыс елдерінде «денсаулығы шектеулі адамдар» деген ұғым бар. Оған білім алу үшін арнаулы жағдай жасалмаған жағдайда білім беру стандартын меңгере алмайтын физикалық және психикалық кемшіліктері бар балалар жатады. Кемшіліктің: физикалық, психикалық, күрделі және ауыр деп бөлінген үш түрі анықталған.

Физикалық кемшілікке - ауыр аурулардың салдарынан адам ағзасының дамуы мен қызметінде пайда болған кемшіліктер жатады.

Психикалық кемшілікке – тілінің, эмоциялық-еріктік аумақтарының, соның ішінде оқуға кедергі келтіретін мидың зақымдануы, психикалық дамудың артта қалуы сияқты адам психикасында уақытша немесе ұдайы болатын кемшіліктер жатады.

Күрделі немесе ауыр кемшіліктерге – мемлекеттік стандартқа сай білім алуы мүмкін емес физикалық және психикалық кемшілігі бар адамдар жатады.

Баланың физиологиялық дамуындағы ауытқуларға: баланың қатты ауруы салдарынан болған соқырлық, керендік, сал болуы жатады.

Психикалық ауытқулар баланың ақыл-ойының дамуы мен оның бойындағы психикалық кемшіліктерге байланысты болады. Бұл топқа психикалық дамуында артта қалған балалар жатады, оны олигофрения деп атайды. Ақыл-ойының артта қалуы нерв жүйесіндегі туа біткен кемшіліктерге немесе туғаннан кейін алған жарақаттарға байланысты, сондай-ақ қатты аурудың нәтижесінде болуы мүмкін. Балалардың ақыл-ойының артта қалуы аурудың жеңіл түрінен (қумалық), ауыр түріне дейін (жындылық) болуы мүмкін. Ауытқудың бұл түріне әр түрлі деңгейдегі тілдегі кемшіліктер де жатады.

Сондай-ақ, психикалық ауытқуға баланың эмоционалдық-еріктік күйлері аутизм және суицид жатады. Аутизм дегеніміз баланың ешкіммен сөйлескісі келмейтін тұйықтық мінезі болса, суицид - өзін-өзі өлтіруге талпыну.

Психикалық ауытқудың ерекше түрін балалардың белгілі бір әрекетте жетістікке жетуін қамтамасыз ететін таланттығы құрайды. Баланың таланттығы әрекет нәтижесінің жаңалығы мен ерекшелігінен және басқа да көрсеткіштерінен, сонымен қатар бір әрекетке деген қабілеттілігінен көрінеді. Мәселен бір баланың шет тілін меңгеруге, екіншісінің музыкаға, үшіншісінің математикаға қабілеттілігін байқауға болады. Бірақ сол қабілеттілік сыртқы ортада жағымды жағдай жасалғанда ғана талантқа айналады. Осы мәселені зерттеген психолог Н.Лейтес өз еңбегінде көптеген мысалдар келтіреді. Мысалы, кибернетиканың негізін қалаған Н.Винер 12 жасында университетке түсіп, 14 жасында бірінші ғылыми дәрежесін алса, А.С.Грибоедов 11 жасында Москва университетіне түсіп, 15 жасында философия факультетінің сөздік және заңгерлік екі бөлімін бітірген.

Педагогикалық ауытқу – мұндай ұғым әзірше педагогика мен әлеуметтік педагогикада сирек қолданылғанымен, педагогикалық әрекетте педагогикалық мақсатты жүзеге асыруда негізге алатын түрлі нормалар бар. Бірінше кезекте білім деңгейін анықтайтын білім беру стандарттары, сонан кейін білім алуда және басқа да әрекеттерде жоғары деңгейлерге жетуді қамтамасыз ететін баланың жеке дамуы.

Елімізде қабылданған білім стандарттарына сәйкес әр бала 9 немесе 11 сыныпты аяқтауға міндетті. Бірақ, өкінішке орай, түрлі себептерге байланысты көптеген балалар білім ала алмай қалып жатыр. Бұны педагогикалық ауытқу деп атайды. Сабаққа бармағандықтан үлгермеушілер қатарына түскен балалар мектепке барғысы келмесе, үйіндегі әлеуметтік нашар жағдайға байланысты кейбір бала сабаққа барғанның орнына көшеге ақша табу үшін жұмысқа шығып кетеді, ал, тағы біреулері экологиялық және әлеуметтік катаклизмаға байланысты ата-аналарын жоғалтуы салдарынан сабаққа бара алмайды.

Қазіргі таңда мектепке барғанның орнына қайыр сұраумен айналысатын балалардың саны көбеюде. Білім алудағы көптеген қиындықтар баланың физиологиялық және психикалық саулығына байланысты. Мұндай балалар үшін арнаулы мектептер болғанымен, оның білім алуы келесі факторларға байланысты:

- баланың тұрған жерінің ауыл немесе қала болуы;

- баланың отбасындағы ата-анасының оның білім алуын құптауы немесе құптамауына байланысты. Мәселен, дұрыс отбасы болса баласының білім алуын құптайды, оған жағдай жасайды, мамандарға көрсетеді т.б., ал жағымсыз отбасында (алқаштар, БОМЖ- тұрғылықты тұратын жері жоқ отбасылары) баласының мәселесімен айналыспайды;

- босқындар мен оралмандар отбасының сол елге келгенде орналасуына байланысты (құжаттың болмауы, тұратын үйдің болмауы, тіл білмеуі, қаражаттың болмауы т.б.).

Денсаулығы нашар кейбір балаларды үйлерінде оқытады, бірақ бұндай жағдайда негізгі деген сабақтар өткізіліп, мемлекеттік стандартта бар музыка, еңбек, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі сияқты сабақтар өткізілмейді. Мектепте ұжымда оқымағандықтан, мұндай балалар қоғамдық ортада өзін қалай ұстау керек екенін білмейді, сондықтан оның өмірінде сыртқы ортаға бейімделуге байланысты қиындықтар туады.

Түрмеде отырған немесе инвалид балаларға кәсіптік бағдар беру жұмысының маңызы зор. Көптеген балалар отбасындағы жағдайлар мен әлеуметтік тәжірибенің жоқтығына байланысты кәсіптік бағдар берудің маңызын түсіне алмайды. Сондықтан бұларға мамандардың әлеуметтік-педагогикалық көмегі қажет. Әлеуметтік ауытқу «әлеуметтік норма» ұғымымен тығыз байланысты.

Әлеуметтік норма - қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қалыптасқан ережені адамдардың немесе әлеуметтік топтардың орындауы.

Қоғам қабылдаған жалпыға бірдей ережеден ауытқу тенденциясының тарихи даму жолы бар. Ол өте ерте заманда белгілі болған. Өзін-өзі сақтауға талпынған қоғам адамдар арасындағы қарым-қатынасқа түрлі әлеуметтік шектеулер қойып отырды. Қоғам дамуына байланысты адамдардың құқықтық, адамгершілік қарым-қатынастары да күрделеніп, өзгеріп, қалыптасып тұрды. Әлеуметтік ауытқудың пайда болуы адамдардың қоғамдағы әлеуметтік орнына, әрекеттегі әлеуметтік роліне, құндылық критерийлері мен басқа факторларға байланысты болуы мүмкін.

Әлеуметтік нормалар **әмбебап және жеке** болып үлкен екі топқа бөлінеді.

Әмбебап – қоғамдағы әрбір адамға тиісті, **жеке** – нақты адамдардың кәсіптік әрекеттері мен өміріне тиісті нормалар. Мысалы, дәрігер, әлеуметтік педагог, дос, бауыр т.б. Әлеуметтік нормалар тұрақты қоғамдық өмірді қамтамасыз ететін нормативтік реттеу жүйесінің элементтері (мораль, құқық, дәстүр). Әлеуметтік нормаларды басқа да белгілеріне қарай құқықтық, моральдық, саяси, діни деп те бөлуге болады. Әлеуметтік нормаларды орындау сыртқы талапты адамды әлеуметтендіру негізінде оның әдетіне айналдыру арқылы немесе қабылданған әлеуметтік нормалардан ауытқыған адамдарға құқықтық санкция қолдану арқылы орындалады.

Әлеуметтік норма тәрбие факторы ретінде балалар үшін өте маңызды, себебі, тәрбие үрдісі барысында балалар әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды, әлеуметтік рольдер мен әлеуметтік тәжірибені меңгеріп, әлеуметтік ортаға енеді. Мұнда тәрбиенің басқару функциясына зор мән беріледі. Өйткені, ол басқару мен қатар әрекеттерді ұйымдастыра отырып, балалардың санасына және олардың тәртібінің қалыптасуына әсер етеді.

Әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде тәртібінде ауытқуы бар балалар жөнінде айтылған. Оның түрлеріне балалар алкоголизмі, токсикомандар, нашақорлық, жезөкшелік, қайыршылық, құқық бұзушылық, жауыздық, өз бетінше қаңғырушылық жатады. Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді бұндай балаларды «қиын», «қиын тәрбиеленуші», «девиантты емес, әлеуметті тәртіпті бала» т.б. деген ұғым қолданылады. Бұл ұғымдардың өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан көптеген ғалымдар бұндай балалардың тәртібінің қоғамда қабылданған нормалар мен ережелерге сай келмейтіні жөнінде бірауыздан айтып отыр.

Балалар өміріндегі ауытқулар жасөспірім шақтағы өтпелі кезеңге, қоғамдағы әлеуметтік орнының белгісіздігіне, аяқ астынан пайда болған қиын жағдайлардан өз бетінше шығудың жолдарын таба алмағандықтан болады. Бұндай балаларға көмектесу үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер ұйымдасытырылады. Қоғамға қауіпті заң бұзған 11 толмаған балалар психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық комиссияның шешімімен арнаулы мектептер мен арнаулы кәсіптік оқу орындарына жіберіледі. Әлеуметтік дамуында ауытқуы бар балалардың ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды бөліп қарастыру керек. Бұған «әлеуметтік жетім» балалар деген, биологиялық ата-анасы бар, бірақ белгілі себептерге байланысты олармен бірге тұрмайтын балалар жатады. Қазіргі кезде жетім балаларға арналған арнаулы әлеуметтік оқу орындары мен мекемелер: балалар үйі, мектеп-интернаттар, балаларға көмек көрсететін әлеуметтік-реабилитациялық орталықтар, әлеуметтік қамқорлық үйлері бар.

Сонымен, қорыта келе ауытқулардың түрлеріне қайта тоқтала кетейік. Олар: **физиологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік** ауытқулар болып бөлінеді.

Физиологиялық: ауру, көру, есту органдары мен аяқ-қолдарының ауруға ұшырауы.

Психологиялық: психикалық дамудың артта қалуы, ақыл-ойы дамуының артта қалуы, тіліндегі мүкістік, эмоциялық-еріктік аумақтың бұзылуы, талаттық.

Педагогикалық: жалпы білім алу мен кәсіптік білім алудан ауытқу.

Әлеуметтік: жетімдік, балалар алкоголизмі, токсикомандар, нашақорлық, жезөкшелік, қайыршылық, құқық бұзушылық, жауыздық, өз бетінше қаңғырушылық.

Өз бетімен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Маңғыстау өңіріндегі әлеуметтік мекемелер мен балалар үйінің жұмыс мазмұнымен танысу

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
2. Бочарова В.Г. Педагогика социальной работы, Москва, 1999 г.
3. Мудрик А.В. Социализация человека, Москва, 2004 г.

4. Осорина М.В. Секретный мир детей в пространстве мира взрослых, Москва, 2000 г.
5. Андреева И.Н. Реабилитационные социально-педагогические технологии, Москва, 1996 г.

Өзін-өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. «Әлеуметтік педагогика» терминін қай ғасырда пайда болды?
 - А) XIX ғасырдың ортасында
 - Б) X аяғы
 - С) XX ғасырдың ортасы
 - Д) XI ғасырдың аяғы
 - Е) XII басы
2. Әлеуметтік педагогиканы енгізген педагог?
 - А) А.Дистерверг
 - Б) Карл Макс
 - С) С.Т.Щацкий
 - Д) П.Наторп
 - Е) И.И.Андреев
3. «Мектеп пен өмірді және әлеуметтік ортамен байланыстыру негізінде жүзеге асырылып отырады» деген идеяны ұсынған кім?
 - А) Карл Магер
 - Б) Карл Макс
 - С) С.Т.Щацкий
 - Д) П.Наторп
 - Е) И.И.Андреев
4. Адамдар, топтар, ұжымдар арасындағы әлеуметтік қарым қатынас заңдылықтары мен іс - әрекет барысындағы мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеумен айналысатын ғылым?
 - А) Педагогика
 - Б) Психология
 - С) Философия
 - Д) Әлеуметтік педагогика
 - Е) Салыстырмалы психология
5. П.Наторптың негізгі педагогикалық еңбегі
 - А) «Әлеуметтік психология»
 - Б) «Психология»
 - С) «Философия»
 - Д) «Әлеуметтік педагогика»
 - Е) «Салыстырмалы психология»
6. П.Наторптың негізгі педагогикалық еңбегі «Әлеуметтік педагогика» қай жылы жарық көрді.
 - А) 1898
 - Б) 1896
 - С) 1856

Д) 1897

Е) 1906

7. Әлеуметтік педагогиканың ғылым ретінде негізгі түсініктері?

А) Әлеуметтік педагогика, әлеуметтік психология, педагогикаға

Б) Әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік жұмыстар, әлеуметтік жәрдем, әлеуметтік тәжірибе, әлеуметтік заңдар, әлеуметтік қарым - қатынас, әлеуметтік институт

С) Қоршаған орта, тәрбие

Д) Психологиялық ауытқулар

Е) Қызмет түрлері

8. Әлеуметтік тәрбие -

А) адам мен адамның қайырымдылық қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс - әрекет құбылысы.

Б) бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші.

С) әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуды айтады

Д) бұл «адам – адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер тарапынан жүргізілетін жұмыс мазмұны.

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды.

9. **Әлеуметтік жұмыстар -**

А) адам мен адамның қайырымдылық қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс - әрекет құбылысы.

Б) бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші.

С) әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуды айтады

Д) бұл «адам – адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер тарапынан жүргізілетін жұмыс мазмұны.

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды.

10. **Әлеуметтік жәрдем -**

А) адам мен адамның қайырымдылық қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс - әрекет құбылысы.

Б) бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші.+

С) әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуды айтады

Д) бұл «адам – адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер тарапынан жүргізілетін жұмыс мазмұны.

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды.

11. Әлеуметтік тәжірибе -

А) адам мен адамның қайырымдылық қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс - әрекет құбылысы.

Б) бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші.

С) әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуды айтады.

Д) бұл «адам – адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер тарапынан жүргізілетін жұмыс мазмұны.

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды.

12. Әлеуметтік заңдар

А) әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуды айтады

Б) бұл «адам – адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер тарапынан жүргізілетін жұмыс мазмұны.

С) адам мен адамның қайырымдылық қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс - әрекет құбылысы.

Д) бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші.

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды

13. Әлеуметтік әрекет ұғымын енгізген?

А) Карл Магер

Б) М.Вебер

С) С.Т.Щацкий

Д) П.Наторп

Е) И.И.Андреев

14. Әлеуметтік байланыс –

А) нақты уақыт пен орны бар индивид пен топтың арасындағы қарым – қатынас байланысы.

Б) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды

С) әлеуметтік бағытты таңдаған маман өзінен жәрдем күткен адамдар мен топтар жөнінде қажетті білімді жеткілікті игеріп, туындаған проблемаларды шешуде жоғары біліктілік танытуды айтады

Д) бұл қоғамның жоғары мәдениеті мен өркениеттілігінің көрсеткіші.

Е) адам мен адамның қайырымдылық қажеттілігінен туындаған әлеуметтік іс - әрекет құбылысы.

15. Белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында құрылған, қоғамдық қатынастардың белгілі саласын реттейтін мөлшерлер мен мекемелердің жиынтығы

- А) Әлеуметтік институт
- Б) Әлеуметтік жүйе
- С) Әлеуметтік байланыс
- Д) Әлеуметтік қызмет
- Е) Әлеуметтік әрекет

16. Субъектінің (қоғам, класс, топ, жеке тұлға) әлеуметтік қоғамдық ұйымдармен әр түрлі деңгейде және аумақта, алға қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшін орындалатын әрекеті.

- А) Әлеуметтік институт
- Б) Әлеуметтік жүйе
- С) Әлеуметтік байланыс
- Д) Әлеуметтік қызмет
- Е) Әлеуметтік әрекет

17. Нақты уақыт пен орны бар индивид пен топтың арасындағы қарым – қатынас байланысы.

- А) Әлеуметтік институт
- Б) Әлеуметтік жүйе
- С) Әлеуметтік байланыс
- Д) Әлеуметтік қызмет
- Е) Әлеуметтік әрекет

18. Бір-бірімен байланыста және қатынаста болатын, жеке бөліктерден тұратын бірыңғай, әлдебір әлеуметтік объектіні құратын әлеуметтік құбылыстар мен үрдістердің тұтастық жиынтығы

- А) Әлеуметтік институт
- Б) **Әлеуметтік жүйе**
- С) Әлеуметтік байланыс
- Д) Әлеуметтік қызмет
- Е) Әлеуметтік әрекет

19. И.Б.Базедовтың филантропиялық пікірінің әлеуметтік маңыздылығына алғашқылардың бірі болып баға берген ғалым?

- А) Карл Магер
- Б) М.Вебер
- С) С.Т.Щацкий
- Д) П.Наторп
- Е) Э.Кант

20. «Антропология с прагматической точки зрения» атты еңбегінде әлеуметтік педагогиканың маңызды мәселелеріне тоқтала отырып, «...тәрбиенің негізгі міндеті - әлеуметтік тәртіпке тәрбиелеу, дағдыны игеру, мәдениетке баулу, моральдық тәрбие беру», - деп есептеген ғалым?

- А) Карл Магер
- Б) М.Вебер
- С) С.Т.Щацкий

Д) П.Наторп

Е) Э.Кант

21. «Адамның адамдығы тәрбиеге байланысты, себебі тұлға қоршаған ортамен өзара әрекеттескенде қалыптасады, ал тәрбие арқылы ол мәдениетке, социумға белсенді араласады», - деп есептеген ғалым?

А) Карл Магер

Б) М.Вебер

С) С.Т.Щацкий

Д) П.Наторп

Е) Г.Гегель

22. Тәрбиені ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасты жалғастырушы ретінде қарастырған ғалым?

А) Карл Магер

Б) Ф. Шлейермахер

С) С.Т.Щацкий

Д) П.Наторп

Е) Г.Гегель

23. Әйгілі «Адамды тәрбиелеу» атты педагогикалық еңбектің авторы?

А) Карл Магер

Б) Ф.Фребель

С) С.Т.Щацкий

Д) П.Наторп

Е) Г.Гегель

24. Топтың немесе жеке адамның қоғамдағы мінез – құлық нормаларына сай келмей, оны бұзуылуы

А) Дарынды

Б) Ауытқу

С) Күресу

Д) Қарым қатынас бұзылуы

Е) Қамқорлық

25. «Ауытқу» топтарына жататындар -

А) гениилер, бұзақылар, діндарлар, қоғамнан шеттелген адамдар т.б. +

Б) Дарынды, тентек, молдалар

С) Үлкен және шағын топтар

Д) Мұғалім, дәрігерлер

Е) Молда, балгерлер

26. Девианттық мінез-құлық жөніндегі алғашқы ғылыми көзқарас қай ғалымның атымен байланысты?

А) Карл Магер

Б) Ф.Фребель

С) С.Т.Щацкий

Д) Эмиль Дюрнгейм

Е) Г.Гегель

27. Эмиль Дюрнгеймнің өмір сүру жылдары?

А) (1858-1917)

- Б) (1857-1912)
- С) (1857-1917)
- Д) (1853-1910)
- Е) (1800-1927)

28. «Әлеуметтік аномия» түсінігін енгізген ғалым?

- А) Карл Магер
- Б) Ф.Фребель
- С) С.Т.Щацкий
- Д) Эмиль Дюркгейм
- Е) Г.Гегель

29. Ескі мінез – құлық нормалары мен құндылықтардың нақты қарым – қатынасқа сай болмауын, ал жананың әлі қабылданбауын

- А) «Әлеуметтік аномия»
- Б) «Әлеуметтік анатомия»
- С) «Әлеуметтік тәрбие»
- Д) «Әлеуметтік педагогика»
- Е) «Әлеуметтік байцланыс»

30. Девианттық мінез – құлық жөніндегі теорияның жеке ғылым ретінде пайда болуы қай ғалымдардың атымен байланысты?

- А) Р.Мертон мен А.Коэннің
- Б) Карл Магер, Фребельдің
- С) Эмиль Дюркгеймнің
- Д) Г.Гегельдің
- Е) К.Маркстің

31. Әлеуметтік ауытқу – объективтік құбылыс емес, субъективтік белгі деген ғалым?

- А) Д.Уоми
- Б) Карл Магер,
- С) Эмиль
- Д) Г.Гегель
- Е) К.Маркс

32. Ауытқу дегеніміз - «адамның мінез –құлқындағы ауытқу» дегеніміз – қоғам нормалары мен типтеріне сай келмейтін норманың бұзылуын айтады деп толық анықтама берген ғалым?

- А) Г.А.Авенесов
- Б) Карл Магер,
- С) Эмиль
- Д) Г.Гегель
- Е) К.Маркс

33. Берклии қаласындағы калифорния университетінің профессоры Нейл Джозеф Смелзер девияцияға неше құрамдас бөлігін алып қарастырған?

- А) 5
- Б) 4
- С) 3

Д) 2

Е) 1

34. Нейл Джозеф Смелзердің девияцияға берген 3 құрамдас бөлігін көрсетіңіз?

А) белгілі бір мінез- құлық тән адам; девианттық мінез-құлықты анықтайтын нормалар немесе белгілер; аталған мінез-құлық әсер ететін топтар немесе ұйымдар

Б) үлкен топтар , шағын топтар, кіші топтар

С) секталар, вахаббистер,

Д) антифашистер

Е) қарапайым шаруалар

35. Логотерапия негізін жасаған австриялық психолог –

А)теоретик Виктор Франкл

Б) Карл Магер,

С) Эмиль

Д) Г.Гегель

Е) К.Маркс

36. Шет елде қай ғасырда әлеуметтік жұмыс кәсіптік әрекет ретінде қалыптаса бастады?

А) ХХІ ғасырдың басында

Б) ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында

С)) ХХ ғасырдың аяғы

Д) Х ғасырдың басы

Е) ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында

37.Қайырымдылық істердің пайда болуы мен дамуын салыстыра отырып, кәсіптік әлеуметтік жұмыстың қашан пайда болғанын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс.

А) тарихи әдіс

Б) салыстырмалы әдіс

С) жүйелі талдау әдісі

Д) талдау әдісі

Е) Бейнелеу әдісі

38. Салыстыратын объектілерді бөліп қарауға мүмкіндік беретін әдіс.

А) тарихи әдіс

Б) салыстырмалы әдіс

С) жүйелі талдау әдісі

Д) талдау әдісі

Е) Бейнелеу әдісі

39. Шет елдік әлеуметтік жұмыспен бір тұтас жүйе ретінде (объектің,субъектің,мазмұнын,құралдарын, басқаруын, функциялары мен мақсатын) танысуға мүмкіндік беретін әдіс

А) тарихи әдіс

Б) салыстырмалы әдіс

С) жүйелі талдау әдісі

Д) талдау әдісі

Е) Бейнелеу әдісі

40. Тарихи әдіс -

А) Қайырымдылық істердің пайда болуы мен дамуын салыстыра отырып, кәсіптік әлеуметтік жұмыстың қашан пайда болғанын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс.

Б) Салыстыратын объектілерді бөліп қарауға мүмкіндік беретін әдіс.

С) Шет елдік әлеуметтік жұмыспен бір тұтас жүйе ретінде (объектің, субъектің, мазмұнын, құралдарын, басқаруын, функциялары мен мақсатын) танысуға мүмкіндік беретін әдіс

Д) Ескі мінез – құлық нормалары мен құндылықтардың нақты қарым – қатынасқа сай болмауын, ал жаңаның әлі қабылданбауы

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды

41. Салыстырмалы әдіс -

А) Қайырымдылық істердің пайда болуы мен дамуын салыстыра отырып, кәсіптік әлеуметтік жұмыстың қашан пайда болғанын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс.

Б) Салыстыратын объектілерді бөліп қарауға мүмкіндік беретін әдіс.

С) Шет елдік әлеуметтік жұмыспен бір тұтас жүйе ретінде (объектің, субъектің, мазмұнын, құралдарын, басқаруын, функциялары мен мақсатын) танысуға мүмкіндік беретін әдіс

Д) Ескі мінез – құлық нормалары мен құндылықтардың нақты қарым – қатынасқа сай болмауын, ал жаңаның әлі қабылданбауы

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды

42. Жүйелі талдау әдісі -

А) Қайырымдылық істердің пайда болуы мен дамуын салыстыра отырып, кәсіптік әлеуметтік жұмыстың қашан пайда болғанын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс.

Б) Салыстыратын объектілерді бөліп қарауға мүмкіндік беретін әдіс.

С) Шет елдік әлеуметтік жұмыспен бір тұтас жүйе ретінде (объектің, субъектің, мазмұнын, құралдарын, басқаруын, функциялары мен мақсатын) танысуға мүмкіндік беретін әдіс

Д) Ескі мінез – құлық нормалары мен құндылықтардың нақты қарым – қатынасқа сай болмауын, ал жаңаның әлі қабылданбауы

Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды

43. Квинтилиянның еңбектері

А) «Ұл баланы үйде тәрбиелеу»

Б) «Адамгершілік қасиеті туралы ойлар»

С) «Мінез – құлық қасиеттері »

Д) «Ауытқу»

Е) «Педагогикалық білім беру туралы»

44. Көптеген әлеуметтік зерттелушілердің үлкен көзқарастарын көрсетуші және жалғастырушылар

- А) Э. Дюркгейм мен Т.Парсонс
- Б) Виктор Франкл мен Карл Магер
- С) Эмиль мен Г.Гегель
- Д) К.Маркс пен Карл Магер,
- Е) Карл Магер

45. Әлеуметтену –

- А) бұл процестегі ең басты ролді және күткен қылықтарын, жанұя қарым - қатынасы мен қоғам, және де басқа адамдармен қарым – қатынасты жасауды дамыту
- Б) Салыстыратын объектілерді бөліп қарауға мүмкіндік беретін әдіс.
- С) Шет елдік әлеуметтік жұмыспен бір тұтас жүйе ретінде (объектің, субъектің, мазмұнын, құралдарын, басқаруын, функциялары мен мақсатын) танысуға мүмкіндік беретін әдіс
- Д) Ескі мінез – құлық нормалары мен құндылықтардың нақты қарым – қатынасқа сай болмауын, ал жаңаның әлі қабылданбауы
- Е) әр түрлі индивидтер мен әлеуметтік ұйымдардың әлеуметтік қызмет барысындағы қарым – қатынасты анықтайды

46. Даму бағыты интеракционизмдік символдарды атын алуда әлеуметтік психологтардың «тұлғааралық әрекеттер» деп ортақ пікірлер айтқан ғалымдар

- А) Э. Дюркгейм мен Т.Парсонс
- Б) Виктор Франкл мен Карл Магер
- С) Джорд Герберт Мид
- Д) К.Маркс пен Карл Магер
- Е) Карл Магер

47. Адамды әлеуметтік субъект болып табылуды үйретті, жинақталған концепциялардың негізінде социологиялық арнада объект – субъектік қатынаста болғандығын айтқан ғалымдар

- А) Э. Дюркгейм мен Т.Парсонс
- Б) Виктор Франкл мен Карл Магер
- С) Джорд Герберт Мид
- Д) К.Маркс пен Карл Магер
- Е) У.Х.Кули, У.И.Томаса және Дж Г.Мида

48. Әлеуметтік процесті қарастырып, белсенді бастама қоғамға қажетті және бұл әлеуметтік субъект болып табылады деген ғалым

- А) Эмиль Дюркгейм
- Б) Виктор Франкл
- С) К.Маркс
- Д) Карл Магер
- Е) Т.Парсонс

49. Әлеуметті «интеграциялық қоғамдық мәдениет», бала дүниеге келген кездегідей қарайды, «реквизитаны, бағдарлауда қанағаттандыруда функциональдық ролін игеру керек» деп анықтаған ғалым

- А) Эмиль Дюркгейм

- Б) Виктор Франкл
- С) К.Маркс
- Д) Карл Магер
- Е) Т.Парсонс

50. Әлеуметтік педагогика халықтың мәдени деңгейін көтеру мақсатында қоғамның тәрбие күшінің бірлігі мәселесін зерттеген ғалым

- А) Пауль Наторп
- Б) Виктор Франкл
- С) К.Маркс
- Д) Карл Магер
- Е) Т.Парсонс

51. Қай жылдары «әлеуметтік педагогика буржуазиялық педагогиканың бір бағыты ретінде әлеуметтік – педагогикалық мәселелердің шегін зерттеумен айналысады», - делінген.

- А) 1968
- Б) 1967
- С) 1962
- Д) 1956
- Е) 1987

52. Мінез-құлықтағы ауытқу қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы теңсіздікке байланысты (байлар мен кедейлер) деген кімнің көзқарасы?

- А) Пауль Наторптың көзқарасы
- Б) Я.И. Глинцкийдің көзқарасы
- С) К.Маркстің көзқарасы
- Д) Карл Магердің көзқарасы
- Е) Т.Парсонстың көзқарасы

53. Ауытқудың түрлері:

- А) Психикалық, әлеуметтік
- Б) Жындылық
- С) Есуастық
- Д) Қумалық
- Е) Топастық

54. Әлеуметтік нормалардың түрлері

- А) Әмбебап, физиологиялық
- Б) Әмбебап, жеке
- С) Әмбебап, топтық
- Д) Әмбебап, сыныптық
- Е) Әмбебап, әлеуметтік

Пайдаланган әдебиеттер тізімі

1. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
2. Басов Н.Ф. История социальной педагогики, Москва, 2007 г.
3. Усманов Ә.Ә., Сәрсенбаева М.Б. Педагогика, Алматы, 2005 ж.
4. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология, Алматы, 2005 ж.
5. Мудрик А.В. Социализация человека, Москва, 2004 г.
6. Войскунский А.Е. Гуманитарные исследования в Интернете Москва, 2000 г.
7. Кон И.С. Ребенок и общество, Москва, 2003 г.
8. Халитова І. Әлеуметтік педагогика, Алматы, 2007 ж.
9. Андреева Г.М. Социальная психология, Москва, 2004 г.
10. Гидденс Э. Социология, Москва, 1999 г.
11. Смелзер Н. Социология, Москва, 1994 г.
12. Самыгин С.И., Перов Г.О. Социология 100 экзаменационных ответов, Москва, 2004 г.
13. Андреева И.Н. Антология по истории и теории социальной педагогики, Москва, 2000 г.
14. Бочарова В.Г. Педагогика социальной работы, Москва, 1999 г.
15. Осорина М.В. Секретный мир детей в пространстве мира взрослых, Москва, 2000 г.
16. Азаров Ю.П. Искусство воспитать, Москва, 1985 г.
17. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика, Санкт-Петербург, 2001 г.
18. Юркевич В. Иллюзии. Реальность, // Семья и школа, 1996, №8.
19. Сонин М.Я. и др. Пожилой человек в семье и обществе, Москва, 1984 г.
20. Семейное воспитание. Краткий словарь, Москва, 1990 г.
21. Загвязинский В.И. Методология и методика социально-педагогического исследования, Москва, 1995 г.
22. Вулфов В.З. Социальный педагог в системе общественного воспитания // Педагогика, 1992, №5-6.
23. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику, Москва, 1997 г.
24. Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері, Алматы, 2006 ж.
25. Иващенко Г.М. Социальная реабилитация детей и подростков в специальных учреждениях, Москва, 1996 г.

ҚОСЫМША А

Рет саны	Дұрыс жауап	Рет саны	Дұрыс жауап
1	А	31	А
2	А	32	А
3	С	33	С
4	Д	34	А
5	Д	35	А
6	Б	36	Е
7	Б	37	А
8	Д	38	Б
9	А	39	С
10	Б	40	А
11	С	41	Б
12	Е	42	С
13	В	43	А
14	А	44	А
15	А	45	А
16	Д	46	С
17	С	47	Е
18	Б	48	А
19	Е	49	Е
20	Е	50	А
21	Е	51	А
22	Б	52	Б
23	Б	53	А
24	Б	54	Б
25	А		
26	Д		
27	А		
28	Д		
29	А		
30	А		

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 79 бет 6,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.